

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh National Pedagogical University after Abai

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

**«Бастауыш мектеп және дене мәдениеті» сериясы
Серия «Начальная школа и физическая культура»
Series of «Elementary school and physical culture»
№4 (47) 2015**

Алматы, 2015

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті

ХАБАРШЫ

«Бастауыш мектеп және
дене мәдениеті» сериясы
№4 (47), 2015

2001 ж. бастап шығады.
Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір

Бас редактор
п.ғ.д., проф. Қ.І. АДАМБЕКОВ

Бас редактордың орынбасары:
п.ғ.д., проф. А.Н. Ильясова

Ғылыми редакторлар:
п.ғ.д., проф. Г.А. Уманов,
м.ғ.д., проф. Ш.А. Балғымбеков

Редакция алқасы:
б.ғ.д., проф. К.Милашюс
(Вильнюс, Литва),
PhD Сивек Зденек (Прага, Чехия),
п.ғ.д., проф. Вилкас Аудронис
(Вильнюс, Литва),
п.ғ.к., проф. В.И. Шукан
(Минск, Белоруссия),
п.ғ.к., проф. В.И. Варюшин
(Москва, Ресей),
п.ғ.д., проф. Ю.С. Мануйлов
(Нижний Новгород, Ресей),
п.ғ.д., проф. С.И. Қасымбекова,
п.ғ.д., проф. Т.А. Ботагариев,
п.ғ.д., проф. Р.К. Бекмагамбетова
(жауапты хатшы)

© Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті, 2015

Қазақстан Республикасының
мәдениет және ақпарат
министрлігінде 2009 жылы мамырдың
8-де тіркелген №10106-Ж

Басуға 15.01.2016 қол қойылды.
Пішімі 60x84 ¹/₈. Көлемі 16 е.б.т.
Таралымы 300 дана.
Тапсырыс 2.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

М а з м ұ н ы С о д е р ж а н и е

Қ.І. Адамбеков, А.Б. Тулегенов. Қостанай өңіріндегі қазақ күресінің дамуына шолу.....	5
А.Н. Ильясова, Д.Д. Федорцов. Формирование координационных способностей школьников начальных классов.....	9
Қ.М. Меңдаяқова, А.Е. Ердаулетова. Англиядағы мектепке дейінгі білім берудің тарихи дамуы.....	13
С.Н. Жиенбаева, Н.Ақбердиева. Мектепке дейінгі балалардың жетекші қолын анықтау тәсілдері.....	16
А.Н. Ильясова, Д.Д. Федорцов. Формирование мотивации занятиями физической культурой школьников начальных классов.....	21
Қ.Аймағанбетова, М.Б. Утелова. Мектеп жасына дейінгі балалардың қоршаған ортамен таныстыру арқылы тұлғалық сапаларын қалыптастырудың ерекшелігі.....	24
Қ.М. Меңдаяхова, Н.С. Утебекова. Мектепке дейінгі балалардың дамуындағы М.Монтессори технологиясының мәні.....	31
Э.К. Ахметова, Р.Т. Цугланов. Особенности питания спортсменов, занимающихся единоборствами.....	34
Т.А. Левченко, Ж.А. Бисембаева. Взаимодействие дошкольной организации и семьи в формировании чувственного опыта детей 2-3 лет.....	40
К.И. Адамбеков, Д.Е. Жаменкеев. Техничко-тактическая подготовка футбольных вратарей.....	44
К.А. Абд্রেимова, А.Құттымұрат. Конфуцийдің көзқарасындағы ізгілік идеялары.....	48
А.С. Тотанова. К вопросу о содержании элективного курса «Социально-педагогическое образование».....	52

Казахский национальный
педагогический
университет имени Абая

ВЕСТНИК
Серия «Начальная школа и
физическая культура»
№4 (47), 2015

Выходит с 2001 года.
Периодичность – 4 номера в год

Главный редактор
д.п.н., проф. К.И. АДАМБЕКОВ

Зам. главного редактора:
д.п.н., проф. А.Н. Ильясова

Научные редактора:
д.п.н., проф. Г.А. Уманов,
д.м.н., проф. Ш.А. Балгимбеков

Редакционная коллегия:
д.б.н., проф. К.Милашюс
(Вильнюс, Литва),
PhD Сивек Зденек (Прага, Чехия),
д.п.н., проф. Вилкас Аудронис
(Вильнюс, Литва),
к.п.н., проф. В.И. Шукан
(Минск, Белоруссия),
к.п.н., проф. В.И. Варюшин
(Москва, Россия),
д.п.н., проф. Ю.С. Мануйлов
(Нижний Новгород, Россия),
д.п.н., проф. С.И. Касымбекова,
д.п.н., проф. Т.А. Ботагариев,
д.п.н., проф. Р.К. Бекмагамбетова
(ответ. секретарь)

© **Казахский национальный**
педагогический университет
имени Абая, 2015

Зарегистрировано
в Министерстве культуры и
информации Республики Казахстан
8 мая 2009 г. №10106-Ж

Подписано в печать 15.01.2016.
Формат 60x84 ¹/₈.
Объем 16 уч.-изд.л.
Тираж 300 экз. Заказ. 2

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»
Казахского национального
педагогического
университета имени Абая

А.А. Цой. Полиязычие и фреймовый подход в обучении русскому языку как неродному в вузе.....	58
К.Т. Жаманкулова. Пиктографиялық жазуунун бакшы булагы – эң байыркы искусство.....	62
К.Т. Жаманкулова. Кыргыз эн тамгалары – орхон-енисей жазуусунун негизи.....	65
А.С. Калиев. Улуттар аралык мамилелерди саясий өнүттө изилдөөчүлөр.....	68
А.С. Калиев. Улуттар аралык мамилелердеги этностук теориялар.....	71
Омер Фарух Унал. Окуучулардын математикалык ой жүгүртүүсүн өстүрүүнүн психологиялык-педагогикалык негиздери.....	74
Мехмет Али. Математика сабагындагы окуучулардын таанып билүү ишмердүүлүгүн активдештирүү каражаты катары маалыматтык – коммуникациялык технологияларды колдонуу.....	77
Кожа Эрхан. Математика сабагында окуучулардын изилдөө жөндөмдүүлүгүн өркүндөтүү.....	81
Т.Т. Ережепов. Восстановительные и психотерапевтические методы спортсменов.....	85
Э.К. Ахметова, А.Ж. Серіков. Жоғары дәрежелі спортшылардың оқу-жаттығу кезіндегі процессін бақылау.....	88
Э.К. Ахметова, Ж.Т. Баякеев. Спорт мектептерінде спортшы ізбасарларды дайындаудың ғылыми-педагогикалық негіздері.....	91
Э.К. Ахметова, Ж.Т. Баякеев. Қазақ күресінің даму тарихы.....	95
Э.К. Ахметова, А.Ж. Серіков. Грек-рим күресінің даму кезеңдері.....	99

**The Kazakh national pedagogical
university Abay**

BULLETIN
**Series "Elementary school and
physical culture"**
No. 4 (47), 2015

Leaves since 2001.
Frequency – 4 numbers a year

Editor-in-chief
d.p.s., prof. K.I. ADAMBEKOV

Deputy chief editor:
d.p.s., prof. A.N. Ilyasova

Scientific editors:
d.p.s., prof. G.A. Umanov,
d.m.s., prof. Sh.A. Balgimbekov

Editorial board:
d.b.s., prof. K.Milashyus
(Vilnius, Lithuania),
PhD Sivek Zdenek (Prague, Czech
Republic),
d.p.s., prof. Vilkas Audronis (Vilnius,
Lithuania),
k.p.s., prof. V.I. Shukan
(Minsk, Belarus),
k.p.s., prof. V.I. Varyushin
(Moscow, Russia),
d.p.s., prof. Yu.S. Manuylov (Nizhny
Novgorod, Russia),
d.p.s., prof. S.I. Kasymbekov,
d.p.s., prof. T.A. Botagariyev,
d.p.s., prof. R.K. Bekmagambetova
(answer. secretary)

© **The Kazakh national
pedagogical university
Abay, 2015**

It is registered
in the Ministry of Culture and information of
the Republic of Kazakhstan
On May 8, 2009 No. 10106-Zh

It is sent for the press 15.01.2016.
Format 60x84 1/8.
Volume 16
Circulation is 300 pieces. Order 2.

050010, Almaty,
Dostyk Ave., 13. KazNPU after named Abay

Publishing house "Ұлағат"
The Kazakh national pedagogical
university Abay

А.А. Абсатова, У.Б. Керимбекова. Спорт психологының
іс-әрекеті..... 104

Ш.Болатқызы, Қ.Әбдрахман. Жас футболшылардың
дене дайындығын жетілдірудегі спорттық жаттығулардың
маңызы..... 109

Т.Т. Ережепов, С.Бірімқұл. Аралық қатынастар – адам-
ның тұлғалық қасиеттерін дамытуға тигізетін әсері..... 112

А.А. Абсатова, Ж.Айтақынова. Дене мәдениеті және
спорт психологиясының мәселелері..... 116

С.Х. Ерназаров, Ш.Райымбергенов. Бастауыш сынып-
тағы қолданылатын ұлттық қимыл-қозғалыс ойындары..... 121

А.А. Абсатова, Қ.Б. Еген. Ерік-жігер күші және оның
спорттағы маңыздылығы..... 123

И.М. Құрманәлі, А.Қ. Ахметжанова. Қыздарды адамгер-
шілікке тәрбиелеудегі гендерлік әлеуметтендірудің мәсе-
лелері..... 126

Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті Алқасының (2008 жылғы 27 ақпандағы №3) шешімі негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршы журналының «Бастауыш мектеп және дене мәдениеті» сериясын педагогика ғылымдары бойынша диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне енгізілгені туралы хабарлайды.

На основании решения Комитета по контролю в сфере образования и науки (№3 от 27 февраля 2008 г.) Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Начальная школа и физическая культура» внесен в перечень изданий для публикации основных научных результатов диссертаций по педагогическим наукам.

On the basis of the decision of Committee on control in education and sciences (No. 3 of February 27, 2008). The messenger of KAZNPU after Abay, the "Elementary School and Physical Culture" series is brought in the list of editions for the publication of the main scientific results of theses on pedagogical sciences.

ҚОСТАНАЙ ӨңІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ КҮРЕСІНІҢ ДАМУЫНА ШОЛУ

Қ.І.Адамбеков – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы

А.Б.Тулегенов – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2 курс
магистранты

Бұл жұмыста Қостанай өңіріндегі қазақ күресінің дамуы көрсетілген. Күрес сипатына қатысты Қостанай оқушыларының пікірлері, зерттеудің кейбір нәтижелері ұсынылды. Балалардың күреске белсенділігі – жарыстар, қажеттіліктер мен мүдделер, күреске қатысу себептері, күрестің денсаулыққа әсері сынды ойлары және көрсеткіштер көрсетілген. Жас өспірімдер мен ересектерге арналған күрес үйірмелерінің жетістіктері айтылған. Оқушылардың күреске қатысты көрсеткіштері диаграммалар арқылы көрсетілген. Күреспен айналысатын балалардың қызығушылығын арттыруға не істеу керектігі, жарыс алдындағы оқушылардың спортқа деген қызығушылығы көрсетілген. Қостанай өңіріндегі қазақ күресінің негізгі мақсаты – жас өспірімдерді отансүйгіштікке, патриот болуға тәрбиелеу. Қазақ күресіне қатысты әдіс-тәсілдері айқын көрсетілген, сонымен қатар қазақ күресінің кеңінен танылуы мектеп жасындағы балалардан бастау керектігі жайлы сөз қозғалды. Қазақ күресінің назары қазіргі уақытта әлемнің де назарында. Қазақтың ұлттық ойыны – қазақ күресін дәріптеу болашақтың қолында екені жайлы баяндалған.

Түйін сөздер: қазақ күресі, жарыстар, балуандық өнер, балалардың күреске белсенділігі.

Ұлтты өзге жұрттан ерекшелендіріп тұратын күш тарих толқынында жүріп өткен жолындағы жинақтаған салт-дәстүрі, мәдениеті мен өнері, тілі саналады [1].

Қазақ халқы тәуелсіздік алған күннен бастап отаршылдық кесірінен жоғалған, еріксіз өзгертілген ұлттық құндылықтарын қайтадан қалпына келтіру, дамыту жолында үлкен жұмыстар атқаруда [2].

Ұлттық құндылықтарымыздың бірі – қазақтың балуандық өнері. Қазіргі «Қазақ күресі» деген атпен белгілі күрес өнері елімізде жастарды тәрбиелеуде, спорттық және дене шынықтыру саласында маңызды жұмыс атқарып келеді. Бірақ дәстүрлі қазақ күресі тарихи қалыптасқан ұлттық болмысынан алшақтап кетті, себебі қазақ күресіне арналған ереже XX ғасырда Кеңес өкіметі ұсынған идиологияға сәйкес «түрі ұлттық», мазмұны социалистік» болып өзгертілген еді. Соңғы кезде қазақ күресіне самбо және дзю-до күрестері ережелерінде қолданылатын элементтер енгізілді [3].

Монғол, татар, саха, грузин, тәжік, корей, түрік, жапон, т.б. көптеген елдер өздерінің ұлттық күрестерін тарихи қалыптасқан салт-дәстүрлері бойынша өзгеріссіз сақтап, халықтың рухани байлығы ретінде дамытып келеді. Бізге де асыл қазынамызды қайта өмірге әкелетін уақыт жетті [4].

Ел арсында «Балуан» атану үлкен дәреже, абырой болып саналған. Қазақ халқы ақын, сері, әнші, күйші, биші, ұста деген сияқты атақтарды өз өнерлерімен елді мойындатқан адамдарға ғана берген [5].


Қазақ күресінің кең танымалдығы, түрлі қолданбалы дағдыларды қалыптастырудағы оқыту тиімділігі, ішкі ағзалардың физиологиялық өмір сүру қабілетін дамытуды, дене даярлығының сапасы мен дене қабілеттерін қамтып, күш-жігер мен басқа да психологиялық сапаларды тәрбиелеу, денсаулықты нығайту тәсілдерін тәрбиелеу үдерісіне енгізілуі, сауықтыру тиімділігі мен жастардың дене тәрбиесіне көп жағдайда қажеттілігі және олардың күреске қызығушылықтары, осы күрес түрінің орта мектептегі дене тәрбиесі пәні бойынша оқу және сыныптан тыс сабақтар бағдарламасына енгізілуіне ықпал етеді [6].

Қазақ күресінің дамуы Қостанай өңірінде де белең алып келе жатыр десек қателеспейміз. Мектептерде, колледж және жоғары оқу орындарында арнайы курстар ашылып, қазақ күресінің дамуына жол ашып жатыр. Жас өспірімдер мен ересектерге арналған күрес үйірмелері де бар. Қазақ күресінің дамуы, биік белестерге жетуге не керек деген сұрақтар бойынша Қостанай қаласының мектеп оқушыларына сауалнамалар қойылған болатын. № 2 Қостанай қаласының БЖСМ спорт мектебіндегі 1,2,3,4,5,6,7,8,10,11 сыныбының оқушылары сауалнамаға қатысқан болатын.

Сауалнама барысында келесі анықталды:

Күрес сипатына қатысты Қостанай оқушыларының пікірлерін зерттеудің кейбір нәтижелері ұсынылды. Балалардың күреске белсенділігі – жарыстар себептер, қажеттіліктер мен мүдделері, күреске қатысу себептері, күрестің денсаулыққа әсері, сипаттайтын көрсеткіштер бойынша бағаланды.


Оқушылардың күреске жиі қатысу белсенділік диаграммада көрсетілуде (1-ші сурет).



1 сурет. Күреске жиі қатысуы.


Диаграммада балалардың күрес дайындығы жөніндегі негізгі салмақ мектептің өзіне түсетіні көрініп тұр.

Күреске қатысатын диаграммада балалар көбінесе аптасына 5 реттен көп, күн сайын қатысады, көрсеткіштері өте жоғары, БЖСМ құрылымында балаларды күреспен айналысуға қатыстыру жөніндегі жұмыстың жақсы жүргізілетіндігін көрсетеді.




2 сурет. Күрестің денсаулыққа әсері.

Диаграммада балалар көбінесе күрестің денсаулыққа әсері оң деп жауап берді. Көрсеткіштері өте жоғары, балалар күреспен айналаса денсаулықтары мықты болып, болашақта мықты балуандар шығатынына сенімсіміз.



3 сурет. Күреске қатысуға не итермелейді

Диаграммада балалар көбінесе күреспен айналасуға қызығушылық пен жарысқа қатысу итермелейді деп жауап берді. Көрсеткіштері жоғары, балалардың күреспен айналасуына қызығушылығын арттыру үшін жарыстарды көбейту керек, сонда ғана күреске қатысушылардың қызығушылығы артады. Ел арасындағы күш – қайраты мол балаларды күрес өнеріне тарту, талантты балуандарды табу, оларды ұлттық күрес арқылы тәрбиелеп, үлкен спортқа жол ашу.



4 сурет. Күреске қатысу қиындылығы.

Диаграммада балалар көбінесе күреспен айналасуға қиын емес деп жауап берді. 1-2 сыныптың кейбір балаларға күреспен айналасуға қиын себебі (күш жеткіліксіз, көп еңбек ету керек) деп жауап берген.

Күрес жарыстарының ұсыныстарына көбінесе 10 сынып балалары былай жауап берді:

- жарыстар көп болса, күреске қатысушылардың қызығушылығы артады.
- команда көп болса екен
- күрес жарыстары ұнайды

- Қостанай қаласында өткен жарыстар көп болса екен
- қатысатын балалардың саны молырақ болса.
- жақсылап үлкен дәрежеде өткенін қалаймын

Ұсыныстардың мінездемесін жасасак: жарыстарды, күреске қатысуға балаларды көбейту керек.

Қазіргі уақытта қазақша күресіміз барлығының назарында болып отыр. Дүниежүзілік федерация мүшесіне 2010 жылы кірдік. Ереже, киім, салт-құрып, деңгей өсті, өте ерекше. Бірнеше Дүние жүзілік, Европа, Азия, Халықаралық жарыстар өткізілді.

Үкімет тарапынан көз қарас болу қажет, әкімшіліктері, жоғары жақтан ауыл-аймақтарға да көңіл бөлу қажет. Сонда ғана қазақ күресінің тұғыры биік болатынына сеніммен айтуға болады. Қазіргі уақытта Қостанай облысында бірнеше күрес үйірмелері ашылып, жастарымыздың көбісі күреске дең қоюда.

Қостанайда қазақ күресі қазіргі күні 60-70% деңгейінде, ал аудан, ауыл 30-35% деңгейі.

Қазіргі кездегі арнайы мамандандырылған спорт мектептеріндегі спорттың бір түрі қазақ күресі арқылы отансүйгіштікке жасөспірім оқушыларды тәрбиелеу әдістері ұсынылып, арнайы курс бағдарламалары жасалды.

Эксперименттік тәжірибе жұмыстар арқылы зерттеу жұмысының нәтижелері талданып, ізденіс жұмысы бойынша ғылыми болжамның дұрыстығы дәлелденді.

Қазақстадағы қазақ күресінің даму кезеңдері бойынша халықаралық спорт түрінде дейін тұрақты дамып келе жатқандағы анықталды. Қазақ күресінің дамуындағы осы спорт түрі бйынша мамандар дайындау жағдайлары, әдістемесі мен құралдарының қарқынды жақсарту кезеңдері бөлініп белгіленеді.

Мамандарды дайындау бағдарламаларында және спорттың осы түрі бойынша сабақтар өткізуде оқу, дағды мен біліктіліктің кең ауқымын игеруді жаспарлаған ғылыми, әдістемелік жұмыстар талданды.

Қазақстанда қазақ күресінің танымалдығы сондай, соңғы уақытта шет елдік спортшыларды да қызықтырып келеді. Қазіргі уақытта еркін күрестің қазіргі заманауи шеберлігімен мамандарды даярлау, жағдайларын жақсарту, әдіснамасы мен сапасын арттыруды талап етеді.

Қазақ күресінің кеңінен танылуы мектеп жасындағы балалардың дене тәрбиесі сабақтарында және сабақтан тыс уақытта, спорт секцияларында спорт түрімен шұғылдануда негізгі талаптар қояды.

Қазақ күреспен айналасу жеке тұлғаның денсаулығының нығаюына, оның үйлесімді дамуына, шұғылданушылардың денесінің дамуы мен шымырлануына сеп болатындығы, жастардың дене қабілеттерін (күш, жылдамдық, ептілік, төзімділік, икемділік) дамытудың және дене тәрбиесінің тиімді құралы болып табылатындығы дәлелдеді.

Қазақ күресінің кең танымалдығы, түрлі қолданбалы дағдыларды қалыптастыруда оқыту тиімділігі, ішкі ағзалардың физиологиялық өмір сүру қабілетін дамытуда үлкен әсер етеді. Спортшылардың күш-жігерімен басқа да психологиялық тұрғыда дайын болуына тәрбиелеу [7].

Жүргізілген сараптама барысында Қостанай өңірінде қазақ күресінің дамуы белең алып келе жатқаны көңілге жылылық ұялатады. Бүгінгі жас ұрпақ болашақ кепілі екенін білеміз. Сондықтан мектеп жасындағы жас жеткіншектерге қазағымыздың ұлттық өнері – қазақ күресін үйрету біздің міндетіміз.

1 Спорттық күрес теориясы мен әдістемесінің дәрістері, жаттықтырушылар мен дене тәрбиесі және спорт мамандығын алушы студенттерге арналған. Оқу-әдістемелік құрал. –Шымкент. 2001-166 б.

2 Арнайы спорт мектептерінде патриоттық тәрбиелеу мәселелері. //Ізденіс.-2007. №2.242-246 бб.

3 Күш атасы Балуан Шолақ пен Қажымұқанның елге сіңірген еңбектерін арнайы спорт мектеп-интернат оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеуде пайдалану //Қазақстан жоғары мектебі. -2007.-№3.102-106 бб.

4 Арнайы спорт мектеп-интернаттарында жасөспірімдерді отанын сүйуге тәрбиелеуде қазақ күресінің алар орны // Ұлт тағылымы. -2007. -№2. 29-32 бб.

5 «Профессионал должен начинать реформу с самого себя» //Халықаралық ғылыми-практикалық конференция «Наука и мир». 2007. -№3. 233-236 бб. (Б.А.Тойлыбаевпен авторлық бірлестікте).

6 «Ұлттық білім беру жүйесі арқылы жасөспірімдерді Ұлтжандыққа тәрбиелеудің маңызы» Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті «Шоқан тағылымы-12» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Көкшетау, 2007.

7 Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. ISBN 9965-32-491-3

Резюме

К.И. Адамбеков – д.п.н., профессор КазНПУ имени Абая

А.Б.Тулегенов – магистрант КазНПУ имени Абая

«Анализ развития национальной борьбы казак күресі в Костанайском регионе»

В данной статье показано развитие казахской борьбы в местности Костаная. На эту тему школьники г.Костаная смогли высказать свое мнение, также были предоставлены результаты некоторых проведенных исследований. Активное занятие детей борьбой, их потребности и интересы, причины занятия, влияние борьбы на здоровье, а также другие показатели были представлены в соревнованиях. Озвучили достижения секций борьбы посвященный подросткам и взрослым. Участие школьников в борьбе были показаны в специальных диаграммах. Было показано, как можно повысить интерес у детей занимающихся борьбой, а также интерес к спорту перед соревнованиями. Основной целью казахской борьбы в местности Костаная -это воспитать у молодого поколения чувство патриотизма. О борьбе были изложены методы, вместе с этим была затронута тема о том, чтобы дети школьного возраста начали обширно(глубже)изучать о казахской борьбе. На сегодняшнее время казахская борьба находится во вниманий всего мира. Развитие казахской борьбы национальной игры казахов находится в руках будущего поколения.

Ключевые слова: казахская борьба кures, соревнования, искусство борцов, активный интерес детей к национальной борьбе.

Summary

Adambaev K.Y –Professor, Doctor of Pedagogical Sciences Kazakh National Pedagogical University named after by Abay

Tulegenov A.B –second year student for Master's degree Kazakh National Pedagogical University named after by Abay

«The analysis of development kazak kures in Kostanay region.»

This article refers to the development of the Kazakh national sport-kazaksha kures in Kostanay region. According to this article are shown the results of some researches and opinion of Kostanay's students. Also we can say teenager's positive attitude towards national sports and they are: competitions, demands, the reasons of taking part in kures and effect of kures for our health. The participants' result is carried out with the following diagram. We have discussed the problems like what should we do for encouraging teenagers' attitude about kazaksha kures and their interest before the competition. The main goal of kazaksha kures in Kostanay is to raise the spirit of patriotism and to promote the national sport among the young adults. Nowadays a lot of people around the world is paying attention to the kazaksha kures. The future of kazaksha kures is today's young adults.

Key words: Kazakh kures, competitions, art of fighting, teenager's positive attitude towards national sports.

УДК:373.3.016:792.8

ФОРМИРОВАНИЕ КООРДИНАЦИОННЫХ СПОСОБНОСТЕЙ ШКОЛЬНИКОВ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

А.Н.Ильясова – д.п.н., профессор

Д.Д.Федорцов – магистрант 2- курса по специальности *Физическая культура и спорт*
КазНПУим.Абая Институт психологи и педагогики Алматы, Казахстан

Для изучения координационных способностей детей 7-10 лет были проведены исследования на двух возрастных группах: на первом этапе 6-8 лет, на втором 9-10 лет школьники начальных классов. Результаты исследований показали что координационные способности надо развивать в раннем детском возрасте начиная с 5-6 лет. Была поставлена задача разработать методику формирования координационных способностей детей младшего школьного возраста и обосновать ее в педагогическом эксперименте. В исследовании участвовали школьники 3-4 классов. В результате изучения и отбора игровых и других средств была разработана методика формирования координационных способностей, рассчитанная на 36 уроков. Выяснено, что наиболее эффективными средствами воспитания координационных способностей учащихся начальных классов являются игры и игровые упражнения. Целью исследования явилось изучение особенностей развития координационных способностей школьников начальных классов 7-10лет.

Ключевые слова: координационные способности, школа, ученики, методика, исследования, обучение.

Проблема координационных способностей одна из основных в практике физического воспитания. В современных условиях жизни возрастает значение таких качеств человека, как способность быстро ориентироваться в пространстве, быстро реагировать на сигналы внешней среды. Координационные

способности включают в себя такие понятия, чувства ритма, способность произвольно расслаблять мышцы, умение быстро и целесообразно действовать в изменяющихся условиях, сохранять равновесие. Не овладев этим комплексом качеств и способностей нельзя научиться управлять собой, своим телом, своими движениями.

Для изучения координационных способностей детей, были проведены исследования. С целью определения влияния координационных способностей на формирование двигательной подготовленности. Полученные результаты явились основой для корреляционного анализа.

Таблица 1 – Взаимосвязь координационных способностей и показателей физической подготовленности детей 7-8 лет

Координационные способности	Контрольные упражнения					
	Бег 10 м с/к	Бег 30 м	Прыжок в длину с/м	Из положение подъем в положение сидя	Наклон вперед	Вис
Динамическое равновесие	0,81	0,98	0,64			
	0,87	0,81	0,60	0,51		
Статическое равновесие	0,60	0,55	0,67			
	0,60	0,64	0,74			
Ориентация в пространстве	0,71	0,89	0,52			
	0,79	0,77	0,64	0,54		
Устойчивость направления	0,76	0,55	0,78	0,67		-0,64
	0,82	0,51	0,91	0,55	0,72	-0,51
Ритм движений	0,94	0,82	0,66		0,52	
	0,89	0,63	0,75	0,65	0,48	0,57
Точность движений	0,87	0,77	0,88	0,68		
	0,85	0,70	0,74	0,76		0,70
Прыжки через скакалку	0,51	0,58	0,88	0,63		
	0,57	0,59	0,84	0,82		
Произвольное расслабление	0,61	0,66	0,78		0,71	0,72
	0,64	0,74	0,67	0,65	0,69	
Зрительная реакция		0,56		0,74		
	0,58	0,50	0,60	0,74		

Результаты анализа дают представление о влиянии координационных способностей на формирование физических качеств детей 7-8 лет. Установлена тесная взаимосвязь координационных способностей и основных физических качеств. Так в 7 лет максимальная значимость имеет следующий вид: динамическое равновесие $r=0,98$, ритм движений $r=0,94$, точность движений $r=0,88$, прыжки через скакалку $r=0,88$, произвольное мышечное расслабление $r=0,84$, устойчивость направления $r=0,78$, ориентация в пространстве $r=0,71$, статическое равновесие $r=0,67$.

Результаты корреляционного анализа показали что координационные способности детей 7-8 лет способствуют быстрому обучению движениям и правильному выполнению физических упражнений. А это является залогом развития физических качеств. Затем был проведен полугодовой педагогический эксперимент, в котором участвовали две группы детей 7-8 лет, разделены на экспериментальную и контрольную группу по 20 чел. Была поставлена определить уровень развития координационных способностей. Занятия проводились 3 раза в неделю по 45 минут. Экспериментальная группа выполняла в течении 10-15 минут на каждом занятии упражнения на развитие координации движений. Контрольная группа занималась по учебной программе. Уровень развития координационных способностей определялся по результатам стандартных тестов, применяемых, в детских дошкольных учреждениях.

По окончании эксперимента между группами произошли достоверные различия по всем тестам, однако в экспериментальной группе они были выше. Так в упражнении челночный бег 3X10 м результаты улучшились на 6,4%, в прыжках через скакалку за 30с на 15,6%, в упражнении бросок мяча и ловля с поворотом на 20%, в упражнении три кувырка вперед на 12,5. Результаты исследо-

ваний показали, что координационные способности надо развивать в раннем детском возрасте начиная с 5-6 лет. В занятии по физическому воспитанию необходимо включить упражнения на арсенал гимнастики, акробатики, подвижных игр.

На втором этапе была поставленная задача разобрать методику формирования координационных способностей детей младшего школьного возраста и обосновать ее в педагогическом эксперименте в исследовании участвовали ученики 3-4 возраст 8-10 лет это наиболее благоприятный период для развития координационных способностей. Известно так же что наиболее эффективным средством для развития координационных способностей являются подвижные игры. В связи с этим необходимо было отобрать комплекс этих средств. Первоочередным критерием для отбора игрового материала является критерии соответствия развивающей и образовательной функции. Вторым условием усвоение учебного материала является его доступность. Третий критерий который необходимо учитывать при отборе – это соответствие игры условиям в которых она проводится. Последним является критерий соответствия игры интересам учащихся.

Чтобы совершенствовать координацию движений, их точность и экономичность, в уроки включают усложняющую задачу, требующую соблюдение заданных пространственных и временных параметров движения, а также упражнения на расслабления и на равновесие.

Движения, входящие в содержание подвижных игр и игровых упражнений, должны быть в меру сложны, понятны и доступны. Упражняясь в беге, прыжках и метаниях, преодолевая различные препятствия, ученики приобретают и совершенствуют разнообразные двигательные навыки и умения.

В подвижных играх развиваться способности правильно оценивать пространственные и временные отношения, быстро и правильно реагировать на сложившуюся ситуацию в часто меняющейся обстановке в игре.

В результате изучения и отбора игровых и других средств была разработана методика формирования координационных способностей, рассчитанная на 36 уроков. Занятия по данной методике проводились 3 раза в неделю по 45 минут.

Таблица 2 – Методика развития координационных способностей у детей 8-10 лет

Содержание	Длительные нагрузки	Число повторений	Продолж. Интервала отдыха	Интенсивные нагрузки ЧСС, Уд/мин	Характер отдыха в
Челночный бег 3х10 м различных и.п	2-3мин	2-3	30	До 180	пассив
Челночный бег 3х5 с элементами прыжковых упр	2-3мин	2-3	30	До 180	пассив
Челночный бег 3х9 с переноской предметов	2-3мин	1-2	30	До 180	пассив
Бег по линии с высоким поднимание колена	2-3мин	1-2	30	До 180	пассив
Кувьрки	3мин	4-6	15	До 130	пассив
перекаты	2-3мин	4-5	15	До 130	пассив
Бег с изменением направления	2 мин	1	30	До 160	дых, упр
Бег с преодолением препятствия	2мин	3-4	30	До 180	пассив
Бег из различных и.п	2мин	1	30	До 180	дых, упр
Одновременное ведение мяча ногами и руками	2-3мин	2	20	До 150	пассив
Оббегание конусов	2 мин	3-4	30	До 150	пассив
Метание мяча с расстояния (5-10м)	4 мин	5-6	20	До 130	пассив
Прыжки со скакалкой	30 с	3-4	30 с	До 180	пассив

Методика состоит из комплексов игровых упражнений сгруппированных по направленности к ориентации в пространстве, дифференциальной способности, способности к равновесию, регулирующей и ритмической способности. В одном занятии для совершенствования отдельной координационной способности использовалось не менее 5 упражнений и одной игры. Разучивание и выполнение упражнений проводилось по степени их координационной сложности – по принципу от простого к сложному.

По окончании эксперимента было проведено заключительное тестирование, в результате которого дети экспериментальной группы более высокие результаты, чем контрольной, различия достоверны. ИВ беге на 30 м результат вырос на 7,7%, в прыжке в длину с места на 8,8%, наклон вперед из положения на 84%, подъем туловища и сед на 18,2%.

Одновременно было проведено тестирование по тестам, характеризующим координационные способности учащихся начальных классов являются игры и игровые упражнения. Уроки с использованием игровых средств способствуют формированию устойчивого интереса у детей к занятиям физической культурой.

Таким образом, по окончании эксперимента юные спортсмены экспериментальной группы улучшили показатели общей и специальной физической подготовленности, физического развития, и координационных способностей. Все это говорит о том, что разработанная методика развития координационных способностей является эффективной и может применяться в учебно-тренировочных занятиях.

1. Бернштейн, Н. А. О ловкости и ее развитии / Н. А. Бернштейн. — М.: Физкультура и спорт, 1991. — 288 с.
2. Лях В.И Координационные способности школьников – Минск Полымя 1989 -159 с
3. Никитушкин В.Г Теория и методика юношеского спорта учебник .
4. Никитушкин.В.Г – физическая культура 2010 -208с
5. Л. П. Матвеев, В. П. Попов, Ю. Г. Грузнов, Н. А. Бернштейн, Бакулев, С. Е. Дифференцированный подход к определению спортивно важных координационных способностей боксера /
6. С. Е. Бакулев, О. А. Двейрина, А. С. Саввина // Ученые записки университета им. П. Ф. Лесгафта. — 2006. — № 22 — С. 3 –9.
7. Дегтярев И. П. Единоборства: Учебник для институтов физической культуры. – М.: Физкультура и спорт, 1979. – 287 с.

Түйін

А.Н.Ильясова – п.ғ.д., профессор

Д.Д.Федорцов – Дене мәдениеті және спорт мамандығы бойынша 2-курс магистранты Абай ат.ҚазҰПУ педагогика және психология институты Алматы, Қазақстан.

«Бастауыш сынып оқушыларының кеңістікте қимылдау әрекеті қабілеттерін қалыптастыру»

Балалардың жан-жақты жайын зерттеу үшін 7-10 жасан екі топқа зерттеу жасалды. Бірінші этапта, 6-8 жас аралығы, екінші этап 9-10 жас аралығындағы бастауыш сынып оқушылары. Зерттеу нәтижелері балалардың жан-жақты қабілеттерін ерте 5-6 жаста дамыту керектігін көрсетті. Алға қойылған жоспар бастауыш сынып оқушыларының жан-жақты қабілеттерін қалыптастыруға әдістеме құрастыру және мектептегі сынаққа негіздеу. Зерттеуге 3-4 сынып оқушылары қатысты. Нәтижесінде ойындар таңдау үшін зерттеуде жан-жақты қабілеттерін дамытуға арналған 36- сабақтық әдістеме құрастырылды. Бастауыш сынып оқушыларының жан-жақтылық қабілетін арттыруға ойындар мен жаттығулардың орны зор екені анықталды. Зерттеу мақсаты 7-10 жастағы балалардың жан-жақты қабілеттерін дамыту болып табылады.

Тірек сөздер: кеңістікте қимылдау әрекеті, мектеп, оқушылар, әдіс, зерттеу, білім беру.

Summary

A.N.Ilyasova - Ph.D., professor

D.D. Fedortsov - 2 undergraduate courses in Physical Education and Sports
Kazakh Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan.

Formation coordination abilities of primary school pupils

To study coordination abilities of 7-10 years children, experiments has been performed in three age groups: 6-8, 9-10 years (school). Results of analysis on first stage suggest that coordination abilities must be developed from 5-6 years of life. On the second stage, aim was to develop method for coordination abilities improvement and substantiate it experimentally. 9-10 years children taken part in research. As a result, method for coordination improvement has been developed, including 36 lessons. It is shown that the best method for coordination abilities improvement is use of games and game exercises. Aim of the research was to study peculiarities of coordination development in 7-10 years.

Keywords: coordination abilities, school, students, methods, research, and training.

АНГЛИЯДАҒЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІГІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТАРИХИ ДАМУЫ

Қ.М. Меңдаяқова – *Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, п.ғ.д., профессор*
А.Е. Ердаулетова – *Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық университеті, 2-курс магистранты*

Мақалада, Англия мен Қазақстандағы білім беру бағдарламаларына салыстырмалы талдау жасау. Англияда мектепке дейінгі ұйымдар үшін бірыңғай ұлттық бағдарлама жасалмағандықтан әр балабақша өз бағдарламасын жасайды. Алайда балабақша тәрбиешілерінің дайындық деңгейлеріне ерекше көңіл бөлініп, аса жоғары талаптар қойылған. Тәрбие беру үрдісінде күштеу, орынсыз жазалау және шектен тыс қаталдық қолданылмайды. Себебі, бұл әрекеттер балалардың шығармашылығына, ойнау әрекетіне, өз еркімен дамуына кедергі болады. мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту жүйесіне инновациялық технологиялар негізінде әзірленген ақпараттық технологиялар, электронды оқу-әдістемелік кешендері енгізілуде.

Тірек сөздер: Англия, бағдарлама, тарихы, даму, куррикулум, тәрбиеші.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы жалпы білім беру жүйесіне, оның ішінде бастауыш буынға – мектепке дейінгі тәрбиеге жаңа талаптар қойып отыр [1].

Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан Халқына Жолдауында «Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты. ХХІ ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар» деп атап айтқан.

Мұндай жан-жақты дамыған азаматты қалыптастыру мектепке дейінгі жастан басталады. Мектепке дейінгі жастағы балаларды дамытудың өзектілігі бір ғана мақсатпен түсіндіріледі: терең ойлы, дені сау, ақылды және мейірімді бала қалыптасатындай білім беру.

Адамды мектепке дейінгі жастан дамыту оның алдағы барлық өмірінің анықтаушысы болып табылады. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі.

Осыған орай, мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту жүйесіне инновациялық технологиялар негізінде әзірленген ақпараттық технологиялар, электронды оқу-әдістемелік кешендері енгізілуде [2].

Тәуелсіздік алған кезеңнен бері шет мемлекеттермен тығыз байланысқа түскен Қазақстан үшін шетелдік әріптестерінің педагогикалық тәжірибелеріне көңіл бөле отырып, отандық педагогикаға өзгеріс енгізу өзекті мәселе болып отыр.

Сонымен қатар, аталған мәселеде білім беру жүйесінің бастапқы кезеңі мектепке дейінгі білім берудегі мәселе де тыс қалған жоқ. Шетелдік теория мен тәжірибені зерттеу мен енгізу қазіргі заманғы қазақстандық іс-әрекетті жете түсінуге, яғни, ашық педагогикалық ойлауды қалыптастыруға септігін тигізері әбден мүмкін.

Сондықтан, П.П.Блонскийдің оқу құралдары мен бағдарламаларын жасаушыларға айтқан пікірі өзекті болып отыр: «Батысты зерттеу мен адам әлемінен басқаның бәрін қысқарта беріңдер, себебі: баланың жалпы дамуына, оның адами өмірдің біліне зиян келтіресіңдер, яғни, елдің біліміне зиян келеді; әлемдік мәдениетпен жете таныстық ұлттық шығармашылықты дамытады» [3].

Ал, біздің назарымызда қазіргі заманғы Англияда жүргізіліп жатқан білім беру үрдісі болып отыр. Себебі, аталмыш мемлекет жоғары және мектепке дейінгі білім берудің ежелгі дәстүрін қалыптастырушы мемлекет ретінде әлемнің түкпір-түкпірінен білімгерлерді тартуда. Ағылшынның мектепке дейінгі тәрбиесі ХІХ ғасырдан тамыр алған бай тарихқа толы екендігі белгілі.

Англия мен Қазақстан Республикасы мәдениет, білім және ғылым салаларында тарихи тығыз байланыста. Бүгінгі күні саяси және экономикалық байланыспен қатар білім берудегі өзара іс-әрекет мемлекеттер арасында маңызды рөлге ие болып отыр. Орта мектеп мұғалімдерінің тәжірибе алмасуымен қатар Қазақстандық жоғары оқу орындарының Болон үрдісіне сәйкес оқу жоспарларын жасауы, студенттік және оқытушылық икемділіктің жоғарылауымен бірге қосдипломдық бағдарламалар мен кәсіби дайындық сертификаттары да жасалуда.

Құрылымдық диалогта мәмілеге келу отандық педагогтардан кәсіби дайындықты, шетелдік мектепке дейінгі білім жағдайынан хабардар болуды талап етеді. Қазіргі уақытта Англияда көптеген ғылыми зерттеулерде, соның ішінде компаративтік және арнайы әдебиеттерде ерте жастағы балалар тәрбиесі мен олардың білім алуы туралы мәселе көп қарастырылуда. Мемлекеттік білім беру саясаты және өзгермелі қоғамның талаптары мен мақсаттарына сәйкес бола алатын мектепке дейінгі білімді

жоғары дәрежеде қалыптастыруға өте үлкен мән беріліп отыр. Сондықтан, Англиядағы 1980-2015 жылдар аралығындағы мектепке дейінгі білім беру мазмұнын зерттеу маңызды. Себебі, 1980 жылдан бастап ағылшын білім беру жүйесінде мектепке дейінгі кезеңнің бағдарламалы-әдістемелік қамсыздандыратын жүйелік өзгерістер орын алды.

Англиядағы білім мазмұнын қарастыру білім кеңістігін мазмұнды толықтыру мен құрылымдау тәсілдерінен басым бола алатын «куррикулумдарды» (ағылш.*curriculum*) құрастырумен байланысты. Мектепке дейінгі білім бағдарламасы үнемі жаңа ғылыми зерттелген жолдарды іздестіруді талап етеді, сондықтан да ағылшын зерттеулері, яғни, куррикулумды ұйымдастыру ерекшелігіне бағытталған зерттеулер ағылшын педагогтартарының қызығушылығын тудыруда (Anning A., 1995; Bruce T., 2005; Curtis A., 2006; MacNaughton G., 2003; Siraj-Blatchford I., 1998; Soler J. & Miller L., 2003; Sylva K. et al., 2007).

Өкінішке орай, мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруге қатысты қазіргі заманғы британдық әдістеме отандық дидактикада жеткілікті дәрежеде зерттелмей және аударылмай отыр.

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі тәрбие жүйесінің даму деңгейі әр елде әр түрлі жүргізіліп отыр. Оның басты себептері: мектепке дейінгі тәрбие мемлекет пен қоғамның қатынасына, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларға, әр елдің салт-дәстүрі мен мәдениетіне, аймақтық ерекшеліктеріне байланысты. Педагогика көп жағдайда сол елдегі қолданыстағы заңнамаға немесе жетекші идеологияға тәуелді дамиды. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары елдің әлеуметтік қызмет көрсету, денсаулық сақтау ұйымдарына немесе білім беру жүйесіне тәуелді. Сол себепті мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жұмыс істеу бағыттары мен педагогикалық дайындық деңгейлері мемлекет пен өзгермелі қоғам талаптарына сай өзгеріске ұшырап отырады [4].

Білім беру мазмұны – тұлға дамуының маңызды факторы, яғни, жалпы өркениет дамуында маңызды рөл атқаратыны белгілі. Қазіргі заманғы әлемдік ақпараттану үрдісі технологиялық, экономикалық және мәдени жаһандану қоғам мен адам қызметінің түрлі салаларындағы күйін көрсетеді. Еуропадағы бірыңғай білім кеңістігін құру міндеті халықаралық Болон конвенциясына қатысушы елдерге білім беру мазмұнының даму үрдістерін қарастыруын талап етеді.

Бұл тұрғыда мектепке дейінгі білім беру жүйесі ерекше маңызды орында, себебі, мектепке дейінгі білім беру әрі қарай оқыту мен дамытудың негізгі кезеңі болып табылады.

Англияда мектепке дейінгі ұйымдар жүйесін ұйымдастыруда балалардың жас мөлшері басты факторлардың бірі ретінде танылады. Мысалы, Англияда мектепке дейінгі білім беруде 3-5 жас аралығындағы балалар қамтылады. Бала 5 жастан бастап міндетті мектептік білімге тартылады. Ал, 3 жасқа дейін бала ана тәрбиесінде болғаны дұрыс деп есептеледі.

Англияның білім беру бағдарламаларында әлеуметтік тәрбиеге жоғары мән берілген. Аталмыш бағдарлама бала бойында қарым-қатынас дағдыларын, ұжымда жүріп-тұруды үйретуге бағытталған. Ағылшын педагогтары баланың сөзбен айта алмаған сезімдерін сурет салу арқылы жеткізуге үйрету керек деп санайды. Мүсіндеуге көбіне пластилинді қолданады. Адамгершілік тәрбиесі жалпы адамгершілік құндылықтарымен бірге, экологиялық, діни және жыныстық тәрбие элементтерін сіңіруді қарастырған. Мұнда қоршаған орта, радио, теледидар, көркем әдебиет, музыка кең қолданылады.

Англияда мектепке дейінгі ұйымдар үшін бірыңғай ұлттық бағдарлама жасалмағандықтан әр балабақша өз бағдарламасын жасайды. Алайда балабақша тәрбиешілерінің дайындық деңгейлеріне ерекше көңіл бөлініп, аса жоғары талаптар қойылған. Тәрбие беру үрдісінде күштеу, орынсыз жазалау және шектен тыс қаталдық қолданылмайды. Себебі, бұл әрекеттер балалардың шығармашылығына, ойнау әрекетіне, өз еркімен дамуына кедергі болады. Сабақ барысында жекелеп оқыту, еркін ойнау бәрі де баланың қалауы бойынша әрі өз бетінше жүзеге асады. Педагогтың міндеті тек сұрақ қою, түсіндіру, жаңа әрекеттерді түсіндіру, баланың мінез-құлқын бақылаумен ғана шектеледі. Бұлайша оқыту күнделікті жүргізілетін тесттілік зерттеулерге негізделген. Дей тұрғанмен, бала тәрбиесін бұлайша ұйымдастыруда айтарлықтай мәселе де жоқ емес. Мысалы: біріншіден, баланың өз қалауымен ғана жүзеге асырылатын тәжірибе сабақтары өзінің дамытушылық мүмкіндігі жағынан баланың дамуын қамтамасыз ететін деңгейде болады деуге сену қиын; екіншіден, тәрбиешінің рөлі тым тарылған, шектелген; үшіншіден, баланың даму деңгейінің қажетті мүмкіндіктерін анықтауда бір тесттілік ақпараттардан қорытынды шығару жеткіліксіз, мұнда тәрбиешінің бақылаулары мен ата-ана мүдделерін де ескеру керек.

Англияда мектепке дейінгі тәрбие ұйымдары мектептің бір бөлшегі ретінде Ұлттық білім беру министірлігіне қарайды. Олар негізінен мектеп – ана типінде өмір сүреді. Сондай-ақ, жекеленген сыныптар түрінде, мектепалды дайындық ретінде мектеп жанында жұмыс істейді. Егер ата-ана

баласын мектепке дейінгі тәрбие ұйымына бергісі келмесе, онда себептері негізделген өтініш жазып, балаларын мемлекеттік ұйымдар тарапынан ұйымдастырылатын тиісті тестіден жыл сайын өткізіп отырады. Англияда бала 6 жасында оқуды, жазуды, санауды білетін, қажетті әлеуметтік дағдыларды меңгерген болуы міндетті деп есептеледі [5].

Англияда мектепке дейінгі ұйым мақсаты әртүрлі жүйеленеді: баланы зерігуден сақтау, белсенді әрекет, қуаныш сезімдерін сіңіру. Ал, міндеттерінде дене тәрбиесі, адамгершілік және ақыл-ой тәрбиесі алдыңғы орында, одан кейін өз қатарларымен қарым-қатынас жасау дағдылары, одан кейінгі орында жазу, оқу дағдыларын меңгеру жүзеге асырылады. Тәрбиешілерге оқу құралдарын өз еркінше таңдауға, әдіс-тәсілдерді қалауынша қолдануға ерік берген. Сондықтан тәрбиеші бар оқу құралдарын пайдаланбай, басқа ізденістер жасауға құқылы. Тәрбиешілер әдістемелік амалдар түрлерін еркін қолдана алады және балалар мен тәрбиешілер арасындағы қарым-қатынас тең дәрежеде қалыптасқан.

1. *Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.* –Астана, 2010

2. *«Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін!» атты Президенттің Қазақстан халқына жолдауы.* – Астана, 2004 жыл, 19-наурыз.

3. *«Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін!» атты Президенттің Қазақстан халқына жолдауы.* – Астана, 2004 жыл, 19-наурыз.

4. *Қазақстан Республикасының меншік нысандарына қарамастан барлық типтегі және түрдегі мектепке дейінгі ұйымдарында 2014-2015 оқу жылын ұйымдастыру туралы. Әдістемелік-нұсқау хат.* – Астана: «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығы, 2014. – 16 бет.

5. *Баева Л. В. Сюжетно-ролевые игры детей в дошкольных учреждениях Англии // Дошк. воспитание.* - 2008. - № 1. - 65-70 бб.

Резюме

Мендаяхова Куанышкүл Мендаяковна – Казахский государственный женский педагогический университет, д.п.н., профессор.

Ердаулетова Айзат Еримбетовна – Казахский государственный женский педагогический университет, магистрант 2-курса

«Историческое развитие дошкольного образования в Англии»

В статье анализируются образовательные программы Англии и Казахстана. В связи с тем, что в Англии не составлена единая образовательная программа для дошкольных учреждений, в каждом детском саду занятия проводятся по программе составленной учреждением одноко, особое внимание обращено на профессиональную готовность каждого воспитателя. Не допускаются чрезмерная жестокость, неуместное наказание и жестокие обращения с детьми. Потому что эти действия будут препятствовать в творческом, и игровом и самостоятельном развитии детей. В статье рекомендуются внедрение электронных учебно-методических комплексов, использование информационных технологий, подготовленных на базе инновационных технологий в системе обучения учащихся в дошкольном возрасте. В статье рекомендуется внедрение.

Ключевые слова: Англия, программа, история, развитие, учебный план, воспитатель.

Summary

Mendayahova Kuanyshkul Mendayakkyzy – Kazakh state women's teacher training university, doctor of pedagogical sciences, professor

Erdauletova Aizat Erimbetkyzy – Kazakh state women's teacher training university, master student of 2nd course
«The historical development of preschool education in England»

The article analyzes the educational programs in England and Kazakhstan. Due to the fact that England is not composed a single educational program for pre-school institutions, in every kindergarten classes are held according to the program drawn up odnoko agency, special attention is paid to professional readiness of each the caregiver. Avoid excessive violence, inappropriate punishment and child abuse. Because these actions will prevent a creative and independent development of the game and the kids. The article recommended the introduction of electronic teaching materials, use of information technology, prepared on the basis of innovative technologies in the education system Age of pupils in pre-school. The article recommended the introduction.

Keywords: England, program, history, development, curriculum, educator.

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЖЕТЕКШІ ҚОЛЫН АНЫҚТАУ ТӘСІЛДЕРІ

С.Н.Жиенбаева – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Педагогика және психология факультетінің деканы, п.ғ.д., профессор

Н.Акбердиева – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының 2-курс магистранты

Мақалада мектепке дейінгі солақай балалардың даму ерекшелігі талданып, оның мектепке дейінгі педагогикада зерттелу жағдайы, оң қол және сол қолмен жұмыс істеудің өзгешеліктері айтылады. Жалпы және мектепке дейінгі педагогика ғылымында солақай балалардың онтогенетикалық дамуы, оның негізінде оқытудың әдістері мен құралдарын дайындау, мұндай балаларды мектепке дайындаудағы педагогикалық қолдау туралы бүгінге дейінгі зерттеулері. Солақайлықтың мәселесін шешу жүйке жүйесінде дербес ерекшелігі бар балалардағы бұл құбылыстың психолого-физиологиялық алғы шарттарын есепке алу негізінде ғана мүмкін болады. Қайталап үйрету мен оның жағымсыз салдарынан айрылу үшін жетекші қолды тура және өз уақытында анықтау қажет. Осыған байланысты ғылыми-әдістемелік әдебиеттердегі солақайлықты анықтау тәсілдерін қарастырады. Жетекші қолды мектепке барар алдында анықтап қою өте маңыздылығы, оны анықтаудың әдіс-тәсілдері көрсетілген.

Тірек сөздер: солақай, мектеп жасына дейінгі бала, психикалық даму, жетекші қол.

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы жалпыға міндетті білім беру стандартында, білім беру мазмұнына қойылатын талаптарында «Баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды, толыққанды физикалық дамуын, Қазақстан Республикасы халықтарының ұлттық салт дәстүрлері негізінде салауатты өмір салтының құндылықтарын қалыптастыру» деп атап кеткен болатын [1]. Балаларды оқыту бағдарламасын меңгерудегі қиындықтардың себептері – балаларды мектепке дайындау. Ата-аналарды баланы мектепке дайындауда қызығушылықтардың болмауын, есте сақтау қабілеті нашар болуы, дербессіздік, жасқаншақ немесе қорқақтық мәселелерінің кездесетіндігі толғандыруда. Соның ішінде Республика көлемі бойынша статистикалық мәліметтерге қарағанда мектепке жасына дейінгі балалардың 7-10%-ке дейін солақай болуы, олармен қалай педагогикалық процесті ұйымдастыру қажет деген сұрақ туғызады.

Жалпы және мектепке дейінгі педагогика ғылымында солақай балалардың онтогенетикалық дамуы, оның негізінде оқытудың әдістері мен құралдарын дайындау, мұндай балаларды мектепке дайындаудағы педагогикалық қолдау туралы бүгінге дейінгі зерттеулер болмаған.

Дегенмен кейбір зерттелердегі ғалымдардың М.М. Безруких, А.П. Чуприковтың пікірінше, солақай баланы қайталап үйрету оның ерке, ашуланшақ болуына әкеліп соғады және мазасыз ұйықтайды, тәбеті төмендейді [2]. Кейінірек жиі бас аурулары, үздіксіз сылбырлық сияқты едәуір маңызды бұзылулар туындайды. Соңында невротикалық әсерлер, жүйке тартылуы, энурез, кекештену белгілері байқала бастайды. Медициналық статистикаға сәйкес, кекештенетін әрбір үшінші бала – ол әбден оқытылған солақай бала. Мұндай күй психологиялық, педагогикалық түзетуге берілмейді және ұзақ бойы емделуді қажет етеді. Солақайларды қайта үйрету – яғни олардың психикасындағы ерекше қасиеттерді «сындыруды» білдіреді. Бұл баланың психикалық амандығы мен денсаулығына кері әсер етуі мүмкін.

Солақайлықтың мәселесін шешу жүйке жүйесінде дербес ерекшелігі бар балалардағы бұл құбылыстың психолого-физиологиялық алғы шарттарын есепке алу негізінде ғана мүмкін болады. Қайталап үйрету мен оның жағымсыз салдарынан айрылу үшін жетекші қолды тура және өз уақытында анықтау қажет. Осыған байланысты ғылыми-әдістемелік әдебиеттердегі солақайлықты анықтау тәсілдерін қарастырайық.

Алғаш рет қолдың артықшылығының пайда болуы: 7-9 айлық балаларда оң және сол жақ бұлшық еттердің тонусы әр түрлі болады (Д.В. Бишоп, 1990). Айырмашылығы жақтар аралығында, алдымен әлсізі үлкейеді және 3 жаста анық бола бастайды, сосын тұрақтанады. Егер де жетекші қол таңдауы 3 жасқа дейін анықталса, оны пайдалану қарқындылығы 3 жастан 9 жасқа дейін өседі [3].

Бұл үдеріс барысында екі қолдың қатысуын да талап ететін әр түрлі әрекеттердің үйлесуі қалыптасады. Егер де баланың қозғалыс белсенділігін бақылайтын болсақ, онда бір қолмен орындалатын әрекеттердің қарапайым (жазу және сурет салудан басқа) екендігіне көз жеткізуге болады және ең бастысы ол сол бір қозғалысты қайталай беруден (тісті тазалау, пышақсыз қасықпен немесе

шанышқымен тамақ жеу, шашты тарау тұрады). Күнделікті қозғалыс белсенділігінің едәуір көп бөлігі екі қолдың да қатысуын қажет етеді, бірақ та әрбір қол өзінің арнайы қызметін атқарады. Бауларын шешіп, бәтешкелерін байлап, кубиктерді және конструкторларды жинап жатқан балаларды бақылау барысында жетекші бір қолдың белсенді қозғалыс жасап, ал басқасының сол затты ұстап тұратынын байқауға болады.

Әсіресе жетекші қолды мектепке барар алдында анықтап қою өте маңызды, ал егер қандай да бір күдіктер туындаса онда мұны ертерек 4-5 жастан бастан жасау керек. Дәл осы жаста бала қарындашты дұрыс ұстауды, жазуды үйренеді және ол осы күрделі әрекеттерді жетекші қолмен орындауы керек, ал қайталап оқыту баланың бойының өсуіне және дамуына кері әсерін тигізеді, мектепке бейімделу үдерісін қиындатады, денсаулығының кәдімгідей бұзылуына әкеліп соғады.

Үйде және мектеп жағдайында қолдану кезінде қолдың жетекшілігін анықтаудың бірнеше тәсілдері бар. Ең көп тарағаны сол және оң қолдарды тұрмыста, оқуда және ойындарда қолдану туралы сұрақтарды қамтитын сауалнамалардың көмегімен алынған оның сандық бағасының әдісі. Әдетте сауалнамаларда ортаның әсерінен қалыптасатын адамның қозғалыс дағдылары туралы сұрайды.

Жетекшілікті анықтауға арналған сауалнамалар стандартты сұрақтардан тұрады: қай қолмен адам жеңіл және әдемірек жазады, қай қолмен допты лақтырады, шырпыны жағады, пышақпен, қайшымен кеседі, күрекпен жерді қазады, инеге жіпті сабақтайды, шегені қағады, қақпақты бұрап шешеді, тіс щеткасын, сыпырғыны, тарақты ұстайды және т.б.

Бірақта кез-келген сауалнама-бұл өзін-өзі бағалау, ал арнайы зерттеулер дәлелдемелері бойынша бұл бағалау жетекшілікті объективті бағалауға мүмкіндік бермейді. Сауалнамалардың тапшылығының өзі олардың құрылымының жауаптарды автоматтандыруға және қайталауға ықпал етуі мен қайталауға әкеліп соғуы болып табылады (В.П. Леутин, В.В. Николаева). Бұл тапшылықтар Я.Ф.Кровица и К.А. Зенераның сауалнамаларында кездеспейді. Бұл сауалнама жетекші және жетекші емес қолдардың әрекеттері кезектелетін сұрақтардың жүйелілігімен жасалған. Екі қолдың бір уақыттағы қызметіне байқау жасау өте қызық және ақпаратты алуға мүмкіндік береді. Мысалы, сурет салу (шеңбер, квадрат, үшбұрыш). Жетекші қолмен орындалған қозғалыстар баяу болуы бірақ тура болуы мүмкін.

Жетекші қолмен салынған пішіндердің сызықтары анығырақ, түзу, тремор «қолдың дірілі» аз көрсетілген, бұрыштары түзелмеген, біріктіру нүктелері бір-бірімен қосылмайды. Кейбір зерттеушілер бұл тапсырманы көзді жұмып тұрып орындауды ұсынады. Сонда ғана жетекші емес қолмен салынған суретте пішін формасы мен пропорциясының бұзылғанын таза айқындауға мүмкіндік болады.

Жетекші қолдың күші мен қозғалысын жетекші емес қолға қарағанда көбірек екендігін ескере отырып оң және сол қолдың жылдамдығын анықтауға тапсырмалардың бірнеше түрін қолдануға болады. Жылдамдықты тексеру үшін сұқ саусақтың 10 секундтағы тоқылдау саны, қаламмен парақ бетін 10 секундта тоқылдатқанда парақ бетіне түскен (қол тиген кезде) нүктелер саны анықталады.

Қолдардың функционалдық асимметриялары әрқелкі: күші, дәлдігі, қозғалыс жылдамдығы, төзімділігі, үйлестірілген әрекеттерді ұқыпты орындау мүмкіншілігі жағынан қолдар тең емес (В.Ю. Вильдавский, М.Г. Князева). Оңқайларда сол қол статикалық күш салуға едәуір төзімді болады (Б.Г. Ананьев, Е.Н. Лунева). Балалардың жетекші қолын анықтауды әр түрлі әрекеттердің орындалуын бағалау кезінде жүргізген тиімдірек [4].

Неміс зерттеушісі Ф.Кречмердің пікірі бойынша, жетекші қолды анықтау үшін баланың келесі әрекеттерді қалай орындайтынын көруге болады: гүлдерді суарады, топырақты күрекшемен араластырады, тістерін тазалайды, шарикті таяқшамен итереді, сөреден кітаптарды алады, сыдырма ілгекті ашады, шырпыны жағады, ваннадан пробканы алып тастайды және т.б.

Артығырақ деп санаған қол оң және сол қолмен өрнек және шеңберді салу кезінде анықталуы мүмкін. Егер де бала барлық тапсырманы орындауда сол қолды қаласа және сонымен бірге қозғалыстары жеңіл және түзу орындалып жатса онда ол солақай болғаны. Алайда Ф.Кречмер сипаттаған тапсырмаларды қолдану бірінші қарағандағыдай оңай емес сияқты. Жетекші қолды анықтау кезінде бәрі маңызды: қолданыла алатын зат қайда жатыр, бала қайда, нұсқау қалай беріледі [5]. Ұсынысты пайдалана отырып, балалар тапсырманың мақсатын өздері табуы үшін жарыс үдерісінде қолдың жетекшілігіне зерттеулер жүргізу оңай емес. Балаларға мынадай тапсырмалар ұсынылады: топтағы тақтаны сұрту, пішінді, өрнекті қайшылармен қырку, еденнен бір затты (доп) көтеру, фишкаларды қорапқа салу.

Балаларға бақылау жүргізген кезде графикалық тапсырмалар мен тұрмыстық іс-әрекеттерді орындауға айрықша мән беріледі. Француз зерттеушісі М.Озьястың пікірі бойынша жетекші қолды анықтау қандай да бір мәселені тудырса онда, 20 тапсырмадан тұратын толық бақылау жүргізілуі керек, олай болмаған жағдайда қысқартылған нұсқасын қолдануға болады. Оның тапсырмаларының толық тізімі:

1. Бөтелкелердің қақпақтарын бұрау.
2. Шырпыны жағу.
3. Қағазды қайшымен кесу.
4. Салу, тізу (өзекше немесе инені түйменің кішкентай тесігіне, моншақтарға, геометриялық пішіндерге салу)
5. Аяқ киімді щеткамен тазалау.
6. Жіпті шарғыға орау.
7. Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құю.
8. Инемен, түйрегішпен кішкентай нүктеге дәл түсу.
9. Сомынды бұрап шешу. (қолмен, кілтпен)
10. Ұсақ деталдарды жіңішке цилиндрге тізу. (түйме, моншақтар).
11. Карточкаларды (карта) орналастыру (тарату).
12. Тесіктер тесу (5-6 соғу).
13. Өшіргішпен алдын-ала салынған крестиктерді өшіру.
14. Жіпті инеге кіргізу.
15. Өзін тазалау, өзінің үстінен шаң мен қиымдарды қағу.
16. Тамызғышпен бөтелкенің тар тесігіне тамызу.
17. Стаканнан қасықпен ұсақ моншақты шығару.
18. Қоңырауды сылдырлату, қоңыраудың жібін тарту.
19. Сөмкенің сыдырма ілгегін жабу, ашу.
20. Стаканды алып бірнеше жұтым су ішу.

Жазуға қол таңдалған кезде М.Озьяс келесі тапсырмаларға назар аударуға кеңес береді: сіріңкелерді жағу, моншақтарды тізу, суды басқа ыдысқа қайта құю, тесіктер тесу, карточкаларды орналастыру, суретті өшіргішпен өшіру, қағу, тамызғышпен тамызу, стаканнан моншақтарды алу, қоңырауды сылдырлату (барлығы 10 тапсырма) [6]. Тесттердің қысқартылған қатарында графикалық тапсырмалар жоқ, бұл негізінен дәлдікті, ептілікті, қозғалыстың дәл үйлесуін талап етеді. Және ең бастысы – барлық әрекеттер үйреншікті емес, бапсыз емес және автордың ойы бойынша, бір қолдың басқа қолдан артықшылық сипатын дәл табуға мүмкіндік береді.

Бұл әдістеменің ойын тапсырмалары мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларға тән өңдеу әдісіне негізделіп таңдалған.

Тапсырмалардың бөлігі – жиі пайдаланатын тұрмыстық тапсырмалар, олардың көбісін балалар екі қолымен де орындай алады. Бұл жетекші қолды анықтауға қиындық туғызады, сондықтан кейбір тапсырмалар екі нұсқамен беріледі. Мұндай тәсіл жетекші қолды дәлірек анықтауға мүмкіндік береді. Тәжірибе жүзінде балалардың жетекші қолын анықтауға мүмкіндік туғызатын ең тиімді тапсырмалар таңдалды.

Баланың алдына бір парақ қағаз және қарындаш (фломастер) қойыңыз, оған өзінің қалаған суретін салуды ұсыныңыз. Баланы асықтырмаңыз. Ол суретті аяқтап болғаннан кейін дәл осы суретті басқа қолмен салуды сұраңыз. Баланы «Оң (сол) қолмен дәл осындай суретті салып шығу қиын екендігін білемін. Бірақ сен тырысып көр» деген сияқты сөздермен жігерлендіріп отыру қажет. Бұл тапсырмада суреттердің орындалу сапасын салыстыру қажет. Баланың қалам немесе қарындашты дұрыс ұстағанын, тапсырманы орындау кезінде қатты күш салмағанын, дұрыс отырғандығын қадағалап отыру қажет. Бұл барлық келтірілген тапсырмаларда едәуір белсенді әрекетті орындаған қолды жетекші деп есептеуге болады.

«Кішкене қорапты ашу», мысалы, сіріңке қорабын. Әрекеттерді қайталау тесттегі бағалаудың кездейсоқтығын жою үшін балаға бірнеше қораптар ұсынылады.

Тапсырма. «Қораптардың біреуінен сіріңкені (пішінді) тап». Қорапты ашқан және жапқан қол жетекші болып саналады. Бұл тапсырмаға есеп таяқшалары бар қораптарды пайдалануға болады.

«Таяқшалармен (сіріңке) құдық құрастыр». Алдымен таяқшалармен (сіріңке) төртбұрыш құрастырылады, содан кейін екінші және үшінші қатарлар қосылады.

«Доппен ойын». Бір қолмен лақтырып және қармауға болатын кішкентай доп (теннис добы) керек. Доп тура баланың алдына столға қойылады және ересек адам оған сол допты лақтыруын сұрайды. Тапсырманы бірнеше рет қайталауға болады. Допты нысанаға лақтыру керек, мысалы кәрзеңкеге, шелекке, шеңберге. Суретті контур бойынша қайшымен кесіп шығу. Кез-келген ашық хатты (гүлді, қоянды, өрнекті және т.б. айналдырып кесу) пайдалануға болады.

Баланың қайшыны ұстап тұрған қолы және ашық хатты ұстап тұрған қолы белсендірек болатын фактіні ескере кеткен жөн. Қайшылар қозғалмауы мүмкін, ал кесу үдерісін жеңілдету үшін бала ашық хатты аударады. Егер де қайшының көлемі мен формасы баланың қолына сәйкес келмесе, қате қорытынды жасаудан сақтану керек. Бұл тапсырманы лотоның (картаның) карточкаларын жаюмен алмастыруға болады. Бала барлық карточкаларды (10-15 дана) бір қолына алып, ал екінші қолымен (ереже бойынша бұл жетекші қол) карточкаларды жаяды, яғни бұл кезде балаларға арналған лотоның карточкаларын пайдалануға болады. Карточкаларды бумасымен баланың алдына тура солдың ортасына қою керек және содан соң тапсырманы қайта тұжырымдау керек: «Барлық карточкаларды бір қолыңа ал, екінші қолыңмен оларды алдыңа жайып сал». Балаға қызық болу үшін, одан карточкада не салынғаны туралы айтуын өтіну керек.

Бисерді немесе түймелерді инеге немесе шнурға түзу баланың жетекші қолын анықтаудағы пайдаланылатын тапсырмалардың бірі болып табылады. Айналымалы қозғалыстарды орындау. Балаға қақпақпен бұралып жабылған бірнеше құтылар, банкілер (2-3 дана) ұсынылады. Баланың құты немесе банка қақпағын ұстап, өзі бұрай алатындығы ескеру қажет.

Түйіндерді шешу (қалыңдығы орташа бауларды алып түйіндерді тығыз байламау керек). Түйінді шешкен қол жетекші (екіншісі түйінді ұстап тұрады) болып саналады. Бұл тапсырмада жетекші қолды анықтау қиын болады, өйткені түйіндерді шешу – кәдімгідей күрделі үдеріс, бала да әдеттегідей екі қолын да пайдаланады. Бұл тапсырманың басқа нұсқасын қағаз қыстырғыштармен алқа жасауды пайдалануға болады. Әдеттегідей бала бір қолына қағаз қыстырғышты ұстайды да, екінші қолымен қыстырғыштарды бір-біріне қосуға тырысады.

Кубиктермен үй, қоршау және т.б. салу. Кубиктерді жиі-жиі алып, дұрыстап, жинап жатқан қол жетекші болып саналады. Кубиктерді жинау кезінде екі қол да жұмыс істейді. Сонымен қатар, бұл бала үшін әрекеттің әдеттегідей түрі, сондықтан балаға белгілі тапсырмаларымен конструктор және мозайканы ұсынып, тапсырманы қайталау керек.

Тапсырмаларды орындау нәтижелерін ойда сақтап отырмау үшін оларды төмендегідей кестеге орналастыру өте тиімді:

Тапсырма	Сол қол	Оң қол	Екі қол
1	+		
2		+	
3			+
...	+		

Егер де тапсырмаларды орындау кезінде бала сол қолмен белсендірек жұмыс істесе «Сол қол» бағанына (+) белгісі қойылады, оң қолды қаласа «Оң қол» бағанына қойылады. Егер де ол оң және сол қолдарын бірдей пайдаланса онда (+) белгісі «Екі қол» бағанына қойылады.

Кестеге сонымен қатар отбасылық солақайлық туралы деректер де енгізіледі. Егер де отбасында солақай туысқандар – ата-аналары, ағалары, інілері, әпкелері, сіңлілері, әжелері, аталары болса онда «Сол қол» бағанына (+) белгісін, егер де жоқ болса «Оң қол» бағанына (+) белгісін қою керек.

Егер де нәтижелерді есептегенде «Сол қол» бағанында 7-ден көп қосу белгісі жиналса, онда бала солақай болғаны. Егер де «Сол қол» бағанында 2-9 тапсырмаларға қосу белгілері жиналса, ал бірінші – сурет салуға – «Оң қол» бағанында қосу белгісі қойылады, яғни, шындығында тұрмыстық әрекеттерді бала сол қолмен, ал графикалық әрекеттерді оң қолмен жеңіл орындайды дегенді білдіреді. Бұл жағдайда, жазуға қолды таңдай отырып, графикалық тапсырмаларды орындаудағы оң қолдың артықшылығын ескере кеткен жөн. Баланың оң қолмен де сол қолмен де жазуды бастауы, кейде сол қолмен сурет салады да, оң қолмен жазу жазады немесе қаламды бір қолдан екінші қолға ауыстырып

отырады. Бұл оң қол мен сол қолды кезек-кезек қолдану баланың жазу дағдысының қалыптасу үдерісін қатты қиындатады.

Педагогтар «Бала қандай қаламды жиі пайдаланса сол қаламмен жаза берсін деген позицияны жиі ұстанады. Бірақ мұндай көзқарас жазудағы жетекші қолды таңдау келгенде жарамай қалады. «Графикалық функционалды артықшылық» (яғни, графикалық солақайлар да, графикалық оңқайлар да болуы мүмкін) және тұрмыстық әрекетте оң қолдың да, сол қолдың да пайдалану артықшылығын сипаттайтын (яғни, тұрмыстық солақайлар да, тұрмыстық оңқайлар да болуы мүмкін) «тұрмыстық функционалды артықшылық» деген арнайы терминдер бар.

Ғалымдардың зерттеулері дәлелдегендей, жағдайдың 90%-ында «графикалық солақайлар» «тұрмыстық солақайлар» екен. Оңқайларда да осындай қатынас. Бірақ та тұрмыстық және графикалық әрекетте де балалар амбидекстрлар бар. Мұның бәрі белсенді оқуға дейін жетекші қолды анықтау қажеттілігінің қандай маңызды екенін түсіндіреді. Жетекші қолды анықтаудың әр-түрлі тәсілдерін қолдану тәжірибеміз объективті нәтиже қабылдауды қамтамасыз ететін жағдайларды анықтауға мүмкіндік берді:

- диагностиканы (идентификация) жүргізу дербестігі
- тапсырмалардың жетімдігі;
- тапсырмаларды орындауға қажетті пәндердің орналасуы, баланың алдына, столдың дәл ортасына, оның оң және сол қолының бірдей қашықтығында.
- диагностиканың ойын формасы.

Ғылыми және әдістемелік әдебиет жетекші қолды анықтауға арналған әр түрлі авторлардың ұсынған көптеген әдістерінен тұрады.

Сонымен, біз өзіміздің зерттеу жұмысымыздың нәтижесінде мектеп жасына дейінгі балалардың бір қолдың екінші қолға деген басымдығының дәл бейнесін алуға мүмкіндік беретін, екі қолдың бірдей әрекетіне арналған сынақ-жаттығулар және әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы сұрыпталған ойын тапсырмаларынан тұратын әдістемелер кешенді қолдануға болатынын тұжырымдадық.

1. ҚР жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту стандарты. –Астана, 2012.
2. Брагина Н.Н. Функциональная асимметрия человека / Н.Н. Брагина, Т.А. Доброхотова. - М.: Медицина, 1988. - 289 с.
3. Безруких М.М. Леворукий ребёнок в школе и дома. Екатеринбург: ЛИТУР, 2001. 320 с.
4. Безруких М.М., Князева М.Г. Если ваш ребенок левша. Тула: Актоус, 1991. 70 с.
5. Леутин В.П., Николаева Е.Т. Психофизиологические механизмы адаптации и функциональная асимметрия мозга. Новосибирск: Наука, 1988. 193 с.
6. Вильдавский В.Ю., Князева М.Г. Метод определения и характеристики мануальной асимметрии в онтогенезе. // Физиология человека, 1989. Т. 15. № 1.С. 53-58.

Резюме

Жиенбаева Сайра Нагашибаевна – Казахский государственный женский педагогический университет, декан факультета педагогика и психологий, д.п.н., профессор

Акбердиева Насихат Дархановна – Казахский государственный женский педагогический университет, магистрант 2-курса

«Способы определения ведущей руки детей дошкольного возраста»

В статье анализируются особенности развития леворуких детей дошкольного возраста и их состояние исследования в дошкольной педагогике, различия в умении работать правой и левой рукой. А также рассматриваются исследования в общей и дошкольной педагогике об онтогенетическом развитии детей-левшей, на этой основе педагогическая поддержка в подготовке таких детей к школе, подготовить методы и приемы обучения.

Решение проблем леворуких детей, у которых имеются индивидуальные особенности в нервной системе, возможно лишь с учетом психолого- физиологических предпосылок. Чтобы избежать неприятных последствий повторных обучения, ведущую руку нужно определить правильно и вовремя. В связи с этим анализируются способы определения леворуких детей в научно-методической литературе.

Очень важно определить ведущей руки ребенка до школы. Поэтому в статье даются способы определения ведущей руки дошкольника.

Ключевые слова: левша, дети дошкольного возраста, психическое развитие, ведущий руки.

Summary

Saira Nagashibaevna Zhienbaeva – Kazakh State Women's Pedagogical University, Dean of the Faculty of Psychology and Pedagogy, Ph.D., professor

Akberdiyeva Nasikhat Darhanovna – Kazakh State Women's Pedagogical University, 2-year master student of preschool education and training

«The methods of determining the leading hand of preschool children»

The article analyzes the peculiarities of the development of left-handed preschool children, and its research situation in preschool education, and discusses the features of working with the right and left hand. In general and preschool pedagogic sciences the ontogenetic development of left-handed children and constructing methods and means of teaching on its basis, and the latest researches about pedagogic support of such children in preparing for school are discussed. The issue of solving the left-handers' problem is only possible taking into account psychological and physiological conditions on the support of the nervous system. To not to face retraining and unpleasant consequences it is very important to determine the leading hand in time. In this regard, the scientific literature provides techniques of identification of left-handed children. In the article shows the importance of determining the leading hand before going to school and the methods and techniques of its determination.

Keywords: left-hander, child of preschool age, psychic development, leading hand.

УДК:373.3.016:796

ФОРМИРОВАНИЕ МОТИВАЦИИ ЗАНЯТИЯМИ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРОЙ ШКОЛЬНИКОВ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

А.Н.Ильясова – д.п.н., профессор

Д.Д.Федорцов – магистрант 2-курса по специальности Физическая культура и спорт
КазНПУ им.Абая Алматы, Казахстан

В последнее время все чаще можно услышать о формировании мотивации младших школьников к занятиям физической культурой. Действительно в наше время мотивация является одним из основных побуждающих факторов к действию. В научной статье рассматривается мотивация младших школьников, чем они мотивированы на занятиях физкультурой. Особую роль в формировании потребности к занятиям физкультурой влияет окружение ребенка, очень важно определить кто влияет больше на ребенка его родители или преподаватель. Рассматривая эту проблему мы понимаем что в системе образования недостаточно высококвалифицированных специалистов которые могли бы оценить по достоинству каждого ребенка и найти к нему индивидуальный подход. Исходя из вышеперечисленного можно сделать вывод, недостаток опыта и знаний сказывается на качестве преподавания в школе.

Ключевые слова: мотивация, физическое воспитание, индивидуальность, анкетирование, учебный процесс, поведение, формирование, ученик, родители.

Особую и важную роль в формировании индивидуальности человека играет физическое воспитание.

Оно создает фундамент здоровья, для развития других сторон культуры человека. Поэтому одна из задач физического воспитания является сформирование потребности школьников начальных классов к занятиям физической культурой.

В настоящее время мотивация учеников недостаточно определена с научной точки зрения. Изучением этого вопроса занимались многие отечественные и зарубежные ученые, психологи и классики педагогики, Под мотивами, как утверждают Зуев В.Н., Сулейманов И.И. (1997) и Зигерт В., Ланг Л. (1990) мы понимаем активные движущие силы, определяющие поведение живых существ. Это может быть упорная работа, с воодушевлением и энтузиазмом, а может быть уклонение от нее. Поведение может иметь любые другие формы проявления. Всегда следует искать мотивы поведения.

Поведение человека обычно определяется не одним мотивом, а их совокупностью, в которой мотивы могут находиться в определенном соотношении друг с другом по степени их воздействия на поведение человека. Поэтому мотивационная структура человека может рассматриваться как основа осуществления им определенных действий.

Таким образом возникает потребность исследовать формирование мотивов занятиям физической культурой школьников начальных классов.

Среди занимающихся физкультурой основным мотивом, по данным многих исследований, является: *укрепление здоровья, получение удовольствия от занятий физической культурой*. Как уже известно мотивы делятся на 2 категории внутренние и внешние. К внутренним можно отнести

желание школьника заниматься физическими упражнениями увлеченно, как бы подталкиваемый силой внутреннего потока энергии. К внешним мотивам относиться желание выполнять какое то определенное упражнение, или занятие каким ни будь видом спорта, выполнять школьные нормативы, участвовать в соревнованиях. При этом внутренняя мотивация возникает лишь тогда, когда внешняя мотивация (задания, упражнения, нормативы, и т.д.) соответствует возможностям ребёнка.(Дуркин.П.К).

Таким образом, для того чтобы понять как правильно формировать стойкую мотивацию к занятиям физической культурой, мы решил провести исследование.

Для решение этой задачи был составлен опросник, и проведено анкетирование в котором приняли участие 79 учеников 4-х классов гимназии №56.

Ученикам предлагалось ответить на 4 вопроса с (предлагающимися ответами).

В результате проведенных исследований были получены следующие данные:

1) На вопрос вам нравится урок физкультуры?

Большее количество учеников ответило очень нравится (82%)

2) На вопрос для чего вы посещаете уроки физкультуры?

51% учеников ответило для развития физических качеств, 41% учеников ответили укрепить здоровье.

3) На вопрос кто может повлиять на формирование интереса к занятиям физической культурой? Большинство учеников ответило учитель что составило 39%, 32% ответило родители, 16% одноклассники, 10% друзья.

4) Что может повлиять на формирование интереса к занятиям физической культурой?

49% учеников ответило спортивные мероприятия проводимые в школе, 37% игры на физкультуре, 14% беседы. Подробно можно просмотреть в таблице результатов анкетирования 4-х классов.

Таблица: результатов анкетирования 4-х классов.

Вопросы																
№	№1				№2				№3				№4			
Класс	количество учеников	Нравится	Ненравится	Очень нравится	Ты можешь поиграть	Отдохнуть от занятий в классе	Укрепить здоровье	Развить физические качества	Получить оценку	Родители	Учитель	Одноклассник	Друзья	Спортивные мероприятия проводимые в школе	Беседы	Игры на физкультуре
4а,4Г,4б	79	28%	0%	82%	9%	0%	41%	51%	0%	32%	39%	16%	11%	49%	14%	37%

В нашей работе рассматривалось формирование мотивации к занятиям физической культурой школьников начальных классов. При изучении мотивов у учащихся разного возраста О.В.Дашкевич, В.А.Зобков определили, что для развития личности младшего школьника характерна потребность в движении, в самовыражении и общении. Тем самым учитель развивает у детей стойкую мотивацию к занятиям физической культурой путем средств и методов используемых в ходе учебного процесса.

Проведенные исследования позволяют сделать выводы о том что данное исследование помогло нам определить важность рассматриваемого вопроса, в ходе данного исследования мы получили данные по которым мы определили, что большинство учеников любят посещать уроки физкультуры. В связи с тем что им нравится уроки физкультуры дети активно работают на них, дети посещая уроки мотивированы тем, что работая на уроке они укрепляют свое физическое здоровье, и развивают свои физические качества. Особую и важную роль в формировании мотивации играет непосредственно учитель, так как он контролирует учебный процесс и подбирает нужные средства и методы для формирования мотивации к занятиям физкультурой. Так же важна среда обитания ребен-

ка, ребенок постоянно находится с родителями, именно их воспитание может влиять на его отношение к физкультуре, если в семье все положительно относится к уроку физкультуры и требуют от ребенка заниматься, записывают на секции то ребенок уже мотивирован к занятиям на уроке. Не мало важно понимать что друзья и одноклассники в редких случаях могут повлиять на положительное или отрицательное отношение к физкультуре так как посредством общения между собой узнают много нового и могут брать пример друг с друга что может положительно или негативно сказаться на их отношении к урокам физкультуры.




График – результатов анкетирования 4-х классов.

1. Асеев.В.Г Мотивация поведения и формирование личности. М: Мысль 1976
2. Дуркин.П.К. Формирование у школьников устойчивого интереса к занятиям спортом // теория и практика физической культуры 1995
3. Ильин.Е.П Мотивация и мотивы СПб Питер 2000.
4. Добровольский В.К. Физическая культура и здоровье 1967
5. Беласова В.В воспитание в спорте 1993
6. Захарова Е.Л как спорт помогает оценивать себя 1988
7. Ильин Е.П психология физического воспитания 2000
8. Андронов О.П физическая культура как средство влияние на формирование личности

Түйін

А.Н.Ильясова – п.ғ.д., профессор

Федорцов Д.Д. – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Дене мәдениеті және спорт мамандығының 2-курс магистранты
Алматы, Қазақстан.

«Бастауыш мектеп оқушыларының дене тәрбиесі ынталандыру қалыптастыру»

Соңғы жылдары дене шынықтыру пәніне деген оқушылар ынтасын қалыптастыру туралы жиі айтылады. Шынында да, біздің уақытта, мотивация негізгі ынталандыру факторлардың бірі болып табылады. Ғылыми мақалада сынып оқушыларының дене мәдениетіне деген мотивациясын қалай арттыру жолдары қарастырылады. Дене шынықтыру пәніне деген ынтасын арттыруда балаға қоршаған ортаның әсері – оның ішінде бала ата-анасының ба, немесе мұғалімнің рөлі басымдау бола ма деген мәселе айтылады. Осы жайларды зерделей отырып, әр балаға жеке қырынан келетін жоғары білікті мамандар әлі жеткіліксіз екендігі байқалады. Бұл мәселелердің бәрі сабақ сапасына әсер ететіні сөзсіз.

Тірек сөздер: ынталандыру, дене тәрбиесі, жекелік, анкеталау, оқу процесі, жүріс-тұрыс, қалыптастыру, оқушы, ата-ана.

Summary

A.N.Ilyasova - Ph.D., professor

D.D.Fedortsov - 2 undergraduate courses in Physical Education and Sports

Kazakh Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan.

«Formation of motivation of physical training of primary school children»

In recent years, increasingly heard about the formation of the motivation of younger schoolboys to physical training. Indeed, in our time, the motivation is one of the main motivating factors for action. In the scientific article discusses the motivation younger students than they are motivated to physical education. special role in shaping the requirements for physical education influences the child's environment , it is important to identify who influences more on the child's parents or lecturer. considering this problem , we understand that the education system is not enough highly skilled specialists who could appreciate each child and find him individually an approach. Based on the foregoing , we can conclude the lack of experience and knowledge affects the quality of teaching in the school.

Key words: motivation, physical education, personality questionnaires, the learning process, the behavior, the formation, the student, parents.

УДК 372.3

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН ТАНЫСТЫРУ АРҚЫЛЫ ТҰЛҒАЛЫҚ САПАЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қ.Аймағанбетова – *п.ғ.д., профессор ҚазМемҚызПУ*

М.Б.Утелова – *магистрант ҚазМемҚызПУ, Алматы қаласы*

Балалардың жан-жақты дамуына маңызды ықпал ететін қасиеттердің бірі танымдық даму арқылы баланың интеллектуалды қабілеті, тұлғалық сапасы және қоршаған ортаға (ересектерге, құрдастарына, қоршаған әлемге) деген дұрыс қарым-қатынасы қалыптасады. Баланың көзқарасымен әлем – жұмбаққа толы қызықты әрі өте үлкен. Баланы барлық нарсе қызықтырады, алайда қоршаған ортаның күрделі құбылыстары мен әрекеттерін түсіну біршама қиынға соғады. Ересек топтарындағы балаларда тірі және өлі табиғатқа деген қызығушылығы артып, адамгершілік қабілеттері қалыптаса бастайды. Тәжірибе барысында балаларда білуге, ұстап көруге, бақылауға деген қызығушылығы арта түседі. Балалардың қоршаған орта туралы түсінігі мен қиялы өздерінің тәжірибелік дағдыларын кеңейтуге, өз ойын білдіруге сонымен қатар өзі әрекеттенуде танымдық дамудың мағызы зор.

Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың қоршаған орта арқылы тұлғалық сапасын қалыптастырудың жолдары мен мүмкіндіктері қарастырылған.

Тірек сөздер: мектеп жасына дейінгі балалар, қоршаған орта, тұлғалық сапа.

Қазақстан мемлекетінің әлемдік жаһандану мен күрделі бәсекелестік жағдайында саяси-әлеуметтік жетістіктерге жету үшін халқымызға тән ұлттық рухын, білімі мен мәдениет деңгейін көрсетуде – егемендігіміздің жарқын болашағы болатын жалпыадамзаттық дүниетанымы жетілген, ұлттық рухани мәдениеті бай, өзіне сенімді, тұлғалық сезімдері дамыған азаматты жетілдіру өзектілігін айқындайды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында (2011 ж) [1] және Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында [2] көрсетілген мақсат-міндеттер мазмұнында мектепке дейінгі кезеңнен бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру керектігі айтылады.

Мектепке дейінгі балаларды қоршаған ортадағы: табиғат пен жануарлар әлемімен таныстыруда дүниетанымы мен өзара ізгілік қатынас және адамгершілік негіздерін қалыптастыру мүмкіндіктері Н.С.Құлжанова, В.Н.Андросова, Ә.Меңжанова, Х.Т.Шерьязданова, Қ.А.Аймағанбетова, С.Н.Жиенбаева, Ж.Т.Тасжурекова, Р.К.Керімбекова, Т.А.Левченко, Ә.С.Әмірова, А.Е.Манкеш, Ғ.З.Таубаева, Г.М.Метербаева, М.В.Минкина, А.А.Анциферова, Л.Н.Павлова, С.А.Козлова, С.А.Веретенникова, Д.Х.Азимова және т.б. ғалымдар зерттеулері мен еңбектерінде баяндалған.

Жоғарыда аталған зерттеуші педагог-ғалымдардың еңбектерінде зерттеу пәніне байланысты халық педагогикасында, жоғары оқу орнында мамандар даярлауда, мектеп оқушыларына пән сабақтары мен ұлы тұлғалардың бейнелері арқылы қоршаған ортамен таныстыру мәселелері әр қырынан шешімін тапқан. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында жасын және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, оның толыққанды қалыптасуы үшін дамыту ортасын құрайтын үздіксіз білім берудің бастапқы деңгейі анық белгіленген [3].

Тұжырымдаманың негізгі мақсаты мектепке дейінгі білім беруді ұлғайту жолымен балалардың білім алуына бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Бұл мектеп жасына дейінгі балалардың танып, білуге деген белсенділігін дамытудың басты бағыты болып табылады.

Көрсетілген құжаттар елімізде үздіксіз білім берудің жүйесін құруды көздейді, оның алғашқы буыны мектеп жасына дейінгі шақ болып табылады. Дәл осы жаста тұлғаның дүниетанымы қалыптасып, қоршаған ортаға деген қарым-қатынасы дамиды. Мектепке дейінгі шақ – тұлғаның танымдық мәдениеті мен білімділігінің дамитын ең маңызды кезеңі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнында балалар өмірін сақтау және денсаулығын нығайтуға, оларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулуға, баланың жеке басын үйлесімді дамытуға, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баурау арқылы оның мүдделерін қанағаттандыру мен қабілеттерін дамытуға, баланың қоғамдық-әлеуметтік, табиғи ортада өмір сүруі мен жемісті іс-әрекеттенуіне мүмкіндік беретін жеке тұлғаның әлеуметтік-рухани қасиеттерін қалыптастыруға, коммуникативтік, танымдық, ойындық және басқа да белсенділіктерін ынталандыру, білім алудағы қажеттілікті қалыптастыруға, бастамашылдықты, білуге құштарлықты, еркінбастылықты, өзін-өзі шығармашылық тұрғысынан көрсетуге деген қабілеттіліктерін дамытуға, әрбір баланың сезімталдық саулығын қамтамасыз етуге, оның өзін-өзі жақсы сезінуін дамытуға бағытталған.

Білім берудің әдіснамалық негіздері – тұлға, таным, іс әрекет, даму ортасы теориялары, бала тұлғасын жан-жақты және үйлесімді қалыптастыру туралы негіздер болып табылады. Бұл теориялар жеке тұлғаға білім беруді арнайы ұйымдастыратын іс-әрекеттерінде қарастырады.

Жаңа туған нәресте «адам» деп аталғанымен, «тұлға» деген атқа көпке дейін ие бола алмайды. Өйткені тұлға болып, ер жету үшін бала оңы мен солын, өзінің «менін» басқа «мендермен», яғни басқа адамдардан ажырата білуі тиіс.

«Тұлға» ұғымына байланысты педагогика және психология ғылымдарында әртүрлі теориялар қалыптасқан. Олардың әрқайсысы тұлға ұғымын және оның құрылымын түрліше түсіндіреді. «Психологияда тұлға – бұл пәндік іс-әрекетте және қарым-қатынаста индивидтің меңгеретін жүйелі (әлеуметтік) қасиет, ол индивидтің бойында қоғамдық қарым-қатынастардың қалыптасу деңгейін көрсетеді»[4]. Тұлға – таным, толғаныс және дүниеге деген көзқарас негізінде дүниені өзгертуші субъект ретіндегі нақты адам. «Тұлға – бұл адам болмысының идеалды ерекше формасы. Ол адамға субъективтілік сапасын береді, яғни өзінің себебі болуға, өзінің болмысын дүниеде жасауға мүмкіндік береді» [5].

Осылайша, бұл анықтамаларды талдай отырып, тұлғаны сипаттайтын үш мәнді қасиетті анықтайды. Олар: бағытталу, іс-әрекет, қарым-қатынастардың жиынтығы.

Қазіргі нарық қатынасында адамдарда еркін тәрбиелеу, әр тұлғаның өзіндік қасиеті мен икемділігін ашуға мүмкіндік беру, адамдардың өзін-өзі тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлуі қажет болып отыр. Осыған орай, біз шынайы тұлға қалыптастыру бос уақыттың жалпы мәселелерін, мақсат-міндеттерін жаңаша түсіну, баланы – оқу тәрбие ісінің субъектісі ретінде тану, жан-жақты толық жетілген тұлға қалыптастыруды жалпы адамзаттық мәдени құндылықтарды игеруге бағыттаймыз. Тұлғаны өзін-өзі дамытуға, жетілдіруге қабілетті, өзгермелі, әлеуметтік құндылық деп қарастыру қажет.

Толық мәндегі жеке тұлға болып қалыптаспаса да, оны алғаш рет тұлға деп қабылдауға негіз болатын, әрі қарай дамуға, жетілуге бейімдейтін сапалар пайда болады. (К.А. Абулаханова-Словская) А.Г.Асмолов, А.А.Давыдов, Ф.В.Бернес және басқалар).

Қазіргі таңдағы Қазақстандағы философия ғылымында «Өзін қоршаған ортаны анық білуге, танып білуге деген ерекше ұмтылыс – адамды ақыл-парасаттың, сана-сезімнің иесі ретіндегі ең басты қасиеттерінің бірі деп түсіндіріледі [6,250б]. Адамның сана-сезімі мен ақыл-ойы қабілетінің өзін қоршаған ортаға қатынасы қандай, табиғат пен қоғамның адамға оның ішкі рухани дүниесіне әсері қандай деген сұрақтар философияның ең түйінді мәселесі болып табылады.

Д.Кішібеков, Ұ.Сыдықов өздерінің «Философия» атты оқу құралында: «Таным барысында адам өзін қоршаған ортаны игереді, ол туралы білімі кеңейіп, тереңдей түседі, адамның заттар мен құбылыстар туралы жалпы мәліметі ішкі мәнге қарай ұмтылып, жүйелі, шынайы білімге айналады. ...айналаны қоршаған табиғат құбылыстары мен қоғамда болып жатқан түрлі оқиғалар мен өзгерістер дүниені сырттай бақылаушы енжар адамның сезімі мен санасына әсер етіп, өз іздері мен белгілерін қалдырады» [6, 231-235-б]. Бұл факторлар тұлғаның қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Ғылымда оны шартты түрде макроорта деп атайды. Екінші фактор – микроорта. Оған макроортаның нақты адаммен тікелей байланыста болатын бөлігі, яғни отбасы, ұжым, қоғамдық ұйымдар және адамның

еңбек ету, оқу уақытынан тыс өзі пікірлесетін, араласып тұратын ортасы, дос-жарандары жатады. Үшіншіден, білім және тәрбие беру үдерісі. Төртіншіден, өзін-өзі тәрбиелеу. Осы аталған факторлардың мән-мағынасы, өзара байланысы, тұтастығы мен бірлігі адамның кісілік болмысына ықпал етуде қоршаған ортаның тәрбиелік мәніне аса зейін қойған.

Философ Қ.Әбішев адам өзін қоршаған дүниенің қандай екендігін өзіндік белгілі бір мәнділік ауқымда игереді және өңдейді. Оны адамдық сырға толы етеді. Белгілі мәдениеттің шеңберінде өскен адамға бүкіл әлем де соған сай адамға адамдық сырға толы екендігін адамның қоршаған ортаға деген өзіндік ықпалын көрсеткен [7,856].

Адамзат баласының қоршаған ортаға деген дүниетанымдық көзқарастары жөнінде ғалым Ә.Х.Тұрғынбаев: «Әрбір адам жастайынан дүниені танып біле бастайды, заттар мен құбылыстар жайында білімдер жинақтайды, өзіне-өзі ара-арасында бұл заттар мен құбылыстар неге олай, дүние неге бұлай құрылған, адамның тууы мен өлімінің, бақыты мен қайғы-қасіретінің себебі неде деген сияқты мыңсан сұрақтар қояды» - деп, жетілген патриот тұлғаның заңды танымына философиялық астармен жауап береді [8,86]. Аталмыш философ ғалымдарымыздың тұжырымдарымен таныса отырып, адамға қоршаған ортада бағдар жасауына көмек беретін ғылым екенін, осы ғылымның жетістіктері негізінде қоршаған ортаны тану қалыптасады және қоғамның тарихи тәжірибесінде оның мәдениетіне сүйенеді, әлеуметтік дамудың жеткен деңгейі мен өмір сүру тәртібін бейнелейтіндігін аңғаруға болады. Адам баласының өзін қоршаған дүниеге көзқарасы заңдылықтарының мәнісін, өзінің табиғат пен қоғамға қарым-қатынасын танып білуге деген талпынысының бастауы тым әріде жатыр. Таным үдерісін адамзат болмысынан тыс алып қарастыруға болмайды, себебі, таным адам санасының дамуының негізі болып табылады. Таным теориясының мәселелері философия ғылымымен бірге жасасып келе жатқан көне тақырыптық мәселелердің бірі болып саналады.

Аталған ғалымдардың философиялық пікірлерінің түйіні қоршаған ортада жеке тұлғаның рухани даму мүмкіндіктерін таным теориясының мәселелік сұрақтарын болжауда негізге алынғаны байқалып тұрады.

Бертін келе, Ресей философтары А.Т.Спиркин, Е.Ф.Солотов, В.Н.Лавриненко, В.П. Ростинкова [9] және т.б. табиғатты танып білу, игеру барасында адам қоршаған ортаға ауқымды, қуатты ықпал ете алатын күш екенін және осы қарым-қатынас барысында дүниетанымы қалыптасатынын әр салада дәлелдейді, адам бар жерде таным үдерісінің саналы жүріп жататынын қарастырған.

Психолог А.А.Люблинская өз еңбектерінде мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған ортаның жақын және жеткілікті мазмұнымен таныстыруды ұсынады, сонда баланың айналаға, қоғамдық өмірге деген бастапқы жағымды көзқарасын қалыптастыру жүзеге асатындығына тоқталып өтсе [10,91с], В.С.Мухинаның зертеуінде, мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшелігіндегі психикалық даму ерекшеліктерін талқылай келе, оларды дамыту мен үйретудің психологиялық жолдарын қарастырады. Балалардың қоршаған әлеммен танысуы жайында: «Психологиялық дамудың бірдей жас шағы кезеңіндегі балаларды біріктіретін негізгі психикалық белгілер – олардың қоршаған дүние көзқарасы, олардың қажеттіліктері мен қызығулары және осы қажеттілік пен қызығулардан туындайтын бала іс-әрекетінің түрлері. ...Бала қоршаған дүниені танып, өз қылықтарының салдарымен танысып, ненің жақсы және жаман екенін түсіне бастайды» - деген ғылыми тұжырымдарын ұсынады [11,157б]. Осы тұрғыда белгілі психолог В.Г.Ананьев баланың даму жолында: «Тұлғалық сапасы бала жануарлар мен өсімдіктер әлемінен хабардар болып, қоршаған ортаны, ересек адамдардың еңбегі мен күресін, осы еңбек пен танымның «субъектісі ретінде өзін танып біледі»- деген құнды пікір білдірген [12,53с].

Профессор Х.Т.Шерязданова: «Баланы қоршаған ортамен таныстыру – баланың психикасын дамытудың, оның жеке бастық сапасын қалыптастырудың қажетті шарты. Тәрбиешінің міндеті – заттар жөніндегі, адамдар мен олардың еңбегі жайындағы білімдерін, адамдардың ой-өрісін кеңейту болып табылады. Қоршаған ортаны танып білу балаларды адамдарға деген сүйіспеншілікке, олардың қайғысы мен қуанышына ортақтасуға, мейірімділікке, еңбек адамын құрметтеуге тәрбиелеу мен тығыз байланыстырған жағдайда ғана пайдалы болып табылады» - деген жолдармен түсіндіреді [13,49б]. Ғалым қоршаған ортамен таныстыруда баланың жас ерекшелігіндегі жеке танымдық сапаларын дамыту жолдарын зерттеуде баланың толық қанды жетілуінде қоршаған ортаның маңыздылығы жөнінде құнды деректер келтірген.

Ғалым К.А.Оразбекова мектеп жасына дейінгі балаларға қоршаған ортаны, ондағы қоғамдық құбылыстар мен оқиғаларды тану нәтижесі білім болып табылатынын, оларды тану тікелей сезімдік қабылдау арқылы, аралық жолмен (ересек) және кітаптарға жекелеген заттарды немесе құбылыстарды сөзбен бейнелеу арқылы жүзеге асатындығын жазды. Баланың қоршаған ортада ой түйе көрсеткіштерін:

1. Елестету түрінде, яғни қабылданған заттар мен құбылыстардың көп немесе аз көлемде жинақталған бейнелері түрінде; 2. Түсінік түрінде, яғни жалпы мәнді белгілерге ие болатын заттар мен құбылыстардың бір тобы туралы, жинақталған сөз қоры туралы; 3. Жеке бір нәрселер, заттар туралы мәліметтер (айту, хабар) түрінде; 4. Бірден нақтылы, іс жүзінде белгілі бір қасиеттер, не бүтіндей барлық заттар туралы түсінік беру (әңгімелесу) түрінде, аңғару, айту түрінде; 5. Заттардың арасындағы байланыстарды аңғару түрінде; 6. Оюмен ойды жеткізу» деп [14,1636] дәлелді түрде бөліп көрсеткен. Сонымен қатар «Есте сақтау үшін қайталау қажет» - дейді психолог М.М. Мұқанов, яғни естің екі түрі болатыны белгілі. Ол «уақытша ес», «алыс уақыттағы ес». «Уақытша ес» - алғаш қабылданған хабарлар болса, жаттығу нәтижесінде «алыс уақыттағы еске» жетіп, сонда сақталады. Сайып келгенде, психологтар зерттеулерінде қоршаған ортамен танысу кезінде баланың тұлғасында қоғамдық болмысқа және айналадағыларға адамгершілік аялы көзқарасының қалыптасуына байланысты тұлғалық сезімінің дамыту жолдары айтылады. Шындығында, оқыту мен тәрбиелеу іс-шараларының біртұтас үдеріске айналған жағдайында баланың ішкі-табиғи қызығушылықтары мен танымдық белсенділіктері негізге алынып, оның жеке тұлға ретінде баланың жас, жеке дара құндылық ерекшеліктерінің дамуы мен қалыптасуы жүзеге асады. Бала қоршаған ортамен таныса отырып, әлемнің бейнесі немесе «картинасы» қалыптасады.

Елімізде мектепке дейінгі педагогика ғылымында қоршаған ортаның бала тәрбиесіндегі орнын ерекше бағаланған.

Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық үдерісте балалардың жас ерекшелігін ескере отырып қоршаған ортамен таныстыруда әдістермен құралдардың үйлесімділігі олардың тұлғалық сезімдерінің табысты дамуына ықпал етеді.

Көркем әдебиет арқылы қоршаған ортамен таныстыруда балалардың дүниетанымын, тілін дамыту мен адамгершілік тәрбие беру арқылы тұлғалық сезімін қалыптастыру мәселесін ішара қарастырған В.Н.Андросова, Б.Баймұратова, Ә.Меңжанова ғылыми зерттеулерінің маңызы зор. Мәселен, еліміздің педагог – ғалымы Б.Баймұратованың еңбектерінде қазақ тілді балалабақшалардың оқу мен тәрбие жұмыстарын ғылыми негізде жаңартуға көптеген еңбектер сіңіреді. Ғалым қоршаған әлем баланың тұлғалық сапаларын қалыптастырудағы мәнділігін ескере отырып, осы бағытта бала тілін дамытуда әдістемелік құралдар ұсынып отырған. Баланың тілін қоршаған орта Отан, туған жер, халықтың мәдениеті, салт-дәстүрі, табиғаты, шаруашылығы, еңбек адамдары туралы түсінік беру арқылы дамытуды, тәрбиелік міндеттердің бірі ретінде тұлғалық сапаларын қалыптастырудың шешуді мақсат еткен.

Қоғамдық өмір құбылыстың тәрбиелік мәніне ғалым В.Н.Андросова әрбір тәрбиелеуші өз елінде болып жатқан қоғамдық мәні бар оқиғалардан хабардар болып, баланың тілін дамытуда мемлекеттік маңызы бар мәселелерді балалар ұғымына шақтап түсіне алатындай жеткізіп отырса, Отанын сүйетін азамат ретінде күн санап қалыптаса бастайтындығын өз еңбегінде дәлелдеуге тырысқан. Профессор Ә.Меңжанова мектепке дейінгі педагогикада елеулі еңбек сіңірді. Ғалым баланы жан-жақты жетілдіруде қоршаған ортаны төмендегіше етіп көрсетеді: «Орта деген ұғымға стихиялы түрде балаға ықпал ететін әр қилы сыртқы құбылыстардың жиынтығы жатады. Орта адамның дамуына елеулі әсер етіп отырады. Баланың дамуы үшін: 1) табиғи орта (тамақ, ауа, жылу, жарық), географиялық орта (климат, жыр мезгілдеріне байланысты өзгерістер, тау-тас, қырат, жазық өзен, көл, оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс); 2) әлеуметтік орта қажет. Оған қоғамдық өмір, адамдар, олардың саналы іс-әрекеттері, қарым-қатынастары, мәдениеті, әдебиеті, саясаты, идеологиясы т.б. жатады. Бұлар балалар өміріне, денесі мен жүйкесінің тарихи дамуына байланысты өзгеріп отырады [15,102-б]. Әрбір жаңа ұрпақ аға ұрпақтың күшімен құрылған жаңа қоғамдық жағдайда туып, өседі. Адам әлеуметтік ортасыз адам болудан қалады. Төрт түлік мал туралы көркем шығармалар арқылы адамгершілікке және еңбекке тәрбиелеуде ұлттық еңбек дәстүрін, еңбек адамдарын және адамгершілік моралды үйрету арқылы тұлғалыққа мектепке дейінгі кезеңнен бастауды насихаттайды.

Қ.А.Аймағамбетова, А.Е.Манкеш, Р.К.Керімбаева, Н.С.Сайлауова, Г.М.Метербоева еңбектерінде қошаған ортадағы табиғаттың балалардың тұлғалық сезімін, өзінің еліне деген қызығушылығын қалыптастырудың көзі ретінде қарастырады. Профессор Қ.А.Аймағамбетованың авторлығымен

жарық көрген көптеген еңбектер желісінде айнала қоршаған дүние, табиғат пен адам және табиғаттағы еңбегі жайында қозғалған мәселелері балалардың алғашқы дүниетанымдық түсініктерін қалыптастыру, патриоттық тәрбие беру негіздері бола алады. Ғалым өз зерттеуінде: «Баланы айналамен таныстырудағы негізгі мақсат олардың қоршаған табиғат, адам және еңбек туралы алғашқы түсінігін қалыптастыру, қоршаған ортамен таныстыру, табиғатпен таныстыру ғана емес, сонымен бірге адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасында, табиғат пен қоғамнан өздері көріп, сезіп, бақылап, байқай алатын заттар мен құбылыстарға сүйеніп, соған негіздей отырып, білім беруді көздеу болып табылады» - деген тұжырымын білдіреді [16,56-6].

Г.М.Метербаева мектеп жасына дейінгі балалар қоршаған дүниемен оның ішінде табиғат құбылыстарымен таныстыруда, балалардың тек сөздік қорлары дамып қоймайды, сонымен бірге қоршаған ортаны қорғау көзқарасы қалыптасатынын айта кетеді. Балалардың қоршаған орта туралы алғашқы білімді өмірде қолдана білуі, оларды түсінуі, салыстыруы, өз ойын жүйелі түрде шығармашылықпен жеткізуі байланыстырып сөйлеуді қалыптастырудың нәтижесінде болатындығын зерделейді [17,150-6].

Зерттеулерге сүйене отырып, табиғатты мектеп жасына дейінгі балаларға бастапқы тұлғалық тәрбиелеудің басты бағыты бола алатынын айта кеткен жөн.

Мектепке дейінгі педагогика тарихына үңілсек, тәрбиелеу мен білім беру үдерісінде қоршаған ортамен таныстыру төмендегіше бөлімдерден құралып, іс жүзіндегі тәрбиелеу ісінде қоланылып отырған. Оған:

- қоғамдық өмір құбылыстарымен таныстыру;
- әлемдегі айнала қоршаған заттар туралы қарапайым түсінігін қалыптастыру;
- табиғатпен таныстыруды жатқызамыз. Аталған бөлімдердің әрқайсысының өзі тұлғалық сапаларын қалыптастырудың негізгі міндеттеріне айнала алды. Себебі, мектеп жасына дейінгі жастағы балалардың қоғамдық өмір құбылыстарымен таныстыруда жас ерекшеліктері ескеріліп, қоғамда болып жатқан түрлі жаңалықтарға балалардың назарын (көре, ести, анықтай, тани білуін) аударып, қызығушылығын арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізіледі. Өзін қоғамдағы болып жатқан әр түрлі тарихи құбылыстар мен туған жері және үлкендердің күнделікті іс-әрекеті туралы білімдерін жетілдіру балада өз ортасына деген қарапайым дүниетанымы қалыптасуына себебші болады. Соның нәтижесінде жауапкершілік, ұстамдылық, борыш сезімінде еріктік сапалары қалыптасып, отбасы, қатарлары, зиялы қауымдар т.б. мағлұмат беріліп, қарым-қатынасты мәдени тұрғыда (әдептілікке, сыйластыққа және т.б.) меңгертуге күш салады.

Мектеп жасына дейінгі жастағы балалардың *әлемдегі айнала қоршаған заттар туралы қарапайым түсінігін қалыптастыруда* қоршаған орта жөнінде ұғымдарын байытатын нақты ғылыми мәліметтер алуының маңызы зор. Әлемдегі айнала қоршаған заттар туралы қарапайым түсінігін қалыптастыру кезінде балалардың сенсорлық тұрғыда жетілуіне мүмкіндік жасалады. Балаларға заттардың болмысы, оның қайдан келетіндігі жөнінде мағлұмат беріледі. Баланың өмірлік бағыт-бағдарындағы – қажеттілігінен экология, азаматтық борыш, өзіндік ерік сапалары: ұқыптылық, жауапкершілік, үнемділік және т.б. негіздері қаланады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тұлға ретіндегі танымдық қабілеті бірден дамымайды, белгілі бір әрекет барысында жинақталған субъектілік тәжірибе барысында ғана (құнды, рефлексиялық тәжірибе, әдеттегі активтеу, серіктестік), тұлғалық білімнің біртіндеп нығаю жолы әрекет барысында өзін-өзі реттеу, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау сынды қалыптасу әрекетінің сапалық сипатын өзгертеді. Мектеп жасына дейінгі баланың дамуы – оның қызығушылығы, әрекеті, сұрақ қойғыштығы, өзіне керегін іздестіру арқылы жүзеге асырылады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тұлға ретіндегі танымдық қабілеті бірден дамымайды, белгілі бір әрекет барысында жинақталған субъектілік тәжірибе барысында ғана (құнды, рефлексиялық тәжірибе, әдеттегі активтеу, серіктестік), тұлғалық білімнің біртіндеп нығаю жолы әрекет барысында өзін-өзі реттеу, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау сынды қалыптасу әрекетінің сапалық сипатын өзгертеді. Мектеп жасына дейінгі баланың дамуы – оның қызығушылығы, әрекеті, сұрақ қойғыштығы, өзіне керегін іздестіру арқылы жүзеге асырылады.

Баланың танымдық дамуын қалыптастыруда ересектер үлкен рөл атқарады: баланың өзі анықтаған, ұйымдастырған және ынталандырған даму әрекетінің ауысып отыруын қамтамасыз етіп отырады.

- изилдөө методу менен таанып билүүчүлүк, изденүүчүлүк, долбоорлук маселелерди чыгаруу көндүмдөрүнө ээ болуу.

Ушулардын негизинде жана көптөгөн методикалык иштерди жүргүзүүнүн негизинде төмөндөгүдөй жыйынтыктарды чыгарууга болот:

1. Математиканы окутууда окуучулардын изилдөөчүлүк жөндөмдүүлүгүн калыптандыруу жана өркүндөтүү зарыл.

2. Окуучулардын изилдөөчүлүк жөндөмдүүлүгүн калыптандырууга жана өркүндөтүүгө төмөндөгүлөр шарт түзөт:

а) математиканы окутууда сабактарды проблемалык түрдө берүү;

б) математика сабагында ар кандай ой жүгүртүү ишмердүүлүгүн колдонуу (анализ, синтез, жалпылоо ж.б.).

3. Изилдөөчүлүк ишмердүүлүгүн уюштуруунун оптималдуу формасынын бири болуп окуучулардын математика сабагынан класстан сырткаркы иштерди уюштуруу эсептелет, бул жогорку класстын окуучуларынын изилдөө жөндөмдүүлүктөрүн эффективдүү калыптандырат жана өркүндөтөт.

1. Колеченко А.К. *Энциклопедия педагогических технологий / Пособие для преподавателей.* – СПб: КАРО, 2002. – 152с.

2. Панина Т.С., Вавилова Л.Н. *Современные способы активизации обучения.* – М.: Издательский центр «Академия», 2007.-176с.

3. Полат Е.С., Бухаркина М.Ю., Моисеева М.В., Петров А.Е. *Новые педагогические и информационные технологии в системе образования.* М., 2005.-98с.

Резюме

Школа (помимо семьи) выполняет основную воспитательную и развивающую функцию, поэтому система образования обуславливает социальные, экономические, культурные изменения в стране как изменение социального заказа, и основной своей задачей считает – научить ребенка размышлению. Ценность не в количестве полученных знаний (но, и это очень важно), а в умении регулировать поток информации, находить нужную информацию, в обработке информации, делать соответствующие выводы, умении планировать свою дальнейшую деятельность.

Статья посвящена вопросам эффективности совершенствования «исследовательского умения» школьников на уроках математики, а также изучению вопросов влияния исследовательской деятельности учеников на активизацию их мыслительной деятельности, совершенствование познавательной и социальной активности, раскрытие интереса к учебе, расширение мировоззрения, адекватное восприятия знаний и возможности умелого использования знаний.

Ключевые слова: исследовательское умение, исследовательская позиция, исследовательское знание, компетентность, проект, умение, исследовательская деятельность, вариативный, эффективный, мобильный, особенности, культурные ценности, организация, уровень, поток информации и т.д.

Summary

The school (other than family) does most of the educational and developmental function, so the education system determines the social, economic and cultural changes in the country as a change in the social order, and considers its main task - to teach the child thinking. Value is not the amount of the acquired knowledge (but, and this is very important), and the ability to regulate the flow of information, find the information in the information processing, draw conclusions, the ability to plan their future activities.

Article is devoted to the efficiency improvement of "research skills" students in mathematics lessons, as well as the study of the impact of the research activities of students to activate their mental activity, improvement of cognitive and social activity, disclosure of interest in education, the expansion of world, an adequate perception of the knowledge and capabilities of skillful use of knowledge.

Keywords: research skills, research positions, research knowledge, expertise, project skills, research, variability, efficient, mobile, especially, cultural values, organization, level, flow of information, etc.

УДК:796,011,3:736,3.

ВОССТАНОВИТЕЛЬНЫЕ И ПСИХОТЕРАПЕВТИЧЕСКИЕ МЕТОДЫ СПОРТСМЕНОВ

Т.Т.Ережепов – магистр, ст. преподаватель КазНПУ им. Абая

В основе развития спортивной психологии лежит постоянно усиливающийся интерес к природе человеческого бытия, условиям его развития и формирования в человеческом обществе, особенностям его взаимодействия с другими людьми. В настоящее время невозможно осуществление многих видов деятельности в науке, медицине, преподавании, в игре и спорте без знания и понимания психологических закономерностей. Статья предназначено для спортсменов, тренеров, методистов и широкого круга специалистов, работающих в сфере спорта.

Ключевые слова: релаксация, аутогенная тренировка, психологическая подготовка, спорт, нагрузка, формирование, самоубеждение, саморегуляция.

Существующие независимо от нас эмоции отражают наше отношение к окружающему, позволяет оценивать происходящее с точки зрения значимости для организма. Тесно взаимосвязаны с ориентировочной реакцией и биологически целесообразны, т.к. мобилизуют организм к условиям деятельности в новых условиях [1].

Релаксация устраняет страх и может быть рекомендована для устранения эмоциональной напряженности, чувства тревоги, психогенного беспокойства, волнения во время публичного выступления, в спорте.

Аутогенная тренировка – один из методов психотерапии, метод самовнушения, предложенный Шульцем в 1932 году. В ней привлекают простота лечебных приемов, сочетающихся с выраженной эффективностью психологического воздействия, способствующего нормализации высшей нервной деятельности, коррекции отклонений в эмоциональной и вегето-сосудистой сфере, повышению эффективности лечения. С АТ связаны проблемы управления и адаптации поведения.

Широко распространено мнение, что АТ - отпрыск гипноза, успокаивающее средство с общим седативным эффектом. В настоящее время существует ряд модификаций методов АТ, направленных

на психофизиологическую активацию, стимулирующих нервно-эмоциональное напряжение для определенного состояния [2].

Метод активно включается в психотерапию при полном сохранении самоконтроля и инициативы личности.

АТ способствует снижению нервно-эмоционального напряжения, чувства тревоги, эмоционального дискомфорта, оказывает нормализующее воздействие на основные физиологические функции. Под влиянием АТ улучшается настроение, нормализуется сон, повышается уровень функционирования и произвольной регуляции различных систем организма, происходит активизация личности.

Нейрофизиологические и нейропсихологические механизмы саморегуляции.

Базисным элементом АТ является тренированная мышечная релаксация, на фоне которой реализуются специфические приемы аутодидактики и аутосуггестии. Выделяют два основных типа реагирования на эмоционально значимые стимулы: психосоматическое, при котором отреагирование осуществляется во внутренней сфере, и социальное, когда разрядка направлена во внешнюю сферу. Первый тип обеспечивает надежное функционирование регуляторных механизмов организма и личности. Тренировка произвольного управления и коррекции возникающих отклонений составляют основную цель психотерапевтических приемов и механизмов АТ [3].

Существенным коррелятом отрицательных эмоций является мышечное напряжение.

Переходное состояние связано с релаксацией. Релаксация вызывается самовнушением и служит базой на которой основывается дальнейшее самовнушение. Используемые механизмы АТ способствуют снижению роли соматического компонента отрицательных эмоциональных переживаний. Путем специфического воздействия на корковые интегративные процессы она приводит к восстановлению внутреннего равновесия, а при длительном применении метода – к регуляции функций на качественно новый уровень, обеспечивающий оптимальное реагирование.

Состояние мышечной релаксации и покоя, возникающие во время АТ сопровождается ослаблением тонуса мускулатуры и угнетением эмоциональной напряженности.

1. Снижение чувства тревоги, волнения, эмоциональной напряженности.

Для мышечной релаксации овладевают 1 и 2 стандартными упражнениями.

Лицам, страдающим страхом перед публичным выступлением рекомендуется вызывать образы, связанные с ассоциацией покоя. Перед выступлением следует сказать:

«Я спокоен». Выйти, сделать вдох и выдох и перенести центр тяжести на ведущую ногу, мышцы остальных конечностей и лица расслабить, принять спокойную непринужденную позу.

2. Регуляция сна.

АТ позволяет засыпать и пробуждаться в заданное время.

Для вызывания сна проводится первое упражнение без выведения из состояния покоя.

Релаксация переходит в сон.

Для пробуждения применяют самовнушение.

3. Краткосрочный отдых.

Для быстрого восстановления сил рекомендовано погружение в релаксацию на 5-15 минут с самовнушением бодрствования.

4. Активизация сил организма.

С помощью АТ возможно устранение сонливости, вызов чувства бодрости, подготовка к действию. Для этих целей возможно самовнушение стенических эффектов: гнева, ярости, вызывания соответствующих образных представлений и сопутствующим им соматических проявлений. Например, вызывание образов, связанных у данной личности с активной деятельностью. Возможно прямое самовнушение чувства бодрости по окончании сеанса АТ [4].

Укрепление воли, коррекция поведения, характерологических особенностей и мобилизация личностных ресурсов. Для укрепления волевой активности применяют метод самовнушения в состоянии релаксации. Формулы индивидуальны, но краткие и в утвердительной форме. Например: «Намерения тверды», «Намеченное выполняю».

Для борьбы с вредными привычками, корректировки нежелательных характерологических особенностей применяются формулы: «Уверен в себе», «Я людям приятен», «Говорю тихим голосом», «Спокоен, всегда спокоен» (повторять следует 5-10 раз в покое или прибегая к элементам внушения).

Применение АТ позволяет ускорить обучение и повысить эффективность работы. При этом удается повысить скорость ответных реакций, установить внимание, улучшить оперирование данными

ми, способность распознавать сигналы, а также стабилизирует эмоциональную устойчивость в экстремальных условиях.

АТ способствует подготовке человека к пребыванию в экстремальной обстановке, понижает эмоциональную напряженность, ситуационно обусловленную, повышает скорость адаптации. С помощью АТ можно также влиять на концентрацию внимания, объем памяти и влиять на биоритмы.

Классическая методика И. Шульца.

Перед началом упражнений тренирующемуся в доступной форме объясняют физиологические основы метода и ожидаемый эффект.

Тренировку можно проводить в любое время дня.

Первые сеансы проводят в теплом тихом помещении, при неярком свете, в дальнейшем занимающийся в состоянии не обращать внимания на эти факторы и может проводить сеансы даже в автобусе, хорошо владея методикой. Важно принять удобное положение, исключить мышечное напряжение. Тренировку проводят либо сидя, либо полусидя, либо лежа. Для большей сосредоточенности следует закрыть глаза.

Классическая методика Шульца включает следующие упражнения:

1) упражнение на вызывание ощущения тяжести. 3-4 раза в день следует повторять: «моя правая рука очень тяжела» - по 5-6 повторений и 1 раз: «Я совсем спокоен».

Когда ощущение возникает легко и проявляется отчетливо, упражнение усвоено.

2) упражнение на вызывание ощущения тепла.

Сначала следует вызвать ощущение тяжести, потом 5-6 раз сказать: «моя правая рука теплая» и 1 раз: «Я совсем спокоен».

3) управление ритмом сердечной деятельности.

Необходимо мысленно научиться считать АД и ЧСС. Вначале – лежа, правую руку приложить к левой лучевой артерии или к сердцу. Под локоть подложить подушки. Сначала вызвать ощущение тяжести и тепла. Затем 5-6 раз повторить: «Сердце бьется спокойно и ровно» и 1 раз: «Я совсем спокоен».

4) овладение регуляцией ритма дыхания.

Предварительно выполняют 1, 2, 3 упражнения, затем 5-6 раз повторяют: «Дышу спокойно и ровно» и 1 раз «Я совсем спокоен».

5) Упражнение на вызывание тепла в эпигастральной области.

Сначала 1-4 упражнения, затем 5-6 раз сказать: «Мое солнечное сплетение излучает тепло» и 1 раз: «Я совсем спокоен».

6) Упражнение направленное на вызывание ощущения прохлады в области лба.

Сначала 1-5 упражнения, затем 5-6 раз повторить: «Мой лоб прохладен» и 1 раз: «Я совсем спокоен».

Когда эти упражнения хорошо освоены, некоторые формулы можно заменять: «Спокойствие...», «Тепло...», «Тяжесть...», «Сердце и дыхание спокойно», «Лоб прохладен», «Солнечное сплетение теплое».

В конце сеанса – руки сгибают и разгибают в локтевом суставе 3 раза, сопровождая это глубоким вдохом-выдохом, следует широко открыть глаза.

Каждое новое упражнение тренинга повторяют для усвоения в течение 2 недель по 3-4 раза ежедневно. На освоение всей методики требуется 12 недель.

Это приведены упражнения стандартной «низшей» ступени. К высшей ступени – аутогенной медитации (самосозерцанию) относится управление к учением ярко визуализировать представления и погружать себя в «нирвану». Но это направление методики не нашло широкого клинического применения [5].

1. Ананьев Б.Г. Избр. психологические труды. М.: Педагогика, 1980. Т. 1.

2. Вяткин, Б.А. Управление психологическим стрессом в спортивных соревнованиях /Б.А.Вяткин. – М., 1981.

3. Горбунов Г.Д. Влияние физических нагрузок на психические процессы: Канд. дис. Л., 1967.

4. Григорьянц И.А. О перспективах развития психологии спорта. Психология онлайн, 2007.

5. Мельников, В.М. Психология спорта /В.М.Мельников, А.Л.Попов. – М.: РГАФК, 1998.

Түйін

Т.Т.Ережепов – магистр, аға оқытушы Абай атындағы ҚазҰПУ
«Спортшыларды қалыпқа келтірудің психотерапевтикалық әдістері»

Мақалада спортшыларды қалыпқа келтірудегі психотерапевтикалық әдістердің мәні, оның спорттық жетістіктерге жетудегі алатын орны мен аутогендік жаттығу салалары жіктелген. Сонымен қатар бұлшық етті босату факторларына тоқталып, оған әсер ететін жаттығулар мен әдістер берілген.

Тірек сөздер: бұлшық еттің босауы, аутогендік жаттығу, психологиялық дайындық, спорт, жүктеме, қалыптастыру, өзін-өзі сендіру, өзін-өзі реттеу.

Summary

T.T.Erezhepov - Master of Art. teacher Kazakh National Pedagogical University named after Abai
«Restoration and psychotherapeutic methods athletes»

At the heart of the development of sports psychology is steadily increasing interest in the nature of human existence, the conditions of its development and formation of human society, especially its interaction with other people. At the present time it is impossible the implementation of many activities in science, medicine, teaching, and sports in the game without the knowledge and understanding of the psychological patterns. This article is intended for athletes, coaches, trainers and a wide range of professionals working in the field of sport.

Keywords: relaxation, autogenous training, psychological training, sports load, forming, self-persuasion, self-regulation.

УДК 796.82 (015)

ЖОҒАРЫ ДӘРЕЖЕЛІ СПОРТШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ КЕЗІНДЕГІ ПРОЦЕССІН БАҚЫЛАУ

Э.К Ахметова – п.ғ.к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ

А.Ж Серіков – Дене шынықтыру және спорт мамандығының I-курс магистранты,
Абай атындағы ҚазҰПУ

Мақала, грек-рим күресінен жоғары дәрежелі спортшыларға білім беру саласындағы өзекті мәмілелер мен мәселелерді қарастырады. Автор оқыту үрдісінде спортшыларды дайындауға байланысты жаттығу ұғымдарының маңызды сипаттамаларын беруге тырысады. Бұл ұғымдар мыналар: «бақылау», «жылдамдық», «жылдамдыққа төзімділік», «стратегия», «жоғары дәрежелі спортшылардың физикалық қасиеттері», «технология», «тактика» және т.б.

Тірек сөздер: грек-рим күресі, спорт, ғылым, техника, жас ерекшеліктері, бейімделу, күш, тәжірибе, жаттығу, қарым-қатынас.

Дене тәрбиесін, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, оқушылардың дене тәрбиесін салауаттылық дене мәдениеті мәселесімен байланыста қарастыру қажеттігі өзектілігін айқындай түседі [1].

Ғылым, техника, мәдениет және білім дамуының өзара байланыстылығы мен өзара сабақтастығы тарихи сипатта екендігін ескере отырып, жүргізген теориялық зерттеулеріміз қорытындылары, озат тәжірибелерді оқып үйрену мен жүйелеу, көп жылдық тәжірибеміз көрсетіп отырғандай, болашақ дене тәрбиесі мұғалімдерін сапалы даярлауда олардың болашақ кәсіби әрекетінде оқушылардың салауатты өмір сүру дағдыларына баулу, дене тәрбиесі жүйесін жүзеге асыру мәселесін теориялық талдау мен дене тәрбиесіндегі тәжірибелерді объективті тұрғыда талдаудың маңыздылығы өте жоғары. Зерттеу жұмысының міндеті: жоғарғы дәрежелі спортшылардың дене қасиеттерін, қажеттілігін тәрбиелеу, «дене қасиеттері» «жылдамдыққа төзімді болу» ұғымдарына мәндік сипаттама жүргізу, жас ерекшеліктерін ескеріп дене қасиеттерін тәрбиелеу әдістемесі жасалынады. Спортшылардың дене қасиеттерін тәрбиелеуге ықпал жасайтын спорттық ойындарды оның ішінде грек-рим күресін тиімді қолдана отырып іске асыруымыз қажет. Спортшылардың жас-ерекшелігін ескере отырып дене

қасиеттерін тәрбиелеудің әдістемесі жасалынады. Жоғары дәрежелі спортшыларға жаттықтырушы олардың қолдануға қажетті тиімді әдістері мен нұсқауларын, ережелерді талап ретінде ұсынады. Жалпы қалыптасу деген ұғымға барлық тіршілік түрлерінің күн керісі үшін сыртқы қоршаған ортаға сәйкестеніп, бейімделіп қалыптасуын айтады. Қалыптасудың генотиптік, яғни тұқымдық (түрлік) және фенотиптік екі түрі болады.

Генотиптік қалыптасуға сол тіршілік иесінің ұзақ уақыт бойына қоршаған ортаға бейімделіп, өсіп-өніп кебеюін айтады. Генотиптік қалыптасу көбіне тіршілік иесінің бір түріне немесе бір-біріне өте жақын отбасына байланысты айтылады.

Фенотиптік қалыптасуға сол тіршілік иелерінің әр-бірінің жеке-жеке өмір сүру кезеңіндегі қоршаған ортаға бейімделіп қалыптасуын айтады. Соңғы ондаған жылдан бастап осы фенотиптік қалыптасуға байланысты адамдардың өмірі мен қызметін зерттеуге арналған үлкен-үлкен ғылыми ізденістер жүргізілуде. Қазіргі техникалық дамудың өте жылдам өсуіне байланысты адамның күнделікті сол өзгерістерге бейімделіп-қалыптасуын зерттеу үшін социологтер, психологтер, июкнерлер, педагогтер т.б. сала қызметкерлері ізденістерін біріктіруде [2].

Адам ағзасының үлкен және өте жоғары қарқында жұмыс істей алу қызметін арттыру мақсатында спорттық теория мен әдістемелер, физиологиялық, биохимиялық, биомеханикалық зерттеулер өткізілуде. Бейімделу және қалыптасуды орындалған жүктеме мен оның нәтижесі ретінде қарастыру қажет. Оның басты мақсаттары:

а. Қалыптасуды адам ағзасының сыртқы және ішкі жағдайларға бейімделуі үшін қарастырады.

ә. Қалыптасуды адам ағзасы мен сыртқы ортаның арасындағы тепе-теңдікті сақтау үшін қарастырады.

б. Қалыптасуды адам ағзасының бейімделу мерзімі үшін қарастырады.

Бейімделу және қалыптасу спортшы дайындау кезеңінде, спорттық жаттықтыру адам ағзасының сол жүктемеге бейімделу, қалыптасу мүмкіндігінің өте жоғары екендігін көрсетеді. Қандай да болмасын өте ауыр және экстремалды жұмыс атқаруды қажет ететін қызмет түрлері адам организмін бейімделу қалыптастыру мүмкіндігі жағынан спорттық жүктеме арқылы жаттықтыруға жетпейтіндігі анықталады. Оның себебі спортшының күн сайынғы көптеген сағаттар бойына үлкен жүктемелер арқылы жаттығуы және оған климаттың әсері, сонымен қатар жарыс үстінде спортшының экстремалдық жағдайларда жиі болуы ықпал етеді. Спорттық жаттығу кезінде спортшы әртүрлі қозғалыс түрлерін орындауымен қатар оның жылдамдығын, көлемін, орындау түрін өзгертеді, әртүрлі әдіс-айланы, тәсілдерді пайдаланады сонымен қатар психологиялық әсерлер қоса жүреді [3].

Өткізілетін жарыстың деңгейі неғұрлым жоғары болған сайын спортшы ағзасына түсетін жүктеме және психологиялық әсер көп болады, осыған байланысты бейімделу деңгейіне де жоғары талаптар қойылады. Жоғарғы дәрежеге көтерілудің негізгі көзі мен бұл пәннің мақсаты болмақ. Жоғарғы дәрежелі спортшылардың дене шынықтыруға белсенділігі спорт мәдениетінің жоғары көрсеткіші деп түсінетініне жағдай жасалынатындығы деп тұжырымдауға болады. Әрбір қоғамдағы даму мәдениеті оның жеке мүшелерінің қабілеттерінің жан-жақтылығына байланысты. Себебі денсаулықпен салауаттылық өмір салты ең бағалы қасиеттерді игеру мүмкіншілігі. Денсаулық тума қасиет емес ол жүйелі және сана әрекет арқылы қалыптасатын әдетпен дағдылану дәстүрі. Дене тәрбиесі мәдениеті ұрпақтан-ұрпаққа берілетін дәстүрлі қатарына жатқызуға болады. Олар: еңбек, спорт турлері, ұлттық спорт ойындары, әдет-ғұрып, салт-сана т.б.

Спорт тарихында ертедегі мәдениет бастауы болып саналатын Эллада елінде жастар тәрбиесіндегі негізгі құрал ретінде әскери өнер және спорттық жаттығулар пайдаланылған. Сондықтанда дене дайындығы мен денсаулық көзі медицина емес дене шынықтыру мәдениетін әрбір адамның өз мақсатына айналдыра алуына ғана байланысты демекпіз. Дене дайындығы әлеуметтік мұхтаждық, ал дене дайындығын жоғары дәрежеге көтеру жалпы мәдениеттілік. Грек-рим күресі классификациялау негізіне қарсыласпен күрескен кезде қолданылатын және жарыс ережелерінде рұқсат етілген амалдар алынған. Спортшыларды оқу жаттығу кезінде спортшыларға берілетін жүктемелерді қатаң түрде бақылау керек. Жаттығу жүктемелерін күн сайын арттыру арқылы спортшылардың дене қабілеті күндер өте бейімделе түседі. Жаттықтырушы спорт кешендерін, жаттығу отетін орындарды немесе таулы аймақтарды алдын ала бақылау, спортшыларға берілетін жүктемелерді оқу жаттығу жиындарында арттыру сол секілді спортшылардың төзімділігін әр бір іс-амалдарын бақылаған жөн, сонымен қатар климат жағдайына және қысымның жоғары немесе төмен екенін бақылау керек. Және медицина орындарында уақыт-уақытымен спортшыларды тексеруден өткізіп отыру керек. Және бұл мәселеге жаттықтырушы қатты көңіл аударуы тиіс [4]. Грек-рим күресі техникасындағы кейбір түсініктерді анықтау.

Күрес техникасы дегеніміз палуанның жеңіске жетуі үшін қолданатын және әрекет ету ережелерінде рұқсат етілген амалдар жиынтығы.

Түрегеліп күресу техникасы – тұрып күрескенде қолданылатын амалдар.

Ұстасу – қолмен орындалатын әрекеттер, палуан шабуылдау, қорғану немесе қарсы шабуылдау мақсатында қарсыласының киімінің бір жерінен ұстай алады.

Бір жақты ұстау – оң қолымен қарсыласының оң қолының (сол қолын сол қолынан) ұстау.

Әр жақты ұстау – оң қолымен қарсыласының сол қолынан (сол қолымен оң қолынан) ұстау.

Ырғақ – білектерін айқастыру әдісі, саусақтарына қармақтап ілмектеп, құлыптап, бір-бірімен ұстастырады.

Осы жағдайда адам ағзасына берілетін жаттығу жүктемесінің мөлшері оны орындату әдістемесіне байланысты және оған адамның бейімделуі сол деңгейде ұстап тұру мүмкіндігі тікелей әсер етеді. Осы кезеңде адам ағзасының дене-күш қуатының сарқылып шаршамауын, зорықпауын қадағалау қажет. Жаттығудың әр кезеңдерінде адамның дене-күш қабілетінің бір түрінің азаюы екінші бір түрінің артуы сияқты құбылыстарды дөп басып байқап отыру, спорттық жарыстарда нәтижелі жетістіктерді жоспарлауға мүмкіндік береді [5]. Спорттық күресте кілем үстіндегі жағдай өте тез өзгеріп отыратын болғандықтан ұзақ уақыт сақталатын бейімделу процессімен қатар, аяқ асты өзгерген жағдайға қажетті тез бейімделу процесі пайда болады. Қазіргі жоғары спорт жетістіктерінің талабы спортқа дарынды балаларды алдын ала анықтау, сол арқылы болашақта үлкен спорттық көрсеткішке жету жолын іздестіру болып табылады. Шеберліктері өте жоғары және үлкен спорттық жетістіктерге жеткен спортшылардың туа біткен қабілеттері басқа спортшыларға қарағанда ерекше және олардың жаттығу, жарыстық кезеңдерге бейімделу мүмкіндіктерінің жоғары екендігі белгілі болмақ.

1. Кожарский В. П. Сорокин Н. Н. *Техника классической борьбы*. - М.: ФиС, 1973. - 271 с.
2. Кретти Брайент Д. *Психология в современном спорте*. — М.: ФиС, 1978. 224 с.
3. Курамшин Ю. Ф. *Высшие спортивные достижения как объект системного анализа*. — СПб.: ГАФК, 1996. — 156 с.
4. Курников С. Н. *Профессиональная подготовка тренеров по спортивной борьбе // Спорт, молодежь, воспитание*. - Мн., 1985. - С. 76-71.
5. Лоренс Р. К. *Тренировка борцов и планирование учебно-тренировочной работы: Ежегодник / Спортивная борьба*. — М., 1971. - С. 146-150.

Резюме

Э.К.Ахметова – к.п.н., доцент КазНПУ им. Абая

А.Ж.Серіков – магистрант 1-го курса КазНПУ им. Абая

«Контроль подготовки высококвалифицированных спортсменов в учебно-тренировочном процессе»

В статье рассматриваются актуальные проблемы в ходе учебно-тренировочного процесса контроля высококвалифицированных спортсменов в греко-римской борьбе. Авторы предпринимают попытку дать сущностную характеристику понятиям связанных с подготовкой спортсменов, с учебно-тренировочным процессом. Это такие понятия как «физические качества высококвалифицированных спортсменов», «контроль», «скорость», «скоростная выносливость», «техника», «тактика» и т.д.

Ключевые слова: греко-римская борьба, спорт, наука, технология, возраст, адаптивность, сила, опыт, образование и связи.

Summary

E.Akhmetova – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Kazakh National Pedagogical University named after Abai

Aristan Serikov – undergraduate 1st year Kazakh National Pedagogical University named after Abai

"Control of the preparation of elite athletes in training - training process"

The article deals with topical issues in the educational - training process control elite athletes in Greco - Roman wrestling. The author attempts to give the essential characteristics of the concepts related to the preparation of athletes with training - training process. That such concepts as 'physical qualities of elite athletes, "control", "speed", "speed endurance", "technology", "strategy", etc.

Keywords: Greco-Roman wrestling, sports, science, technology, age, adaptability, strength, experience, education and communication.

СПОРТ МЕКТЕПТЕРІНДЕ СПОРТШЫ ІЗБАСАРЛАРДЫ ДАЙЫНДАУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Э.К. Ахметова - п.ғ.к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ

Ж.Т.Баякеев - «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 1-курс магистранты, Абай атындағы ҚазҰПУ

Қазіргі заманғы спорт өзінің даму сатысында спорттық нәтижелердің өсуін ғылыми және инженерлік жетістіктерге негізделген жаңа көзқарастарға маңызды рөл береді. Жаңа спорт ареналары, жаттығулар мен жарыстар үшін арнайы жағдайлар жасау ісіндегі жаңа жетістіктер, арнайы киім, құрал-сайманмен жаратандыруды қолдану және құрастыру әлемнің мықты спортшыларының көрсеткіштерін күрт жақсартуға жеткізді және ХХІ ғасырға спорттың қандай негізгі бағыттарда қарыштап өнетінін көрсетіп отыр. Қазіргі жағдайды тұтас алғанда, дене шынықтыру-сауықтыру және спорт жұмысының жай-күйі бұқаралық спортты одан әрі дамыту, халықтың арасында дене шынықтыру-сауықтыру жұмысын жандандыру, спорт резерві мен халықаралық дәрежедегі спортшыларды даярлау жөнінде кідіріссіз, нақты шешімдер қабылдауды талап етіп отыр.

Тірек сөздер: Бастапқы дайындық кезеңі, жасөспірімдердің физикалық дамуы, күш, жылдамдық, ептілік.

Спорт мектептеріндегі бастапқы дайындық топтарындағы оқу-жаттығу жұмыстарының мазмұны, спортшыны дайындаудың көп жылдық жоспарының маңызды бөлігі ретінде, спорттық даярлықты әрі қарай жетілдіру жас спортшының барлық қабілеттерін жан-жақты дамыту әсіресе жаттықтырудың көпжылдық барысы кезеңдерінде тиімді ақыл-парасаттылықпен жасалуы қажет. Спорттық резервті даярлаудың өнімділігі спорт мектептерінде жаңа оқу бағдарламасын түзу сапасына байланыстылығы маңызды роль атқарады. В.В.Находкин [2007] әр оқушының даму қабілетін қамтамасыз ете отырып, өзіндік мүмкіндіктерін және талантын ашу спорт мектептеріндегі бастапқы дайындық топтарында жүзеге асу керектігін көрсетеді [1].

Спортшы ізбасарларды іріктеу жүйесі көпжылдық даярлықпен ұласады. Ол ерте мектеп жасынан басталып, құрлықтар біріншілігіне, Әлем чемпионаттарына, Азиялық және Олимпиялық ойындарға, халықаралық жарыстарға қатысу үшін ел құрама командасына іріктелуімен аяқталады.

Дене қабілеттері түрлері, дене қимыл-қозғалыстарының даму ерекшеліктері, спорттық шынықтыру дегеніміз таңдап алынған спорт түрінде жоғары нәтижелерге жетуге бағытталған арнайы ұйымдастырылған педагогикалық үдеріс.

Т.Х.Сиккут [1984] спорт мектептерінде бастапқы оқыту-дамыту кезеңінде балалармен жұмыс жасау барысында неғұрлым әсер беретін оқу жүйесін таңдап, балалардың физиологиялық даму жасына сәйкес жүргізуді алға қояды [1].

Спортты шынықтыру дене жаттығуларын жүйелі қолдану шеңберінде ұйымдастырылады, бұл бір жағынан, тынығумен және ағзаны қалпына келтірудің құралдарымен, үйлесімділігімен жүргізіледі, екінші жағынан, ол шыныққандықтың жоспарлы түрде өсуін қамтамасыз етеді. Шыныққан-ағзаны нақты бір жұмыс түріне, шынықтыруға қатысу жолы арқылы бейімделуі. Ол жұмысқа қабілеттіліктің арытуымен және спорттық жетістіктердің өсуімен айқындалады. Алғашқы мақсаттар бала денесінің, ағзасының жетіліп өсуіне дене-күш дайындықтарының әрбір өсу сатысындағы негізгі бағыттарды анықтайды.

Қазіргі кезде балалар мен жасөспірімдер спортына деген көзқарас түбірімен өзгеруде оларға ең жақсы деген спорттық базалар жасалып, жаттықтырушыларды материалдық жағынан қамтамасыз етуі жақсаруда.

Сонымен қатар спортқа деген дарынды балаларды табудың қиындап отырғаны байқалады оған себеп Қазақстан халқының демографиялық санының аздығы, және осы кезеңге дейін спорт мектептерінің Кеңес Одағы кезіндегі қабылданған нормативтік құжаттармен жұмыс жасауы. Осы жағдайдың салдарынан спорт мектептерінде балаларды ерте жастан спорт түрлеріне мамандандару орын алуда, ал бұл жағдай өз тарапынан бала ағзасына ерте бастан үлкен жаттығу жұмыстарын атқарып денсаулығына кері әсерін тигізуде және спортқа ерте бастан маманданған жастардың спорттан ерте кетуін статистика дәлелдеп отыр.

Ғалымдар мен жаттықтырушылар жас балуандарды жаттықтырудың теориялық негіздері кенжелеп қалғандығын көрсетеді.

Көптеген ғалымдар балаларды 8-10 жастан күреске баулуға болады деп санағандықтарымен оқу-жаттығу жұмыстары мазмұнына бала жасына сәйкестенген, бала денсаулығының нығаюына қажетті

жаттығуларды мол енгізуге көп көңіл бөлу керектігін айтады. Спорт мектептеріндегі бастапқы дайындық топтарындағы балаларды спорт түрлеріне бейімділіктерін анықтау қазіргі спорттық ізбасарларды дайындау мәселесінде өте өзекті мәселе екендігі анықталды [2].

Республика бойынша спорт мектептеріндегі бастапқы дайындық топтарындағы жаттығушы балалардың болашақта үлкен спорттық жетістікке жетулері үшін осы бағытта арнайы ғылыми ізденістер жүргізіп оны Қазақстан Республикасы жағдайына негіздеу керектігі айқындалды. Осы өзекті мәселе бойынша спорт мамандары арасында жүргізілген сұрақ-анкеталық жауаптар қортындысы, спортшы ізбасарлар даярлау ісінде жаңа теориялық және әдістемелік ғылыми ұсыныстар керек екендігін дәлелдеп отыр.

Спорт мектептеріндегі бастапқы дайындық топтарында болашақ спорт түрлеріне бейімділікті анықтаудың маңыздылығы:


Спорт түрлеріне бейімділіктің ғылыми тұрғыдан қарастырылып зерттелуі, спорттық жетістіктердің жоғарғы деңгейге өсуі спорттық ұйымдарға үлкен мақсат қойып, спортшыларды жаңаша дайындауға мүмкіндік береді. Көп жылдық спорттық дайындық–спортшылар даярлығының ұйымдық сипатын, тәсілдерді, амалдарының, міндеттерінің алмасып отыруын қамтамасыз етіп отыратын тұтас педагогикалық жүйе.

Өз кезегінде спортшыларды даярлау дене сапасын тәрбиелеу мен қимыл біліктілігін, машық пен дайындықты қалыптастырудың оқыту үрдісінде тиімді үйлесуіне жалпы дене дайындығы (ЖДД) мен арнайы дене дайындығы (АДД) құралдарының өсуіне жүктемелерді бірте-бірте артыру үрдісін қатаң сақтауға, дене сапаларының дамуын жас ерекшеліктеріне қолайлы болатын кезеңдерде дамытуды тиімді қолдана білуге негізделген. Спорттық ізбасарларды даярлау жүйесінің ұйымдық құрылысы спорттық оқу орындарының қызметіне негізделген. Спорттық ізбасарларды даярлау жүйесінің негізгі компоненті болып спорттық бағытта білім беру мекемелері оларға: балалар мен жасөспірімдер спорттық мектептері; мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорттық мектептері; жоғарғы спорттық мектептері; орта арнаулы оқу орындары; олимпияда резервін дайындайтын мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері болып табылады [3].

Спорттық іріктеу мен бағыттау мәселесі әлдеқашан өз алдына ғылым болып саналады. Бала мен жасөспірімдердің мүмкіндіктерін болжай келе бапкер алдына талантты тұлғаларды іздестіру міндетін қояды. Спорттық болжауды жетілдіру мәселесі қазіргі таңда өз еліміздің де шетелдердің де мамандары тарапынан үлкен проблемалар ретінде қарастырылып отыр.

Жоғары шеберлік спортында республиканың жетекші жаттықтырушыларының көпшілігі орта жаста, ал олардың орнын толық ауыстыратын мамандар жоқ. Сонымен қатар, ауылдық жерлердегі жалпы білім беру мектептерінде 25 %-ның дене шынықтыру мұғалімдері жоқ, балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерінің оқытушылық құрамының 30 % - ның арнаулы білімдері болмауы, жұмыстың сапалы болуына кері әсер етуде [4].

Республикада дене шынықтырумен және спортпен шұғылданушылар саны 24,1 пайызға өсті, бұқаралық дене шынықтыру 17 пайызға арытты. Балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерін қысқарту тоқтатылды. Қазіргі уақытта, республикада 425 спорт мектебі жұмыс істейді, оларда 404421 мың балалар мен жасөспірімдер шұғылданады.



Бұл суретте – Қазақстан Республикасының обылыстары бойынша спорт мектептерінің бастапқы дайындық тобында балалар саны (2009 жыл). Спорттағы дарынды балаларға арналған жаңадан 6 мектеп-интернат ашылды, соның нәтижесінде, мектеп-интернат оқушыларының саны 942-ден 2385-ке жетті. Спорт резервін даярлаудың облыстық орталықтарын құру жөнінде жұмыс басталды. Халықтың дене дайындығының президенттік сынақтары әзірленіп, ол табысты енгізілуде. Республикада кәсіптік спорт клубтарын, тұрғылықты жері бойынша клубтарды және отбасылық спорт клубтарын құру басталды, салауатты өмір салты қағидаттарын дене шынықтыру және спорт құралдары арқылы насихаттау жөніндегі жұмыс жанданды. Сонымен қатар спорт мектептеріндегі бастапқы дайындық топтарындағы жұмыс жүргізу әдістемесі қазіргі топтар бойынша жұмыс жасауды қажет етеді [4].

Спорттық іріктеу – бұл спорттық қызметтің қандайда бір түріне баланың (дарыны) бейімділігінің жоғары деңгейін анықтауға мүмкіншілік беретін кешенді іс-шара. Спорттық іріктеу–ұзақ уақытты қажет ететін көпсатылы жұмыс, яғни спортшыны көпжылдық дайындау кезеңдерінде, оның жеке басын бағалауда кешенді әдістермен қамтамасыз етуде, зерттеудің түрлі әдістерін пайдаланған кезде ғана (педагогикалық, дәрігерлік-биологиялық, психологиялық, әлеуметтік және басқа) тиімді болмақ.

Спорттық жүйе қызметіне тарту үшін белгілі бір шарттар қажет. Олардың ішіндегі өзгелеріне қарағанда ең маңыздыларына жататындары, оған жеке бейімділігі, талап, қызығушылық. Оларды анықтау, қалыптастыру мен дамыту табиғи және әлеуметтік факторлардың әсер етуімен болады.

Спорттық бейімділікті байқау, сонымен бірге қазіргі спорттық жедел дамуы және халықаралық спорттық аренадағы бәсекелестің қатты асқынуы, спорттық іріктеудің кейбір өзекті мәселелерін, оның зерттеу және ұйымдастыру тәжірибелік аспектілерін жетілдіру қажеттілігін көрсетеді.

Спорттың жақсы дамыған бірқатар елдерінде спорттық іріктеу тәжірибесі кең бұтақ жайған. Спорттық іріктеу ұғымы әзірге толығымен түсіндірме алған жоқ. Көптеген мамандар қандай да бір спорт түрінен жетістікке жету үшін жеке білімділікті (қабілеттілік, дарындылық) алдынала байқаумен байланыстырады [5].

Спорттық бейімділікпен бағытты анықтау үшін спортқа тарту барысында гуманистік, жалпы адами ұстанымы болуы керек. Спорттық мамандану болашағы яғни жеке қажеттілікпен жеке қызығушылыққа толығымен сәйкес келуі керек. Ең маңыздысы спорттық қызмет бағдарының мейлінше мақсаттылығы нақты қандай бағытта екенін анықтау, яғни оның жеке қабілетін жетілдіруге ықпал жасаудың тиімді болуы, тұлғаның қажеттілігі мен қызығушылығын қанағаттандыру және қалыптастыру басты болуы қажет.

Іріктеу, сұрыптау деген әңгіме болмауы керек, әсіресе спортқа тарту кезеңінде (егер, әрине денсаулығында кінәрат болмаса) қалыпты әлеуметтік жағдайда барлығына өздерінің спорттық қызығушылығын қанағаттандыру үшін теңдей мүмкіншілік берілуі қажет.

Спортқа бейімділікті анықтау жолында мамандар мыныдай тұжырымға келіп отыр, спорттық жетістікке жеке бейімділікті дұрыс анықтауға бір реттік бақылау, тестілеу және т.б. жүргізу жолмен аз уақыттың ішінде анықтау мүмкін емес екендігі, бізде осы пікірді қолдаймыз, және өз тараптарымыздан осы мәселені шешу жолдарын ұсынамыз.

Спорттық бейімділікті анықтау кезінде негізгі екі себепті ескеру қажет деп білеміз, оларға:

1. Спорттық бейімділік–жеке сипаттық күрделі кешен (биофизикалық және жеке-психикалық) бір уақытта пайда болып пісіп жетілмейді, яғни әртүрлі кезеңде жетіледі, ол спорттық қызметпен жас ерекшелігіне тәуелділігін ескеру.

2. Спорттық жетістікке жетудегі жеке мүмкіншілік және жеке бағдарды іске асырудың көрсеткіші жеке жетілудің табиғи ерекшелігі өмірдегі әлеуметтік жағдайдың әсерінен өзгеруі мүмкін екендігін әрқашан еске алу қажет. Осыдан барып жеке спорттық бейімділіктің анықтамасын бір жолғы іс-шара ретінде емес, кезең-кезеңімен жаңарып отыратын үрдіс ретінде жүзеге асыру керектігі туындайды.

Көпжылдық спорттық дайындықты шартты түрде үш кезеңге бөлуге болады, оның әрқайсысы адамның жеке өмірінің бірқатар жылдарын қамтиды, оларға: бастапқы базалық дайындау кезеңі, спорттық – жетістікті жүзеге асыру кезеңі және спорттағы өміршендік кезеңі деп бөлуге болады. Бірінші кезең және оның ішкі кезеңдері уақыт аралығында бірыңғай емес, ол спортпен шұғылдануды бастаған уақыттағы жеке жас ерекшелігіне байланысты, спорттық жаттығуларды, жарыс қызметінің сипатын, спортшыны дамытудың жеке ерекшеліктерін басқа да факторлар мен жағдайларды дұрыс қоя білуде яғни жүйелі спорттық қызметті балалық және жеткіншектік жаста бастағанда көп жағдайда екі-үш жылда, бастапқы спорттық маманданудың мақсатты бағытын анықтау керек және осы кезде спорттық болашағын болжауға болады.

Спорттық іріктеу—бұл негізінен педогогикалық және ұйымдастыру іс-шаралар кешені, спорт түріне қажетті максат пен міндеттен туындаған мазмұндар мен формалар түрлерінің қосындысынан тұрады.

Осыған байланысты жеке қабілеттілік пен дарын мәселесі физиологиялық, биологиялық зерттеу мен спорттық шеберліктің өсуі бойынша педагогикалық терең бақылау жолымен анықталады олар алтау:

- денсаулығы;
- дене жетілуі және дене бітімінің ерекшелігі;
- жалпы және жеке дене дайындығы;
- психофизиологиялық ерекшелігі;
- әдіс—тәсілдік дайындығы және шеберлігі;
- психикалық және мінез-құлықтық ерекшелігі.

Осы істерді атқару мақсатында біздің ізденістің міндеттеріне сай спорт мектептерінде жан-жақты дайындықты бақылау тест-сынамасының көмегімен және балалардың мінез-құлығын бақылаудың арқасында қабілеттілік туралы көріністі нақты анықтай алуға мүмкіндік туды және олардың дене дамуын, шеберлігінің өсуін болжай алатын жағдайға жеттік. Осы сынақтардың арқасында баланың спорттық күреспен арықарай шұғылдануына шешім қабылданады, ал спорттық күреске бейімі аз деп табылған балалар үшін басқа спорт түрлеріне икемділіктері ескеріліп оларға басқа спорт түрлеріне ауысуына көмек беріледі, сонымен бірге қажет болған жағдайда ата-аналарға баласының басқа спорт түрімен шұғылдануы керек екендігі жөнінде ұсыныс беріледі.

Отандық және шет ел мамандары мен ғалымдары спорт мектептеріндегі бастапқы дайындық топтарындағы оқу-жаттығу жұмыстарын спортшы даярлаудағы өте жауапты кезеңі деп санайды. Бастапқы топтардағы жаттығу бағдарламасының мазмұнына сай болашақ спортшыны іріктеу, спорттық мамандандыруды дәл табу жұмысының осы кезеңде іске асырылатынын дәлелдейді. Бала ағзасының физиологиялық даму ерекшелігін ескере келіп бастапқы дайындық топтарында балаларға жаттығу жүктемесін жоспарлау кезінде ептілік пен жылдамдық, координациялық түрлеріне баса көңіл аудару керектігі анықталды.

Қазіргі спорт мектептеріндегі жас балаларға арналған сынақ-тестілерінің ақпараттық дәлдігінің төмен екендігін көрсете келіп, бала физиологиясының даму ерекшеліктеріне қарай оқу-жаттығу мазмұнына толықтырулар мен өзгерістер енгізу қажеттігі туындайды. Спорттық жарыстарға баланы ерте жастан қатыстыру бала ағзасына және психологиясына үлкен ауыртпалық түсіретіндігін ескере келіп балаларға арналған жеке жарыс бағдарламасын жасау керектігін көрсетеді.

1. Алимханов Е.А., Худияров Ф.Б. *Көне деректің жаңа дәуірдегі көрінісі // Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. – 2007 - №1. – Б. 55-58*

2. Алимханов Е.А., Худияров Г.Б. *Проблемы поиска одаренных детей в спортивной борьбе // Теория и методика физической культуры. - 2008. - №1. – С. 128-130.*

3. Худияров Ф.Б., Рахымжанов А., Бисейітов М. *Спортшының спорттық циклдағы жаттығуларды құру мәселелері // М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ғылыми еңбектері. - Шымкент, 2009. - №1. - Б. 178-181.*

4. Алимханов Е., Худияров Г.Б., Отенов Н. *Роль ранней специализации в подготовке резерва по спортивной борьбе // XIII международный научный конгресс «Современный олимпийский спорт и спорт для всех». – Т.І.- Алматы, 2009. – С. 374-376.*

5. Худияров Ф.Б., Кулбаев А. *Спорттық ізбасарлармен бастапқы дайындық кезіндегі жұмыс жасау ерекшеліктері // XIII международный научный конгресс «Современный олимпийский спорт и спорт для всех». – Т.І.- Алматы, 2009. – Б. 430-432.*

Резюме

Ахметова Э.К. – к.п.н., доцент КазНПУ им. Абая

Ж.Т. Баякеев – магистрант 1-го курса специальности «Физическая культура и спорт» КазНПУ им. Абая
«Научно-педагогические основы подготовки будущих спортсменов в спортивных школах»

Современный спорт на своем пути развития акцентируется к новым тенденциям, основанную на достижениях научно-инженерного прогресса и роста спортивных результатов. Новые спортивные сооружения, новые достижения в делах обеспечения специальных условий для тренировок и соревнований, спецодежда, использование и конструирование материального-технического оснащения дали возможности улучшить результаты спортсменов и показать в каких основных направлениях будет развиваться спорт в XXI веке. На сегодняшний день состояние физической культуры и спортивно-оздоровительной работы требует принятия конкретных

решений в развитии массового спорта, в обновлении спортивно-оздоровительной работы среди населения, в подготовке спортивного резерва и спортсменов международного уровня.

Ключевые слова: этап начальной подготовки, физическое развитие подростков, сила, скорость, ловкость.

Summary

E.K.Akhmetova. Candidate of ped.science, associate professor of Abai Kazakh national pedagogical university
Zh.T.Bayakeev. The 1st year master student of specialty of «Physical training and sports» of Abai Kazakh national pedagogical university

«The preparation of scientific and pedagogical basis for the successor athletes in the sports schools»

An increase in the performance of its stage of development of modern sports is based on the scientific and engineering will play an important role in the new approach. A new sports arena, the special conditions for training and competitions in response to new developments, special clothing, equipment, tools, equipment and design parameters of the best athletes of the world deliveries and to improve dramatically in the twenty-first century, which is rapidly enter into the main directions of the sport. The current situation as a whole, the state of physical fitness and sports activities for further development of mass sports, physical education and health in the population and the resumption of the work on the preparation of the sports reserve and world-class athletes are demanding concrete measures immediately.

Keywords: stage of initial training, physical development of teenagers, strength, speed, dexterity.

УДК796.85(091)

ҚАЗАҚ КҮРЕСІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Э.К.Ахметова – п.ғ.к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ

**Ж.Т.Баякеев – «Дене мәдениеті және спорт» мамандығының I-курс магистранты,
Абай атындағы ҚазҰПУ**

Қазақ күресінің тарихы ұлтымыздың өмір тарихымен тығыз байланысты. Балуандардың күш сынасуы, ат жарысы, ақындар айтысы сияқты қазақ халқы өнерінің ажырамас бір бөлігі болып саналады. Қазақтар күш иесін «алып», «толағай», «балуан» деп атап, оны ерекше қасиет қонған адам ретінде таныған. Күрес- өнер, ол ұлттық мәдениетіміздің маңызды бір саласы болып табылады. Қазақтардың жыл он екі ай далада өмір кешіп, үнемі қозғалыста болу тірлігі, жас баладан бастап еңкейген көріге дейін дене-күш дайындығына ерекше талап қойды. Қазақ елінде ат үстінде еркін отырудан бастап, садақ ату, күрес, жекпе-жек айла-тәсілдерін меңгеру ұл мен қызға бірдей қойылатын талап деңгейіне көтерілді.

Тірек сөздер: қазақ күресі тарихы, спорт, нәтижелер, кезендер.

Халқымыздың ұлан-байтақ аумақта орналасуы, көшіп-қонып жүруге негізделген шаруашылығы және көршілес елдер салт-дәстүрлерінің ықпал етуі қазақ жерінде балуандық өнердің бір-бірінен айырмашылығы бар бірнеше түрлерінің дамуына негіз болды. Ертегі, аңыздарда, батырлар жырларында, этнографиялық жазбаларда, тарихи және көркем шығармалармен, археологиялық қазба деректерде күрестің бірнеше түрлері болғандығы туралы көптеген дәлелдер кездеседі.

Қазіргі шығыс жекпе-жектүрлері де біздің жерімізде кеңінен таралғандығы туралы деректер көп.

Қазақ жерінде тараған балуан күрестерін арнайы киім киінуіне қарай төмендегідей бірнеше түрлерге бөлуге болады: қазіргі еркін күреске ұқсас кеуде жалаңаш, жалаң аяқ, белбеусіз күресу түрі; шапан киіп, белдік тағынып күресу; кеудені жалаңаштап, белдік буынып күресу; аяқ киімді шешпей күртеше немесе шапан киіп күресу, отырып күресу, т.б.[1]

Әр аймақта күресу тәртіптері де әр түрлі болып келген. Кеудені жалаңаштап немесе киіммен күресу жергілікті жердің климаттық ерекшелігіне де байланысты болған.

Күресу шартын балуандар алдын ала өзара келісім бойынша белгілеп отырған. Ел арасында ауызша тараған күрес ережелері қатаң сақталып, оны талассыз мойындаған. «Күш атасын танымас» деген қағидаға сүйеніп, балуан-дарды жас ерекшеліктеріне және салмақ дәрежелеріне қарай бөлмеген. Батырлар жекпе-жекке шығар алдында бір-бірінен: «Алыспақ керек пе, әлде жұлыспақ керек пе?» деп сұрауларының өзі сайыстың қай түрі болса да дайын-мын деуді білдіреді.

Белдесу кезінде «ер кезегі үшке дейін», «итжығыс», «жол беру» сияқты тәртіптер қолданылған [2].

Күшті балуанға қаратып айтылатын «Жауырыны жерге тимеген балуан», «Тізесі бүгілмеген балуан» деген сөздер осы кезге дейін сақталған.

Күрес өнеріне байланысты деректер көне аңыз-ертегілерде, батырлар жырларында көптеп кездеседі. Мысалы, «Ер Төстік» ертегісіндегі Таусоғар балуанға ешкім тең келмеген соң, ол бір тауды көтеріп алып, елге күшін көрсетеді:

...Ей, Ер Төстік шырағым.
Батыр ең барыс жүректі,
Түспейсің бе күреске,
Түрініп жеңді-білекті,
Алысарсың, жығарсың,[3]
Алқымынан сығарсың, -

деген жыр жолдарында күресу кезінде балуанға әр түрлі әрекетке тыйым салынбағандығы көрінеді.

Көне грек жазушысы Эллиан (б.з.б. II - III ғасырлар) сақтардың әдет-ғұрыптары туралы жазакеліп, мынандай деректер келтіреді: «...егер сақ жігіті үйленгісі келсе, алдымен өзінің болашақ қалыңдығымен күресіп жеңуі қажет. Олай болмаған жағдайда, жігіт сол қыздың қол астына күтуші құлы ретінде өтеді», - деп жазылған.

Көне ғұн мен сақтар елінде жастарды тәрбиелеуде, жауынгер дайындауда белдесу, күресуге көп көңіл бөлгендіктерін және олар ең шебер, шыдамды адамдар екендігін тарихшылар атап өткен.

Академик, ғалым Әлкей Марғұлан «балуан»сөзін көне түркінің «блбл» сөзінен шыққандығын айта келіп, Орхон-Енисей жазуындағы «балбал» сөзі «кемпір тас» қазіргі уақыттағы «балуан», яғни күшті, мықты, алып ұғымын беретіндігін көрсетеді. Шығыс халықтары да көне Грекиядағы олимпиадалық ойындарға ұқсас өздерінің жарыстарын ұйымдастырып, өткізгендіктері туралы деректер кездеседі [4]. Балуандық өнер өскелең ұрпақ үшін тәлімдік, тәрбиелік маңызы бар дене тәрбиесі саласы болып табылады.

Бүгінгі күні дене тәрбиесі адамзат өміріне көмектесетін саналы әрекет ретінде бағаланады. Күшті, епті, төзімді, сымбатты адамдар қай кезде болмасын өмір жолында кездескен қиыншылықтарды оңай жеңіп отырған. Осыдан келіп арнайы жаттығу жүйесі, ойындар қалыптасқан.

Дене тәрбиесі қоғам дамуының заңдылықтарына сәйкес бірте-бірте күрделеніп, өсіп отырды. Оған әр халықтың тұрмыс дәстүрі, әдет-ғұрпы, шаруашылығы, бастан кешкен оқиғаларының әсерінен туған ұлттық ойындар түрлері мысал болады. Ұлан-байтақ даланы мекендеген қазақ халқы көкпар, бәйге, сайыс, аударыспақ, күрес, жаяу жарыс, т.б. тәрізді көптеген ұлттық ойындарды жетілдіріп отырған. Ұлттық спорт ойындары адамдар бойындағы өмірге қажетті қасиеттерді дамытуды мақсат етеді. Яғни дене тәрбиесі халыққа эстетикалық тәрбие беріп, адамды жан-жақты дамытуда зор рөл атқарады. Дене күші жетілген адам - әр уақытта сергек, өз-өзіне сенімді, өз ағзасын меңгере білетін, қиындықты бағындыра алатын адам. Сонымен қатар жас ұрпақты отан қорғау ісіне, отаншылдық, ұлттық сезімдерін дамытуда балуандық өнердің алар орны зор. Қазақша күрес - көптеген тәсілдер, әдістер жасап орындалатын күрес. Оның ережесі бойынша самбоның, еркін және классикалық күрестің кейбір амалдарын қолдануға рұқсат етіледі. Мұнда белбеуден қос қолдап, бір қолмен ұстап немесе кеудеден, қолдан, киімнен ұстап лақтыруға болады.

1928 жылға дейін күрестің бірыңғай ережесі болған жоқ. Жарысқа түсетін палуандардың салмағы ескерілмеді. Сондықтан көбінесе қарсыласынан күші ғана емес салмағы да артық палуандар жеңіске жетіп келді. Жарыс жергілікті жерде ежелден қабылданған немесе алдын-ала келісілген шартқа сәйкес ереже бойынша өткізіледі. 1928 жылы қазақша күреске тән бүкіл әдіс, тәсілдерді түгелдей қамтыған бірыңғай ереже жарияланды. Ал 1938 жылы Қазақстанда спорттық ірі жарыстар өткізіле бастады: Республика астанасы Алматы қаласында өткізілген колхозшылардың арасында бірінші республикалық спартакиадасында қазақша күрестен алғаш рет салмақ категориясы бойынша (жеңіл салмақ - 65 килограмм, орта салмақ - 76 және ауыр салмақ - 76 килограмнан жоғары) жарыс өтті. «Республика чемпионы» деген құрметті атақты салмақ категориялары бойынша Семей облысының өкілдері С.Адасқанов, К.Алтыбасаров және И.Түменов жеңіп алды [5].

Қазақша күрес әлемдегі ең тарихы терең спорт түрлерінің бірі. Қазақтың ешбір ұлы тойы мен мерейлі мерекесі онсыз өтпеген. Сонау ықылым замандардан бері қазақ білекті азаматтарына қара күштің киесі дарыған жан деп қана қарамай, ұлт қуаттылығын, ел құдыретін танытар өнер иесі деп қадір тұтқан. Алайда осы өнеріміз күні кешеге дейін Қазақстан аумағынан аса алмады. Кеңес тұсында да ол кеудесінен басылып тұрды. Бұл ретте оның ашылмай тұрған тағы бір тынысы бардай сезілетін. Содан еліміз егемендік алып, ел еңсесін көтере бастаған тұста, Штаттағы ұлттық командалар дирекциясын басқарып тұрған маған қазақ күресінің басы-қасында жүрген ағаларымыз қолқа салды. Осы күрестің қыр-сырын білетін Бауыржан Жаналин, Марат Жақитов, Диканбай Биткөзов, Бақытжан

Жаңбырбаев секілді ағаларымыз: «Өзің қазақша күресті жақсы білесің, сосын барлық күрес түрлерін басқарып отырсың. Демек, осы ұлттық спорт түрін жаңа биік деңгейге шығару қолыңнан келеді. Елде экономика өрледі емес пе, енді рух та көтерілсін!» деп ой тастады. Өзімді де осы ой мазалап жүрген болатын, сөйтіп, төлтума спортымызды тар шеңбер мен шекарадан асырып, әлемдік деңгейде шарықтатуға тәуекел жасап, бел будық. Бұл жолда, ең алдымен, оны сырттан таңылған, кірме ұғымдардан аршып алу қалсет еді. Ол кезде Кеңес тұсынан қазақ күресінде «бір балл, екі балл» деген сияқты орысша бағалау терминдері, сосын еркін күрестен алына салынған айла-тәсіл атаулары араласып жүрген, олардан арылу керек болды. Содан төрешілік бұйрықтарды, әдіс-айла атауларын, күрес тәсілдерін қайтадан қазақшалауға кірістік. Мәселен, «бір балл, екі балл» дегеннің орнына қазақи қалыппен «жамбас», «бүк» сияқты баға айту керектігін белгіледік. Анау жапондар мысалға, өз күрестерінде - дзюдода «иппон», «кока», «юка» деп бекіткен, орысың да, ағылшының да әрқайсысы өз тіліне тартпай, тілін бұрап, осылай жапонша атайды. Бізде де солай болуға тиіс. Мысалға, жапондар «хаджиме!» дейді, қазақша күресте біз «баста!» дедік. Сосын оларда - «иппон», ал бізде - «таза жеңіс». Оның сыртында, біз «тоқта!», «жартылай жеңіс» сияқты көптеген бұйрықтарды бекіттік. Қиын ештеңесі жоқ, қазір мұны бәрі үйреніп алды. Былтыр қазақша күрестен әлем чемпионатында барлық шетелдіктер осылай қазақша сөйледі [6].

Бұл жерде тағы мәселе болды: бұған дейін балуандардың кілемге шығатын киім үлгісінде де бейберекетсіздік жайлағаны жасырын емес. Бір кезде балуандар мен төрешілер қазақтың шапанын киіп шығып та жүрді. Бұл - өте ыңғайсыз әрі өте ебедейсіз болатын, әрі салтанатқа киілетін қазақ шапанын додаға салу, демек, қорлау келіспейтін іс еді. Бірақ соған қарамастан, бәрі бір-екі жыл сөйтіп жүрді. Алайда бұл кейіппен әлемдік аренаға шығу өзінді өзін мазақ қылумен тең-тін. Сол себепті өркениетті әлемнің талабына жақындатып, жаңа киім үлгісін бекіттік. 2004 жылы Берлинде Дүниежүзі қазақтарының кіші құрылтайы өтетін болды. (Ол кезде Қалдарбек Найманбаев ағамыздың көзі тірі еді. Сол кісімен сөйлесіп, «Қазақ күресін әлемдік деңгейге шығаруды неден бастаймыз» деп ақылдаса келе, ең алдымен, шетелде тарыдай шашылып жүрген қазақ ағайындардан бастайық деп шештік. Содан ең бірінші додаға Франция, Түркия, Германия, Венгрия сияқты 1.6 мемлекеттен қазақтар келіп қатысты. Соңынан жатжұртты мекен етіп жатқан ағайындарымыздың ішінен күресті білетін, спортқа жақын азаматтарды жиып, ақылға салдық. Ресми киім үлгісін көрсетіп, бірінші федерациямызды құрдық. Сонда 13 мемлекетте: Еуропада - 9, Азияда - 4 елде федерациямыз ашылды. Сол жерде мені Дүниежүзілік қазақша күрес федерациясының президенті етіп сайлады. Артынан 2005 жылы Алтайдың Қосағаш деген жерінде І Азия чемпионатын ұйымдастырдық. Оған Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Қазақстан, Моңғолия және Қытайдан - барлығы Азияның 7 мемлекетінен балуандар келді. Келесі Азия чемпионаты былтыр Моңғолияда болды. Осыдан кейін біз «неге дүниежүзілік деңгейдегі дода өткізбеске» деп, үлкен ойға қалдық. Ал қазақ халқы өзінің рухының қайнарын ашпай, алысқа ұзай алмайды. Ендеше, қазақ күресін көтеріп, дүниежүзілік спорт түріне айналдырайық» дедім. Шынында, еркін күрес - Америкадан, дзюдо - Жапониядан шығып, осы елдердің ұлылығын әлемге танытуға үлес косуда [7]. Неге бізге әлемдік озық елулікке осындай төлтума спортымызды мойындатып, басымызды биік ұстап қосылмасқа?!

Қазақ күресін биікке көтеру тым көп қаржы талап етпейді. Біз бір жылда Азия, екінші жылда Еуропа чемпионатын, ал екі жылда бір рет әлем чемпионатын өткіземіз деп белгіледік. Бәріне көп болса, 5-10 млн доллар қаржы кетеді. Бұл көп дүние емес. Әйткенмен Олимпиадаға кіру үшін әр елдерде федерациялар ашу керек, біз оларға киімді, курткамызды жіберуіміз қажет. Мұның сыртында тренерлерімізді аттандырып, қазақ күресіне жат жұрттардың бойын үйретіп, миына сіңдіре беру де артық болмас. Жібергенде де, көрінген көк атғыны емес, өз ісінің майталманын жіберуге тиіспіз. Оның қазақша күресті жоғары деңгейде паш етіп, сол елдегі жас өскіндердің сүйіспеншілігіне бөленгені жөн. Осының бәрі, әрине, қомақты қаражатсыз іске аспайтын шаруа. Мысалы, дзюдодан 186 мемлекетте федерациялар бар. Бұл спорт түрі бойынша әлемдік чемпионатқа 150-160 мемлекеттің өкілдері қатысады. Осыған қол жеткізу үшін жапондар ондаған жыл жұмыс істеді. Татамиін таратты, жаттықтырушыларын жіберді, қаржысын аяп қалмады. Бұл жерде айрықша атап өтер жайт, қазақша күресті Олимпиялық ойындар қатарына енгізу мәселесімен біздің Ұлттық олимпиадалық комитет айналысуға тиіс. Шын ұмтылса, ол мүмкін болмайтын шаруа емес. Қазірдің өзінде жиырмадан астам елде федерацияларымыз бар. Біз де қол қусырып отырған жоқпыз. Ағаларымыздың арманын аяқ асты етпеуге жан салып, үлкен додаларды әзір өз күшімізбен өткізіп келеміз. Осы үш жылда үш Азия, бір әлем чемпионатын өткердік. Жақында Жезқазғанның Сәтбаев қаласында ІІІ Азия чемпионаты болғанын білесіз. Бұл дода ақпарат құралдарында жан-жақты сипатталды, рған сегіз елдің - Түрікменстан,

Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Қытай, Моңғолия, Ресей өкілдері және өзіміздің балуандар қатысты. Биылғы арманымыз - қазақша күрестен ашық Еуропа чемпионатын өткізу. Ол не Мюнхенде, не Ресейдің Омбысында болады. Мен сол жақтағы федерацияларға «тездетіп өтінімдеріңізді жіберіңіздер» деп айттым. Ең алдымен, өткізетін орны сай болуы керек.

«Қазақша күрес» бойынша бірінші ірі жарыс 1938 жылы ауыл шаруашылығы аймақтары арасындағы спартакиада аясында өткен. Сол сәттен бастап жарыс дәстүрлі түрде республика қалаларында тұрақты өткізіліп келеді.

Күрестің ұлттық түрі «қазақ күрестің» даму тарихы қазақ халқының тамыры тереңнен тартылатын тарихымен тұтасып жатыр. Түрлі бас қосулар мен мереке тойлар спорттың осы түрінің сайысынсыз өткен емес. Күші басым түсіп, жеңіске жеткен балуандар халықтың төбесіне тұтар құрметті адамына айналған. Қазақтың ұлы батыры Қажымұқан есімі қазақ халқының тарихына ғана еніп қойған жоқ, сонымен бірге спортшылардың әлемдік элитасының қатарына кірді.

Ірі Халықаралық турнирлер 1952 және 1975 жылдары Азия аймағы спортшыларының қатысуымен өткізілді. Ұлттық күрестің дамуы Қазақстан егемендік алғаннан кейін жаңа серпін алды. 1991 жылдан бастап республикалық чемпионаттар мен біріншіліктер жыл сайын өткізілетін болды.

2004 жылы Қазақтардың Берлиндегі Бүкіләлемдік Құрылтайында конференция болып, сонда «Қазақша күрес» күресі бойынша халықаралық федерация ұйымдастырылды. Федерацияның президенті – Түкиев Серік Адамұлы.

2005 жылы Ресейде (Алтай өлкесі) «Қазақша күрес» күресі бойынша I Азия Чемпионаты өтті. 2005 жылы қарашада Астанада ҚР Президентінің жұлдесіне «Қазақша күрес» күресі бойынша ірі халықаралық турнир болды. Оған әлемнің 25 елінен 100-дене аса спортшы қатысты. Олардың қатарында Германия, Түркия, Голландия, Франция және басқалары бар.

2006 жылы Алматы қаласында 1-ші әлем біріншілігі өткізілді, оған 36 мемлекеттің балуандары қатысты. Бұл жарыста Қазақстанның 4 балуаны әлем чемпионы атанды, атап айтсақ Бауыржан Тәліп, Мәди Құрымбаев, Бақтыбай Қисықов, Бейбіт Ыстыбаев.

2008 жылы Ресейдің Орск қаласында 2-ші әлем біріншілігі өткізілді, оған 42 мемлекеттің балуандары қатысып, Қазақстанның 4 балуаны алтын, 2 күміс медальмен оралды.

2010 жылы Елордамыз Астана төрінде 3-ші әлем біріншілігі туын желбіретті, 46 мемлекеттен 300-ден астам балуандар қатысты. Қазақ балуандары бұл бәсекеде намысты бермей 5 алтын 1 күміс 1 қола медаль иеленіп командалық есепте 1-ші орынды алды [7].

2011 жылы 20-шы тамызда қазақ барысы жұлдесі өткізілді оған әр облыстан 4 балуаннан, барлығы 64 балуан қатысып бас жұлдені сарапқа салды. Бұл сайыста 1-ші орынды Қызылордалық балуан Рысқұл Ұлан иеленіп 150 000 АҚШ долларын алды, 2-ші орынды Жамбыл облысының балуаны Ыстыбаев Бейбіт иеленіп жұлдеге 30 000 АҚШ долларын алса, 3-ші орын Шығыс Қазақстандық Жоламанов Шалқарға бұйырды, тиісінше 10 000 АҚШ долларын алды.

2012 жылдың 15-ші қыркүйегіне Қазақ барысы жұлдесі сарапқа салынбақшы. Жалпы жұлде қоры 320 000 АҚШ долларын құрайды, мұндай үлкен сый тағайындау арқылы бүкіл әлемге қазақ күресін насихаттап, дамытып олимпиадалық спорт түріне қосу басты мақсат болып табылады.

1. Болғамбаев Металбек. Қазақтың ұлттық спорт түрлері – Алматы: Қайнар, 1983ж.-125-128 бет.
2. Дене тәрбиесі және спорт арқылы Қазақстан Республикасының халқын сауықтыру бағдарламасы. Алматы 1999.ж «Рауан» 155-161 бет.
3. Төтанәев Б. Қазақтың ұлттық ойындары Алматы 1991ж «Рауан» 76-88 бет
4. Қазақтың ұлттық ойындары Алматы 1978 ж. «Қайнар» 18-24 бет.
5. Дене тәрбиесі сабағында ұлттық ойындарын оқыту методикасы Алматы 1982 ж «Қайнар» 32-36 бет.
6. Жолынбетов А. Айгөлек Алматы 1975 «Қайнар» 6-12 бет.
7. Е.Уаңбаев . Дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесі 1997 ж «Рауан» 34-38 бет.

Резюме

Э.К. Ахметова – к.п.н., доцент КазНПУ им. Абая

Ж.Т. Баякеев – магистрант 1-го курса специальности «Физическая культура и спорт» КазНПУ им. Абая
«История развития казахской борьбы»

История казахской борьбы тесно связано с историей его нации. Борьба балуанов, конный спорт, айтыс являются неотъемлемой частью искусства казахского народа. Казахи считали самого сильного человека особенным и называли его «алып», «толагай», «балуан». Борьба – это искусство, которая является одной из важной составной частью национальной культуры. Вечное кочевничество требовало от людей сильной и выносливой физической подготовки. В казахской степи езда на лошади, стрельба из лука, борьба, владение приемами рукопашного боя поднялись на уровни тех требований, предъявляемой ко всем.

Ключевые слова: история казахской борьбы, спорт, результаты, периоды.

Summary

E.K.Akhmetova - Candidate of ped.science, associate professor of Abai Kazakh national pedagogical university

Zh.T.Bayakeev - The 1st year master student of specialty of «Physical training and sports» of Abai Kazakh national pedagogical university

«The history of development of the kazakh wrestling»

Kazakh wrestling history is closely connected with the history of the life of the nation. Wrestlers to compete at the race, Kazakh aitys, is considered to be an integral part of the art of the people. Kazakhs owner of efforts to "remove", "good", "wrestler" he said, recognized him as a man in whom there is a special quality. Küres- art, it is an important sector of the national culture. Kazakhs living in the twelve months of the year in the field, constantly in motion a life, from young children to see the slope of demanding physical training. Kazakh countries free to sit on a horse, archery, wrestling, martial arts techniques of manipulation skills of boys and girls up to the same level.

Keywords: kazakh wrestling history, sports results, periods.

УДК: 796.82(091)

ГРЕК-РИМ КҮРЕСІНІҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ

Э.К Ахметова - п.ғ.к., доцент Абай атындағы ҚазҰПУ

**А.Ж Серіков - Дене мәдениеті және спорт мамандығының 1-курс магистранты,
Абай атындағы ҚазҰПУ**

Спорттың даму тарихына зер салсақ қоғамдағы өзгерістер мен қатар спорттың мән-мағынасын да түсінуге болады. Қазақстандағы грек-рим күресінің дамуы және қалыптасу тарихын оқу үрдісіне қажетті материалдар болып табылады. Грек-рим күресі әр заманда жаңа атауға ие болған. Спорттың-әр кезеңдерін яғни тарихын институттарда, спорт мектептерде, клубтарда, колледждерде айтылу қажет және оны әр бір спортшы білген жөн.

Тірек сөздер: грек-рим күресі тарихы, спорт, нәтижелер, кезеңдер, технология, зерттеу тәжірибелері.

Спорт – белгілі ережелер немесе дәстүрлерге сай көбінесе жарыс күйінде өтетін әрекет. Спорт жалпы алғанда физикалық мығымдығы өте маңызды болатын (жеңіске немесе жеңіліске әкелетін) әрекетті сипаттағанымен, ақыл-ой немесе құрал-жабдық сапасы да маңызды рөл атқаратын ақыл-ой спорты және мотор спортына қатысты айтылады. Адам баласы спортпен денсаулығын жақсарту, моральді және затты қанағаттану үшін, өзін-өзі дамыту үшін шұғылданады.

Спорттың даму тарихына зер салсақ қоғамдағы өзгерістер мен қатар спорттың мән-мағынасын да түсінуге болады. Спарта немесе Лаконика - Грекияның ежелгі мемлекеттерінің бірі. Біздің дәуірімізге дейін VI ғасырда ол үлкен Пелопоннес жарты аралын өзінің ықпалына бағындыра, Пелопоннес одағын басқарды. Аристотельдің айтуынша, Лакедемондағы адамдардың бүкіл тәрбиесі және заң шығару жүйесін әскери мақсатқа бағындырды. Ол отбасында басталды. Балалар қатал жағдайда тәрбиеленді, шынықты, аштық, шөлді, дене түсетін үлкен күшті жеңе білуге үйретілді. Жеті жастан бастап мемлекеттік тәрбиеде болды. Балаларды отбасынан алып, айрықшы мектептерге араластырды. Ондағы тұрмыс-тіршілік салты әскери жағдайға сәйкес құрылды. Жасөспірімдердің басты айналысатындары дене жаттығулары, шынығу, әскери ойындар болды және оқу мен жазуға аз дәрежеде көңіл бөлінді. Жыл сайын жасөспірімдер үшін жарыстар ұйымдастырылды. 15 жастағы жасөспірімдер “айрендердің”- әскери өнерді үйренуші, бірақ әлі де азаматтық құқы жоқ, жастардың қатарына енгізілді. 21 мен 30 жас арасы азаматтық толық құқыққа ие болатын өтпелі жас деп есептелді. Тек 30 жасқа толғасын ерлер толық құқы бар спартандық болды. Алайда, осыдан кейінде, олар өз отбасына

ғана қонуға келетін, ал күн бойы ерлердің әскери клубында болатын. Ежелгі грек мемлекеттерінің көпшілігінен айырмашылығы, Плутарх айтқандай, “олардың балаларының денесі мықты болуы үшін” Спартада қыздар да дене тәрбиесімен шұғылданды. Кейде қыздар да әскери жорықтарға қатысқан. Полопеннестік соғыстан кейін, б.д.д. V ғасырда дене тәрбиесінің спартандық жүйесі өзгеріске ұшырай бастады және өзінің бұрынғы әскери-қолданбалы маңызын жоғалтты. XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында Еуропа елдерінде грек-рим күресі пайда болды. Француз күресінде бәсекелесті белден жоғары қапсыра құшақтап, оны жығу керек. Аяқтан ұстауға бағытталған әдіс-тәсілдерді қолдануға болмайды. Грек-рим күресінің даму тарихы, палуандардың күрес өнері көпжылдық тарихы бола отырып біздің дәуірімізге дейінгі 2000 жыл бұрын бастау алған, көне Грецияда пенталонның бір түрі ретінде дамып, адамның жылдамдық, төзімділік, ептілігін дамытып және әскерді дайындаудың негізгі құралы болды [1].

Панкратион – гректердің күрестерінің көне түрлерінің бірі. Бұл күрес түрінде қысқа шалбар киіп, аяқпен жұмыс жасап, қолға және аяқтан ұстап әдіс жасап күрескен, қарсыластың жауырынын жерге тигізіп жеңіске жеткен, уақыт шегі жоқ. Күрес әрі қарай дамуын Франциядан алып, сол себепті күрестің бұл түрі әлемде француз күресі ретінде танылды. Жекпе-жек Франция жерінен бастау алған. Сол кездегі жергілікті қала және ауыл тұрғындарының ынтасы күреске ауып, олар біртіндеп осы өнермен айналыса бастады. Грек-рим күресі бірден халықтың қызығушылығын арттыра бастады. Күшті саңлақтар көше циркында өнер көрсетті. Қалың жұрт жиналатын жерлерде белдесулер ұйымдастырылды. Кейін Франция қалаларының біріншілігі, біраздан соң әлем чемпионаттары өткізіле бастады. Белдесуден әлем чемпионатын жақсы деңгейде ұйымдастырып өткізу, кәсіпқой күрестің болашағына үлкен жол ашып, оның өсіп-өркендеуін жылдамдатты.

Франция астанасы Парижде 1848 жылы алғаш рет кәсіпқой күресшілер белдесетін арена бой көтерді. Франция жеріне өзге де шет елдерден бәйгеге қатысу мақсатымен балуандар келе бастады. Немістер, түріктер, италияндықтар және орыстар әлем чемпионатына қатысып, жарыстың ережесін үйренді. Ақырында француз күресі әлемдік мәртебеге ие болып, өзге мемлекеттерге тарап кетеді. Францияның аты шығып, бұл күрес түрі халықтың сүйікті спорт түріне айналған. Әрине, күрес өнері дүниежүзінде әртүрлі бағытта дамыды. Бұл әр халықтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлеріне байланысты болды. Еуропада француз күресі (грек–рим күресі) Азия елдері мен шығыста және Америкада еркін күрес жақсы дамыды.

XVIII – XIX ғасырларда Олимпиада археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. 5 – 7 метрлік жер олимпилілік құрылыстардың қалдықтары табылды. XIX ғасырдың аяғында халықаралық экономика-ның және мәдениеттің жылдам өркендеуіне байланысты өзінің көрінісі спортта да байқала бастады.

Осы уақыт аралығында бірінші халықаралық спорттық бірлестіктер құрыла бастады, әртүрлі елдердің спортшыларының қатысуымен жарыстар өткізіле бастады. Қазіргі Олимпиада ойындарын қайта жандандыру идеясының қажеттілігі оралды.

1894 жылы Парижде әйгілі Францияның ғалымы және бұхаралық қызметкері Пьер де Кубертеннің ұсынысы Олимпиаданы жақтаушылардың халықаралық конгрес ұйымдастырылып, олимпиада ойындарының қайта құру жобасы және халықаралық комитет құру туралы өкім шықты.

Олимпиада комитеті спорттық күрестен универсалдық халықаралық ереже құрастырды. Оның негізіне француз күресінің ережесі жатты. Грек-рим күресі қазіргі олимпиада ойындарының, II және III басқа, бағдарламасына енгізілді.

Грек-рим күресінің халықаралық ережелері 1896 жылы қабылданып бірінші Олимпиядалық ойындарынан бастап бағдарламасына кірген. Ол грек-рим (франциялық) күресі Еуропада кәсіптік күрескерлердің өнерлерімен кең тарағандықтан болған. Бірақ, салмақ бойынша бөліп күресу 1906 жылдан басталған, сонда 1911 жылына дейін тек қана үш салмаққа бөлінген

Бірінші олимпиада ойындары 1896 жылы 6 сәуірде Афиныда ашылды. Грек-рим күресі жарысында 4 елден бес балуан қатысты. Олимпиадаға қатысушы болған француз журналисі Леон Оливье Шуман мен Тсигас арасындағы ақтық жарысты айтты. Сайыс күн батқанға дейін созылды және ертеңгі күні бітті. Қатысушыларды салмақ дәрежесі бойынша бөлген жоқ. Алтын медальді Карл Шуман жеңіп алды (Германия), күмісті Георг Тсигас (Греция), қоланы стефанос Христулуас (Греция) алды [2].

IV Олимпиада ойындары 1908 жылы Лондонда 27 сәуір мен 30 қазанда өткізілді. Ойын бағдарламасына грек-рим және еркін күрес түрлері енгізілді. Бірінші рет Россияда грек-рим күресінен төрт спортшы қатысты. Нәтижесінде екі орыс балуан жарыстан шығып қалды. Қалғаны – Н.Орлов және ауыр салмақтағы А.Петров ойынның жүлдегері болды. Дәл сол уақыттан бастап (1900 және 1904) жылдардағы екі Олимпиаданы есепке алмағанда Олимпиада бағдарламасынан түскен жоқ. Кейін 1912 жылы (FILA) Халықаралық күрес түрлері федерациялары құрылып, әлемдегі ең үлкен және

беделді спорттық ұйымдардың біріне айналды. Грек-рим күресі әр заманда жаңа атауға ие болған. Нағыз кәсіпқой күресшілер «француз күресі» деп атаса, әуесқойлар «грек-рим» деп атады. **Фила** (гр. *φύλη*)-ежелгі Аттикадағы - рулық бірігу, қауым. Кейіннен осы қоғам өкілдері жайлаған Аттиканың территориясының бөліктері *филдер* деп атала бастады. Әдетте рулық филдер 3 фратрияға (дорийларда 4 фратрияға) бөлінді. Фила өздерінің абыздарымен және әскери бөлімшелерімен бірлестік құра бастады (олар да филдер деп аталады). Филарх осы әскери бөлімшенің басшысы болып тағайындалды.

V Олимпиада ойындарында, 1912 жылы Стокгольмде 5-мен- 22 шілдеде өткен бағдарламада грек-рим күресі болды, шведтер еркін күресті енгізген жоқ. Олимпиада медальдары бес салмақ дәрежесінде ойнатылды. Россияның құрама командасының 11 қатысушыларының арасынан аққтық белдесуге Мартин Клейн жетті. Оған әлемнің екі дүркін чемпионы финн Ассикайненмен және шведтің жас балуаны Иоганасенонмен кездесу күтіп тұрды. Ассикайненмен кездесу 10 сағат 15 минутқа созылып, М.Клейннің жеңісімен аяқталды. Екінші күні Клейнді Иоганасенон кездесуде күтіп тұрды, бірақ Клейн балуанның жарақат алуына байланысты жеңіс Шведтің балуаны Иоганасенонға бұйырып, Мартин Клейн күміс медальға ие болып қайтты.

1912 жылы халықаралық күрес федерациясы құрылды. Президенті болып швециялық Бинар Роберт болды. 1920 жылы VII Олимпиада ойындары Бельгияда (14-29 тамызда) болды. Грек-рим күресінен медальдар 5 салмақ дәрежесіне өткізілді, оның 4-ін жеңімпазы Финляндия спортшылары болды.

КСРО құрама командасы бұл ойындарға саяси мотивпен қатысқан жоқ. VIII Олимпиада ойындары 1924 жылы 3 мамыр мен 27 шілдеде өтті. Грек-рим күресінен медальдардың ең көбін Финляндия спортшылары жеңіп алды. Олар 3 алтын, 4 күміс, және 3 қола медаль алды. IX Олимпиада ойындары Амстердамда (Нидерланды) 27 мамыр – 12 тамызда 1928жылы өтті.

Олимпиады турнирінде 29 елден 167 балуан қатысты. Грек-рим күресінен спортшылар 6 салмақ дәрежесінде қарсыласты.

Алтын медальдар 6 елдің өкілдеріне тиді. X Олимпиада ойындары 30 шілде – 14 тамызда 1932 жылы Лос-Анжелесте (США) өткізілді. Командалық есепте (неофициальный) 1-орны Швеция спортшылары, 2-і Германия, 3-і Финляндия.

XI Олимпиада ойындары Берлинде (Германия), 1-16 тамызда 1936жылы өткізілді, 29 елден 200 балуан қатысты. Командалық есепте (неофициальный) Швеция спортшылары жеңіске жетті.

Екінші дүниежүзілік соғыс XII-XIII Олимпиада ойындарын өткізуге мұрша берілмеді. XIV Олимпиада ойындары 1948 жылы Лондонда 29-шілде – 19 тамызда өткізілді. Лондонда 29 елден 220 балуандар қатысты.

Грек-рим күресінен командалық есепте (неофициальный) I орынды Швеция командасы жеңіп алды: 5 алтын, 2 күміс медальдар.

Түрік балуандары 2 орын, 3 орын Венгрия құрамасы алды.

1947жылы Совет балуандары халықаралық федерацияға кірді. Бұл КСРО құрама командасына бірінші рет XV Олимпиада ойындарында Хельсинкида (Финляндия) 20-27 шілдеде 1952 жылы қатысуға мүмкіншілік берілді.

Грек-рим күресінен 23 елден 121 балуан жіберілді. Совет одағының белгілі балуандары: КСРО чемпионы Борис Гуревич, КСРО-дің үш дүркін чемпионы Артем Герян, Яков Тункин, Шазам Сафин, КСРО-дің екі дүркін чемпионы Семен Марушкин, КСРО-дің 4 рет чемпионы Николай Белов, Шалва Чихладзе және КСРО-дің 5 дүркін чемпионы Иоганн Коткас. Совет балуандары олимпиада ойындарынан бірінші алтын медальды грек-рим күресінен Борис Гуревич алды. Жартылай жеңіл салмақта ең күштісі Яков Тункин болды, барлық 5 белдесуде жеңіске жетіп алтын медальды жеңіп алды. Жеңіл салмақта Олимпиада чемпионы Ш. Сафин (КСРО)болды. Ауыр салмақта Иоганн Коткасқа лайықты қарсылас табылмады. Қорытындысында барлық қарсыласын таза жеңіп Олимпиада чемпионы атанды.

XVII Олимпиада ойындары Римде (Италия) 25 тамыз – 11 қыркүйек 1960 жылы өткізілді. Командалық есепте қайтадан Совет балуандары жеңіп алды. 2 орында – Турция, 3 орында – Румыния. КСРО құрама командасының жеңіл салмақта Минскілік Олег Караваев, Жартылай орта салмақта – Тбилисикі Автандил Коридзе, ауыр салмақта – Киевтік Иван Богдан чемпион болды.

XVIII Олимпиада ойындары Токиода (Япония) 1964 жылы 10 – 24 қазанда өткізілді.

XIX Олимпиада ойындары Мехико (Мексика), 12-27 қазанда 1968 жылы өткізілді. Командалық есепте грек-рим күресінен 1-3 орынды КСРО, Болгария,және Венгрия командалары алды.

Жеңіл салмақта Роман Руруа (КСРО), ауыр салмақта – Иштван Козва (КСРО), жеңді.

XX Олимпиада ойындары Мюнхенде (ФРГ) 25 тамыз – 11 қыркүйекте 1972 жылы өткізілді.

Совет балуандары грек-рим стилінен 4 алтын медальды жеңіп алды. Жартылай жеңіл салмақта Рустем Казаков Ташкенттен, 1- жартылай орта салмақта – Шамиль Хусамутдинов Подмоковьеде, 2- орта салмақта – Валерий Рязанцев Алматыдан, ауыр салмақта Анатолий Рошин Ленинградтан.

Командалық есепте I орынды – КСРО құрамасы, II орынды – Болгария, III орынды Румыния құрама командасы жңіп алды.

XXI Олимпиада ойындары Моереальда (Канада) 17 шілде – 1 тамызда 1976 жылы өткізілді.

КСРО құрама командасы грек-рим күресінен Олимпиадалық турнирде өзіндік рекорд жасады. 7 алтын, 2 күміс, 1 қола медальға ие болып қайтты. Чемпион болғандар: Алексей Шумаков Красноярсқіден(ең жеңіл салмақ), Виталий Константинович Ульяновскіден(жеңіл салмақ), Сурен Налбандян Астраханнан(жартылай орта салмақта), Анатолий Бычков(2-ші жартылай орта салмақта) және Валерий Рязанцев Алматыдан, Москвадан Николай Балтонин (жартылай ауыр салмақта) және Киевтік Александр Колчинский (ауыр салмақ).

Алматылық Валерий Рязанцев екінші рет Олимпиада чемпионы болды.

XXII Олимпиада ойындары 19 шілде – 3 тамызда Москва қаласында өткізіліді. 25 елден 119 балуан қатысты. Қорытынды есепте КСРО құрама командасы I орын – 52 ұпай, II орын Венгрия – 32 ұпай, III орын Болгария 29 ұпай. Москвадағы олимпиада чемпиондары: Жақсылық Үшкемпіров, Алма-ата (КСРО)-ең жеңіл салмақта (48кг), Шамиль Сериков, Алма-ата (КСРО)-жартылай жеңіл салмақта (57кг), Генади Корбан (Москва, КСРО) – Iші орта салмақ (82кг), Александр Колчинский (Киев, КСРО) – ауыр салмақ(100кг жоғары).

XIII Олимпиада ойындары Лос-Анджелесте 14 елдің қатысуынсыз өтті, олардың ішінде болғандар: КСРО, ГДР, Куба, Китай, Польша, Чехословакия, Албания, Вьетнам, Монголия, Венгрия, Болгария және тағы да басқа елдер [3].

Қазақстан Грек-Рим күрес тарихының негізгі кезеңдері

Қазақстанда грек-рим күресінің дамуы Ұлы Отан соғысынан кейін бастау алды. Күрес өнерінің дамуына Қазақстанда П.Ф. Матушак үлкен үлес қосты. Қазақ дене тәрбиесі институтында күрес бөлімін ашып, осы арқылы күрестің дамуына себепкер болды. Дене тәрбиесі институты күрестен мамандарды дайындау орталығына айналдыру қажет. Осы жерден үлкен спортқа екі дүркін олимпиада ойындары чемпионы, бес дүркін әлем чемпионы, үш дүркін Европа чемпионы В.Резанцев, олимпиада ойындары чемпионы Ж.Үшкемпіров, Ж.Сериков, әлем, Европа, Азия чемпионы, екі олимпиада жүлдегері, жеті дүркін Кеңес одағының чемпионы Д.Тұрлыханов, әлем чемпионы Б.Байсейтов жолдама алды. Қазақстандағы Грек-рим күресі, XX ғасырдың екінші жартысынан бастап жаппай дами бастады. Бірақ одан бұрын да Қ.Мұңайтпасов, В.Ярков сияқты жекеленген балуандар болды. Көз көргендердің айтулары бойынша республиканың алғашқы чемпионаты 1934 жылы өткізіліпті. Алматыда күрестен спорт мектебі 1936 жылы ашылған. Қазақстандықтар Бүкілодақтық жарысқа тұңғыш рет 1947 жылы қатысты. Сонда Б.Елқондиев, А.Сыздықов т.б. балуандар республиканың спорттық намысын қорғады. 40-шы жылдары күрес (еркін және грек-рим) Қазақстанда спорттың түрі ретінде кеңінен дами бастады. Көп ұзамай 1947 жылы біздің еліміздің өкілдері грек-рим күресінен болған бүкілодақтық чемпионатқа қатысты. Қазақ даласының жарқын палуандарының бірі Қайрат Байдосов сол кезде бірінші болып КСРО спорт шебері атағына қол жеткізді. Дәл сол кезде қазақстандық палуандар әлемдік күрес элитасына енді.

1964 жылы грек-рим күресінен Қазақстанның тұңғыш олимпиадалық чемпионы және КСРО еңбегі сіңген спорт шебері атағын Анатолий Колесов олжалады. Дәл Колесовтың алтын медалінің арқасында Қазақстанның медальдар қоржыны жылдам майлана түсті. Бүкіл жер шарын шарлаған қазақ палуандарының қанжығасы олжасыз қалған емес. Біздің спортшылар жыл сайынғы турнирлерде, оған қоса еуропалық, азидалық біріншіліктерде, Олимпиадалық және әлем чемпионаттарында мүмкін емес рекордтарға қол жеткізді. Сонымен бірнеше дүркін жүлделер мен олимпиаданың жеңімпаздары атанған палуандарымыз келесідей: Валерий Резанцев, Жақсылық Үшкемпіров, Шәміл Сериков, Анатолий Назаренко, Игорь Росточкий, Дәулет Тұрлыханов, Юрий Мельниченко, Мәулен Мамыров.

Алғашқы жиырма бірінші жүздылық қазақ палуандарының Олимпиада ойындарында, әлем чемпионаттары, Еуропа және Азия чемпионаттарында жарқын өнерімен көзге түсіп, Отанымыздың мәртебесін асқақтатқан нәтижелерге толы болды. 1948 жылдан Қазақстан чемпионаты өткізіліп келеді. Қазақстандағы грек-рим күресінен қазақстандық А.Колесов тұңғыш рет КСРО чемпионы болды (1959) 1966 жылы. Эссен қаласында еткізілген жарыста Б.Бакулин Еуропа чемпионы атанып, 1968 жылы Мексика олимпиялық ойындарда күміс медальды жеңіп алды. А. Назаренко мен В.Резанцев КСРО-ның, Еуропаның және дүниежүзінің чемпионы атанды. Бұлар 1972 жылы Мюнхен олимпиялық ойындарда алтын және күміс медальдармен оралды. Сондай-ақ, 1970 жылы Жапонияда еткізілген дүниежүзінің жастар арасындағы Әлем чемпионатында чемпионатында Н. Лященко, Қ.

Ахметов, А.Бытков жеңімпаз атанды. Ал алғашқы чемпиондардың есімдері 1937 жылдан белгілі. 2003 жылы Алматыда Әлем кубогы үшін жарыс өтті. 2003 жылы Азия кубогын республиканың құрама командасы жеңіп алды. Республиканың атақты балуандарының қатарына А.Колесов, В.Ане-симов, В.Ракулин, В.Резанцев, А.Назаренко, А.Быков, Ш.Серков, Ж.Үшкемпіров, Д.Тұрлыханов, Қ.Байсейітова, М.Манукян, Ю.Мельниченко, Г.Сурцумия және т.б. жатады. [4]

Грек-рим стиліндегі күресшілердің соңғы әлем чемпионатындағы көрсеткен өнерінің нәтижесі олимпиадада тамаша өнер көрсетеді деп күтілген. Шындығында, спортшылар барлық кезде жан-күйерлерінің үмітін толық ақтау сәті түсе бермейді. Соған қарамастан, ұлттық құраманың қорытынды нәтижесі орташа көрсеткіштен сәл жоғары болды (111%). Диаграммада көрінгендей, өткен Олимпиада нәтижесі соңғы 12 жылда жақсарған. Бұған осы спорт түрінде біртіндеп бай дәстүрдің қалыптасуыда куәлендіріп отыр. Соған қарамастан, Лондонда қазақстандық құрамына жалғыз медальді бұрынғы ресейлік Даниял Гаджиев алып бергендігін ұмытпаған жөн. ҚР грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясының қазіргі президенті Серік Сұлтанғали бұл қызметіне отырғанына көп бола қойған жоқ (екі жылға жуық). Осы жағдай оның ұлттық құрама нәтижесіне қосқан үлесін бағалауға қиындық тудырады. Дегенменде, саяси және бизнес элитасындағы кең байланысы (атап айтқанда, Серік Сұлтанғали 2011 жылдың ақпанына дейін «КазТрансГаз» АҚ басқармасының президенті - ескерт.) құраманы материалдық техникасын жабдықтауға оң ықпалын тигізуде. Сонымен бірге, осы Олимпиада нәтижесі грек-рим, еркін және әйелдер күресінің бір федерация құрылымында болуы Қазақстанда тұтас алғанда даму динамикасының төмендігінің негізгі себебі болып отыр. Осы кезде федерацияның құрметті президенті Дәулет Тұрлыханов қарастырылып отырған спорт түрін дамыту үрдісінде жеткілікті шамада жүйелік шешім қолданбайды. Дәулет Тұрлыханов көп жылдар бойы күрес федерациясын басқарып келеді. Қазір құрметті президенті. Федерация басшысы С.Сұлтанғали демесеңіз, барлық мәселені осы кісі шешеді. ФИЛА-ның, халықаралық күрес федерациясының мүшесі.

Грек-рим (кәсіби француз) күресінің тек бір өкілі ғана 20, 30 және 40-шы жылдарда Қазақстан және Орта Азияның аумағында күшін, өз өнерін белсенді түрде көрсетті, ол Қажымұқан Мұнай-пасов. Бірақ, ең алдымен, қазақ күресі өкілі болғандықтан төрттағандық күрессіз, қарсыласының жауырнын тігізіп бірінші лақтырғанға дейін ұстасуларға шыққан, грек-рим күресінен секцияларын аспаған [5].

1-кесте. Әлемде және Қазақстанда спорттық күрестің дамуы

Күрестің түрі	Әлемде дамуы	Олимпиадалық ойындарының бағдарламасында	Қазақстанда дамуы
грек-рим күресі (француз, классикалық күресі)	19 ғасырдың 90-шы жылдарында Францияда қатты дамыды және Европада таралды Ресейді қоса	Бірінші Олимпиададан 1896 ж. бастап	1940 ж. басы, Федерацияның негізі 1946 ж. қаланған
еркін күресі	1904 ж. бастап АҚШ, Европада 20-30 жж.	1904 ж. бастап	1950 ж. басы, Федерацияның негізі 1955 ж. қаланған
Самбо	КСРО-да 1938 ж. мемлекеттік тұрғыда танылды, А.А. Харлампиев 1949 ж қолайлы спорттық нысанға айналдырды, 1966 ж. бастап күрестің халықаралық түрі болып есептеледі	енгізілмеген	1950 ж. басы Феде-рацияның негізі 1955 ж. қаланған
Дзюдо	1882-1884 жж. Жапон., 1920-1933 жж. Кеңестік Ресей аумағында дамуы, бірақ тыйым салынды, дүниежүзілік бірінші біріншілік 1956 ж. өтті, КСРО-да 60 жылдары қайтадан дамыды	1959 ж. бастап, XVIII жазғы Олимпиадалық ойындар 1964 ж. (Токио қ., Жапон.)	1960 ж. басы

Қажымұқан Мұңайтпасов балалық шағынан қазақтың ұлттық күресінен жекпе-жектерге жие қатысқан, ал 1904 жылы Петербургте И. Лебедев мектебіне қабылданған, онда 2 жыл оқыған, кәсіби француз күресінің жарқын өкілі болып табылады. Ресей мен Европада өткізілген француз күресінен бірнеше кәсіби біріншілікті, сонымен қатар АҚШ-та еркін күрестен біріншілікте ұтты. 1927 жылы (Қазақ АКСР ОАК) оған спортқа сіңірген еңбегі үшін «Қазақ халқының батыры» құрметті атағын берді. Балуанның бапкері болу оңай шаруа емес. Талапты баланы тап басып тану, оның әр қадамын бақылап, бар білгенінді үйрету, бүкіл күш жігерінді жұмсау. Шәкіртің әр қадамына алаңдау, жеңсе өзің жеңгендей қуану, жеңілсе, өзің жеңілгендей бірге қамығу. Бапкерлік – жауапкершілігі мол, бейнеті де, зейнеті де кездесетін еңбек. Бұл мінезді, тәжірибені, білікті талап етеді.

1. Г.С.Туманян, 2006

2. *Международные правила соревнований по греко-римской и вольной борьбе.* - М., 1997, 1998, 1999, 2000, 2001, 2002.

3. В.В. Столбов. *Дене мәдениеті мен спорт тарихы. М. Просвещение. 1989 ж.*

4. Нелюбин В. В. *Эволюционные преобразования в спортивной борьбе: Учебное пособие. Часть 1.* — Новосибирск.

5. *Спортивная борьба: Учебник для ИФК / Под ред. А. П. Купцова. Глава VIII.* - М.: ФиС, 1978. - С. 251-256.

Резюме

Э.К. Ахметова - к.п.н., доцент КазНПУ им.Абая

А.Ж.Серіков - магистрант 1-курса по специальности Физическая культура и спорт

КазНПУ им.Абая Алматы, Казахстан

История развития греко-римской борьбы

Если взглянуть на историю развития спорта, то можно понять и социальные изменения, а также смысл и ценность спорта. Имеется необходимость в учебных пособиях по становлению, и развитию учебно-тренировочного процесса греко-римской борьбы в Казахстане. В разные периоды истории греко-римская борьба называлась по-разному. О каждом из этих периодов истории должны осведомлять в институтах физической культуры, спортивных школах, колледжах, а также должен быть осведомлен каждый спортсмен.

Ключевые слова: История греко-римской борьбе, спортивная, результаты, этапы исследовательского опыта в технологии.

Summary

E.K.Akhmetov - PhD, Associate Professor

A.Zh.Serikov - 1 undergraduate courses in Physical Education and Sports Kazakh Pedagogical University named after Abai

If to give a glance on history of development of sport, then it is possible to understand social changes, and also sense and sport value. There is a necessity for train aid on becoming, and development educational - training process of the Roman fight in Kazakhstan. In different periods of history the Roman fight was named on anything. About each of these periods of history must inform in the institutes of physical culture, sporting schools, colleges, and also every sportsman must be well-informed.

Keywords: History of the Greco-Roman wrestling, sports, results, stages of research experience in the technology.

УДК: 796.015.4

СПОРТ ПСИХОЛОГЫНЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІ

А.А. Абсатова – Абай атындағы ҚазҰПУ, магистр оқытушы

У.Б. Керімбекова – Дене мәдениеті және спорт мамандығының 3-курс студенті

Мақалада спорт психологиясының қазіргі уақыттағы негізгі міндеттері, мақсаты, даму тарихы, басқа ғылымдармен байланысы мен қоғамдағы спорт психологиясының орны, қызметі және спорт психологының іс-әрекеті қарастырылады.

Спорттық жарыстардың алдында жаттығушылардың психикасын бейімдеп жарыс кезінде жеңімпаз ететіндей нұсқалармен қаруландыру, жарыс барысында өзін-өзі билеп, басқара алатын дәрежеге машықтандыру, жеңіске деген сенімін арттыру спорт психологының негізгі міндеті болып табылады.

Сонымен қатар, спорт психологы не істей алады, психолог дәл қайсы спортшыға қай спорт түрінен көмектесе алады, неге бапкер психологты алмастыра алмайды, не себепті бапкер мен психолог арасындағы ынтымақтастық сәтсіз болады деген сұрақтарға жауаптар қарастырылады.

Тірек сөздер: спорт, спорт тарихы, спорт психологиясы, спорт психологы, бапкер, спортшы, холерик, сангвиник, флегматик, меланхолик.

Спорт қазіргі қоғам өмірінде орасан зор орын алады. Спорт әлемі ұлы және жан-жақты, бірақ жан-жақты қарастыратын болсақ, психологиялық ықпалы зор екендігі белгілі. Спорт психологиясы – жарыс және жаттығу әрекетіндегі адам психикасының пайда болуы мен дамуының, топтық өзара әрекеттестіктердің заңдылықтарын зерттейтін психология ғылымының саласы. Спорт психологиясының қазіргі уақыттағы негізгі міндеттері – спортшылардың спорттық жоғары нәтижелерге жетуіне жағдай жасау ғана емес, сонымен қатар спортшы тұлғасын жан-жақты дамыту, оның жалпы және психологиялық мәдениетін көтеру болып табылады. Спорттық жарыстардың алдында жаттығушылардың психикасын бейімдеп жарыс кезінде жеңімпаз ететіндей нұсқалармен қаруландыру. Жарыс барысында өзін-өзі билеп, басқара алатын дәрежеге машықтандыру.

«Спорт психологиясы» түсінігі қазіргі Олимпиада ойындарының негізін қалаған Пьер де Кубертеннің мақалаларында алғаш кездескен. 1913 жылы Пьер де Кубертеннің ұйымдастыруымен Лозаннадағы Халықаралық олимпиадалық комитетте өткен спорт психологиясы бойынша арнайы конгрессте ол жеке сала ретінде бөлініп шықты. Осы конгресстен кейін спорт психологиясының мәселелері қарастырыла бастады. 1920 жыл мен 1940 жылдар аралығында олардың зерттеу жұмыстары Германия, АҚШ және басқа мемлекеттерде белсенді жүрді. Бірақ осы кезде спорт психологиясы мәселелері ғылыми жетілмеді. Спорт психологиясы екінші дүниежүзілік соғыстан кейін қарқынды дами бастады. Себебі бүкіл әлемде спорттық жетістіктер күрт өсті және спорт мәртебесі көтерілді. Бұл әсіресе олимпиада ойындарында және әр түрлі спорт түрлері бойынша әлемдік біріншіліктерде байқалды. 1965 жылы Италиядағы спорттық медицина федерациясының беслменділігімен Римде спорт психологиясы бойынша конгресс ұйымдастырылды. Халықаралық спорт психологиясы қоғамы пайда болды. Осыдан кейін спорт психологиясы халықаралық қолдауға ие болды. Римдегі конгресстен кейін ол: 1968 жылы Вашингтонда, 1973 жылы Мадридте және 1977 жылы Прагада өтті. 1970 жылдан бастап «Международный журнал психологии спорта» атты журнал басылымға шықты. Халықаралық спорт психологиясы қоғамы құрылғаннан кейін спорт психологиясының аймақтық одақтары құрылды. 1967 жылы спорт психологиясының солтүстік америкалық одағы, 1969 жылы спорт психологиясының Еуропалық ассоциациясы құрылды. Кейін спорт психологиясының ұлттық ұйымдары Канадада, Жапонияда, Германияда, Англияда, Францияда, Бразилияда, Австралияда, және басқа мемлекеттерде құрылды. Спорт психологиясы бойынша баяндамалар XVIII және XX Халықаралық психологиялық конгресстер ұйымдастырылды. 1972 жылы Мюнхендегі Олимпиадалық ғылыми конгресс және 1974 жылы Мәскеуде өткен «Қазіргі заманғы қоғамдағы спорт» атты әлемдік конгресс бағдарламасы жоғары деңгейде өтті [1].

Қазіргі таңда спорт психологиясын зерттеуге деген зор қызығушылықтар туындауда. 1987 жылының мамыр айында КСРО–спорт психологиясын зереттеуі қарастырылды. 1952 жылы Психология институтында А.Ц.Пуни «Спорт психологиясы» тақырыбына алғашқы докторлық диссертациясын қорғады. Кейін спорт психологиясы бойынша О.А.Черникованың, В.Г.Норакидзенің, С.Ч.Геллерштейннің, Г.М.Гагаеваның, А.В.Родионованың, Н.А.Худадованың, А.А.Лалаяның және тағы да басқалардың монографиялары шықты. Ғылымдар жүйесіндегі спорт психологиясының орны екі сипатпен анықталады:

- психологиялық ғылымдар саласы ретіндегі орны;
- спорт жайлы ғылымдар жүйесіндегі орнымен.

Психология саласы ретінде спорт психологиясы жаратылыстану, философия, әлеуметтік ғылыми дисциплиналар жүйесінде ортаңғы орынға ие. Жаратылыстану ғылымдары бағытында спорт психологиясы физиологиямен, психофизиологиямен, медицинамен, биологиямен, математикамен, физикамен тығыз байланысты. Әлеуметтік бағытта спорт психологиясы педагогикамен, әлеуметтанумен, мәдениеттанумен тығыз байланысты. Спорт психологиясы спорт жайлы ғылымдар ретінде физикалық тәрбиелеу теориясы мен методикасымен, спорт гигиенасымен, спорт медицинасымен, спорт биомеханикасымен, кинезиологиямен, спорт метрологиясымен тығыз байланысты. Сонымен қатар спорт психологиясы математиканың, статистиканың, кибернетиканың, электрониканың, модельдеудің әдіс-тәсілдерін қолданады.

Психологияның басқа да көптеген бағыттары секілді спорт психологиясы XX ғасырдың 60 – 70-жылдарында қауырт дамыды бастапқыда бұл саладағы негізгі зерттеулер спортшылардың қабілеттері мен мүмкіндіктерін, спорттық жаттығулардың нәтижелілігін арттыру амалдарын зерттеуге жұмылдырылады. Қазіргі уақытта спорт психологиясының зерттейтін мәселелері анағұрлым көбейді. Спорттың әр түріне орай, жалпы, педагогикалық, жастық және әлеуметтік психологияның жетістіктері ескеріле отырып арнаулы жаттығу кешендерінің бағдарламалары жасалуда. Олар спортшылардың

физикалық, сондай-ақ психикалық жаттыққандығын, эмоциялық — еріктілік, этикалық, моральдық-адамгершілік және ұжымдық дайындалғандығын кемелдендіруге бағытталады. Спорт психологиясында қозғалыс дағдылары мен біліктерін нәтижелі қалыптастырудың заңдылықтары: күш, төзімділік, ептілік көрсеткіштерін жетілдірудің әдістері біршама толықтырылып зерттелген. Қазіргі уақытта спортшының жарыс алдындағы дайындығының мазмұны мен сипаты түбірімен өзгерген. Жарысты сәтті өткізу үшін физикалық және техникалық-тактикалық дайындықтың жоғары деңгейде болуы жеткілікті емес. Қозғалыс, сенсомоторлы дағдылармен қоса интеллектуалды дағдылар және топтық әрекет дағдыларының маңыздылығы артуда. Сондықтан жарыс алдындағы дайындықта әр түрлі психикалық процесстер мен қалыптар үлкен мәнге ие болуда. Сондай-ақ психологиялық факторлар мен жарысқа қатысу үшін спортшылардың психологиялық дайындаудың рөлі өсуде. Мұндай дайындықтың әдіс-тәсілдерінің ішіндегі — спорт психологиясының негізгі қызметінің бірі. Бұл қызметті жүзеге асыру үшін мыналарды іске асыру қажет [2]:

1) спорттың жеке түрлерін психологиялық сипаттау әдісін, әлеуметтік құрылым және спорттық команданың психологиялық ахуалын, спорттық мүмкіндіктерді психодиагностикалау әдісін өңдеу;

2) психикалық функцияны дамыту арқылы және жаттығудың аппараттық әдісін жасау арқылы спортшы ағзасының барлық мүмкіндіктерін максималды қолдана алу үшін жолдарды қарастыру;

3) психологиялық тәсілдерін негіздеу.

Спорт психологы не істей алады? Барлығын да жасай алады. Бұл шынында да солай, себебі кез-келген адам әрекетінің кез-келген міндеттері, (оның ішінде спорт та бар) психологиялық мазмұнды қамтиды. Ал, дәлірек айтсақ, психологтың психикалық жұмысын тиімді етуді біледі. Бұл мәселені дәлірек былай сипаттасақ болады. Психолог дәл қайсы спортшыға қай спорт түрінен көмектесе алады? Бұл сұраққа былай жауап беруге болады.

Спорт психологының қарапайым жұмыс бағытын сипаттап көрейік. Спорттың әр түрлі табысты сайысқа түсу үшін нақты физикалық жағдайды және психиканың сапаларын талап етеді. Қазіргі кезде спортшылардың физикалық дайындығы өте жоғары деңгейде болса, жарыста жеңіске жетудің шешуші факторы психологиялық дайындық болады. Болашақ жеңімпазды табуға көмектесуде қажетті психикалық сапаларды дамытудың алғышарттарын анықтау керек. Бұл психологиялық іріктеу мен спорттық кәсіпке бағдар беру міндеттері болып табылады.

Спортшыларды дайындау әртүрлі бағыт бойынша жүзеге асырылады.

Бірақ ерік-жігердің жетіспеуі немесе өзінің эмоциясын басқара алмау көпжылдық жаттығудың нәтижесін жоққа шығаруы мүмкін. Жүйелі психодиагностикада және жаттығу процесіне психологтың белсенді қатысуы спортшының жеке ерекшеліктеріне, жеңіске жету үшін қажетті сапалар мен дағдыларды қалыптастыру мен дамытуға мүмкіндіктер пайда болады.

Көбінесе үлкен спортта сирек жеңіске жететін спортшы аса маңызды қабілетке ие болып жатады. Оған команданың тактикасы немесе оның жарыстық әрекеті негізі болады.

Өз уақытында психиканың ерекшеліктерін анықтау және әрбір шұғылданушыға қабілеттерін дамытатын жеке жоспар жасау, жарыс алдындағы және жарыс кезіндегі іс-әрекет стратегиясы — бұлардың барлығы спорт психологының жасайтын жұмысы болып табылады.

Спорт тарихына үңілсек, дәл уақытында айтылған сөз, үзіліс, қимыл-әрекет т.б. айбынды жекпе-жектің тағдырын шешеді.

Спорт психологиясында мұндай әрекеттерге арналған атау бар — ол секундтау. Сондықтан да спорт психологы өз бетінше, бапкер немесе топтағы жолдастары көмегімен аз уақыт ішінде көп емес, бірақ спортшы психикасына шешуші әсер ету.

Кәсіби өсуде кез-келген спортшылар әр түрлі себептерге байланысты дағдарыс (кризис) кезеңі болады: жарыстағы сәтсіздік, өзге клубқа ауысу, бапкердің ауысуы, жеке өмір жағдайы және басқа да себептер.

Спорт психологы спортшыға мәселенің шешімін табуға және жаңа спорттық жетістіктерге жетуге күш беретін жағдаяттардан шығуға көмектесуі мүмкін.

Неге бапкер психологты алмастыра алмайды? Спортта бапкер сөзсіз, ең басты тәлімгер, әсіресе жас спортшыға тұлға болып қалыптасуына бағыт беруші болып табылады. Бізде қалыптасып қалған, бапкерде нақты кәсіби міндеттен өзге менеджердің, администратордың, психологтың да қызметін орындауға тура келеді. Бұлардың барлығымен дене мәдениеті және спорт мамандығы оқытып, үйретеді.

Көптеген қарапайым психологиялық міндеттермен дене мәдениеті мамандары шеше алады. Бірақ атақты жазушы Козьма Прутков айтқандай «Бір маман бірнеше мамандықты игере алмайды» және

салмақты психологиялық мәселені маман-психолог маман өзі шешуі тиіс. Бұл үйдегі дәрігерлік қобдишаны еске түсіреді. Жеңіл ауруды өзіміз емдей аламыз, ал қатты асқынған кезде ғана дәрігерге жүгінеміз.

Не себепті бапкер мен психолог арасындағы ынтымақтастық сәтсіз болады. Өкінішке орай психологтардың тәжірибиелерінің жеткіліксіздігі көптеген бапкерлер бойындағы сенімсіздікті тудырады. Шын мәнінде психолог пен бапкер арасында өз мақсаттарына жете алмау жағдайларды мысалдар арқылы көз жеткізуімізге болады. Бірақ, психологияны спортшы өмірінен алып тастау мүмкін емес. Ақылды адам әрқашан өз сәтсіздіктерінен сабақ алып, қайталамауға тырысады.

«Бапкер – психолог-спортшы» арасындағы ынтымақтастықтың сәтсіз болуы кез-келген қатысушының қателігінен болуы мүмкін. Ұзақ уақыт пайда болған шиеленістерді шешуге психологтарға қысқа уақыт береді. Бұл әрине психологтарға өте қиын.

Бапкердің психолог ретінде жұмысы үлкен қажырлықты кәсіби біліктілікті талап етеді. Сол себепті де спорт психологиясында қарама-қайшықтар бар:

Бапкерлер спортшылардың сәтсіздіктерін психологиялық себептермен түсіндіреді. Сонымен қатар спорт психологтарымен өте сирек бірлесіп жұмыс жүргізеді. Іс жүзінде психологиялық ықпалдарды ескерту көп жағдайда бапкерге байланысты. Спортта психологтың қызметі нақты нәтижелерді үлкен жетістікке жеткізуін талап етеді.

Спорт психологы өзінің дене келбетін қадағалап, спортшылардың жаттығуларына және белсенді демалыстарына міндетті түрде қатысуы қажет.

Бапкер мен спортшы арасындағы қарым-қатынасы демократиялық стильде болғаны абзал. Осындай әр түрлі жағдайларда бапкер мен спортшы арасында ешқандай кикілжіндердің болмауының жолдарын қарастырып, алдын алады. Спортшының психологиялық көңіл-күйіне әр түрлі жағдайлар әсер ететіні сөзсіз. Оған отбасы, қоғам, достары және ортасының әсері зор. Шет мемлекеттерде спортшыларға арналған түрлі психологиялық тренингтер ұйымдастырылады және сайыс кезінде өздерін еркін ұстауына көмектесетін түрлі жолдарды үйретеді. Шет мемлекеттердің спорт саласының жақсы дамуы мен рекордтардың орнатылуы психологтардың жақсы жұмыс жүргізе білуінің арқасы деп білеміз. Оған мысал ретінде Сиднейде өткен олимпиадада АҚШ құрама командасында 30 психолог келіп жұмыс істеген. Ал Мадридтің «Реал» командасында бір уақытта үш психолог жұмыс істеген. Бұдан не байқауымызға болады, яғни спортшылардың жеңісіне үлкен ықпал тигізетін психологтар [3]. Ендігі сөз өзіміздің отандық спортшылар туралы болмақ. Әрине біздің де спортшылардың да жетістіктері аз емес, жыл өткен сайын шет мемлекеттермен тәжірибелер алмасып біздің де үйренеріміз көп екенін байқауымызға болады. Бұдан байқайтынымыз қоғамда психологтың маңызды рөл алатынын түсінеміз.

Бапкер сияқты спорт психологы да топпен немесе спортшымен ұзақ уақыт жұмыс жүргізуі керек. Бапкер орындау уақытын, қайталау санын, жүктемелердің көлемі мен күшін ескере отырып психологпен бірлесе отырып жұмыс жасағаны жөн. Психолог өз жұмысының нақты жоспарын жасауға және психологиялық ықпалдарға қатысы бар тұрақтылық, сенімділік, жарыстарға дайындық секілді нақты ұсыныстар мен болжамдар беруге дайын болса, бұл жұмыстың нәтижесі тамаша болатыны сөзсіз. Бапкердің, спортшының мотивациясын жоғарылатудың екінші ықпалы әр спортшыны дайындаудың жеке бағдарламалары мен жоспарланатын нәтижелерді бапкермен, спортшылармен, психологтармен талқылау болып табылады. Сол себепті де бапкер спортшының мінез-құлқын, темпераментін, қабілеттілігін, дарындылығын, төзімділігін, жынысын, жасын ескере отырып жұмыс жасағаны абзал. А.М.Ким, А.А.Қасымжановтың «Спорт психологиясы» атты еңбегінде темпераменттің төрт типін былай сипаттайды [3]:

- Холерик – бұндай спортшылар тез, шапшаң, тым қозғалыстығымен ерекшеленеді. Күйгелектік осындай адамдарға тән. Адамдармен қарым-қатынасқа тез түседі. Жағымсыз жағы – ұстамсыздығы, каталдық қасиеттер тән.

- Сангвиник – бұндай спортшылар қабілетті, қозғалғыш. Ақкөңіл және қызу, жеңіл мінезді. Сәтсіздіктерін жеңіл өткізеді. Қарым-қатынасты тез орнатады.

- Флегматик – бұндай спортшылар баяу байсалды. Істі ойланып төзімділікпен, байсалдылықпен істейді. Жинақылықты қалыпты жағдайды ұнатады, өзгерістерді ұнатпайды. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді.

- Меланхолик – бұндай спортшылар өте баяу, ұзақ және қатты күш түсірсе жұмыс істей алмайды. Олар өте тез шаршайды. Бірақ қалыпты, тұйық, таныс емес адамдармен сөйлеспейді.

Біздің ойымызша бұл темпераменттерінде өз артықшылықтары мен кемшілік тұстары бар. Мысалы холериктер мен сангвиниктер тез шапшаң болғанымен тез спорттан жалығып кетуі мүмкін немесе олар өзінің жылдамдығымен шапшаңдығымен жеңіске жетуі де қалыпты жағдай. Ал флегматик пен меланхолик төзімділігінің арқасында биік шыңдардан көреміз, ал керісінше баяу іс-әрекетімен жеңіліп қалу қауіпі де жоқ емес.

Психологтар жас ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс жасағаны жөн. Тағы бір ескеретін жайт ер адам және әйел адамның биологиялық жағынан өзгерістер бар, сонымен қатар ер адамдар спорт саласында өздерінің төзімділігімен ерекшеленеді. Ал әйел адамдар мінездері ауыспалы болғандықтан спортты жалғастыруы екіталай. Дегенмен де, ер мінезді, алдына қойған максатына жетуге бел шеше кіріскен, төзімді әйел адамдар да аз емес.

Қорытындылай келгенде: спорт – күшті адамның бірінші болуға деген тереңнен тамыр алатын талпынысы. Адам тек басқалармен жарысып қана қоймайды ол өз-өзімен жарысады, яғни ол өзін-өзі тәрбиелегенде, психикалық жағынан күресе білгенде ғана ол биік шыңдардан көрінетіні сөзсіз.

Спорт тарихында спортшылардың даңқ шыңына көтерілген кезде ғалымдар басты себебін психологиямен байланыстырады. Бұл жайттар психология-педагогикалық тәжірибемен тығыз байланысқан кезде бапкер мен спортшы осы шыңдарға жету үшін өзінің ұзақ және қиын жолында өз бетімен немесе кәсіби психологтың көмегімен қазіргі психопедагогика саласында жасалған алуан түрлі құралдарды қолданған шақтарында байқалады. Өртүрлі жарыстардан өз мемлекетінің жеңісін көтеруге, патриоттық сезімін қалыптастыруда психолог жұмысы көмегін тигізеді.

1. Гозунов Е.Н. *Психология физического воспитания и спорта.* - М.: ACADEMIA. 2004

2. Кретти Дж.Б. *Психология в со временем спорте.* - М.: ФиС, 1988.

3. Ким А.М., Қасымжанов А.А., Садықов А.Т., Жаркешев Қ.И. *Спорт психологиясы.* Алматы, 2014.

Резюме

А.А.Абсатова – магистр, преподаватель КазНПУ им. Абая

У.Б.Керимбекова – студент 3-курса по специальности Физическая культура и спорт

КазНПУ им.Абая Алматы, Казахстан

«Деятельность спортивного психолога»

В статье рассматриваются современные основные задачи, цель, история развития спортивной психологии и ее связь с другими науками, место и деятельность спортивной психологии в обществе и действие спортивного психолога.

Основной задачей спортивного психолога являются такие навыки, необходимые для реализации спортивной деятельности как адаптировать психику тренирующихся перед спортивными соревнованиями, вооружить инструкциями для становления чемпионом в ходе соревнования, помогать выработать навык самоуправления и самообладания в ходе соревнования, помогать выработать навык самоуправления и самообладания в ходе соревнования и повысить уверенность в победе.

А также рассматриваются ответы на такие вопросы как «что спортивный психолог может сделать для спортсмена, именно какому спортсмену и какому виду спорта может помочь психолог, почему тренер не может заменить психолога, по какой причине сотрудничество между тренером и психологом бывает неэффективным».

Ключевые слова: спорт, история психологии, психология спорта, тренер, спортсмен, холерик, сангвиник, флегматик, меланхолик.

Summary

A.A.Absatova – master, teacher

U.B.Kerimbekova – 3-course student majoring Physical Culture and Sport

Kazakh Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan.

«Activities of sports psychologist»

This article discusses the basic tasks modern, purpose, history of sports psychology and its relationship with other sciences, the place and the activities of sports psychology in society and action sports psychologist.

The main task of a sports psychologist are those skills needed to implement sports activities how to adapt the mentality of training before sports competitions, arm instructions for becoming a champion in the competition, to help develop the skills of self-management and self-control during the competition, to help develop the skills of self-management and self-control during the competition and increase confidence in the victory.

And also considered the answers to such questions as "what a sports psychologist can do for an athlete, exactly what the athlete and what sport can help a psychologist why the coach can not replace a psychologist, for whatever reason, the cooperation between the coach and the psychologist is ineffective."

Keywords: sport, history of psychology, psychology of sport, coach, athlete, choleric, sanguine, phlegmatic, melancholic.

ЖАС ФУТБОЛШЫЛАРДЫҢ ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ СПОРТТЫҚ ЖАТТЫҒУЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Ш.Болатқызы – аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ
Қ.Әбдрахман – «5B010800-Дене мәдениеті және спорт» мамандығының
4 курс студенті, Абай атындағы ҚазҰПУ

Мақалада жас футболшылардың қимыл-қозғалысына әсер ететін факторлар, дене дайындығы мәселелері жайлы сөз болады. Авторлар қимыл-қозғалыстың тапшылығы кезінде (гиподинамия) кездесетін ағзадағы өзгерістерге кеңінен тоқталған. Жүргізілген зерттеу жұмысының негізінде және әдебиет көздеріне талдау жасай отырып, авторлар қимыл-қозғалыстың аздығынан туындайтын ауруларды болдырмаудың бір жолы спортпен шұғылдану, жүйелі дене жаттығуларын жасау деп ой түйеді.

Спортшылардың жас ерекшеліктерін есептей отырып, күш қабілетін, төзімділік қабілетін, жылдамдық қабілетін жетілдіруді қамтамасыз ететін дене жаттығуларын өзіндік ерекшеліктеріне қарай топтастырған, олардың жас футболшылардың спорттық қабілеттерін орнықтырып, ағзаларын нығайтудағы маңыздылығын көрсеткен.

Сонымен бірге, авторлар жас футболшыларды дайындаудағы спорттық машықтануда қолданылатын жаттығуларды үш түрге бөліп, олардың мәнін және дене тәрбиесінің адамның дене қабілеттерін дамытудағы орнын ашып бере алған.

Тірек сөздер: жас футболшылардың дене дайындығы, гиподинамия, жас футболшы, дене қасиеттері, күш, жылдамдық, төзімділік.

Кез келген елдің болашағы – оның халқының денсаулығына байланысты екендігі – дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Ал біздің болашақтағы бағытымыз – салауатты өмір салты. «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дегенді өсіп келе жатқан ұрпақтың санасына сіңіріп, олардың өз денсаулығына деген жауапкершілікті қалыптастыру баршаның борышы.

Адам денсаулығына зиян келтіретін факторлардың бірі – қимыл тапшылығы немесе гиподинамия. Денсаулықтың кепілі, адамның еңбекке деген қабілеті қай жаста болса да, ағзадағы барлық мүшелердің қызметіне, соның ішінде әсіресе дамылсыз соғып тұрған жүрекке байланысты. Қимыл-қозғалыстың тапшылығы кезінде жүрек бұлшық еттерінің жиырылу күші кеміп, денеге тарайтын қанның мөлшері төмендеп, ағза қажетті қоректік заттарға тапшы болып қалады. Осылардың әсерінен ішкі ағзалар қызметінің нашарлауы сияқты құбылыс байқалады. Гиподинамияның салдарынан ағзада басқа да сырқаттар пайда болады. Оларға омыртқа аралық шеміршектердің мүжіліп тозуы, жұқаруы – остеохондроз, адам бойындағы артық салмақ – семіздік, қан қысымының жоғарылауы – гипертония, омыртқа жотасының қисаюы – сколиоз, табан бұлшық етінің жетілмеуі салдарынан балаларда жиі кездесетін – қазтабандылық және т.б. аурулар жатады [1].

Қимыл аздығы құбылысынан бір қатар аурулардың пайда болуы қазіргі кезде көкейкесті мәселелердің бірі болуда. Тек қана қазақстандықтардың 14% жүргізілетін статистикаға сәйкес жүйелі түрде бассейн немесе спортзалдарға барады, шаңғы және велосипед тебеді. Қимыл аздығының дәрігерлік мәселесі кешелі-бүгін пайда болды. Көп дәрігерлер оны «ғасыр ауруы» деп санайды.

Жоғарыда айтылған ауруды болдырмаудың басты жол – денені жас кезінен бастап шынықтыру, спортпен айналысу. «Дұрыс жолға қойылған дене шынықтыру ойындары оқу-білім алуға бөгет емес, қайта бойды сергітіп, ойыңа жәрдем ететін нәрсе», – деген екен белгілі жазушы Ғабит Мүсірепов.

Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігін бәріміз білеміз. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болады. Біздің ата-бабаларымыз “тәні саудың – жаны сау”, – деп бекер айтпаған. Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің “Қазақстан – 2050” стратегиялық бағдарламасында халықты салауатты өмір салтына ынталандыруды басым бағыттың бірі ретінде атап көрсетті [2].

Спорттың қай түрімен айналысу адамның қабілетіне байланысты болады. Бұл туралы ұлы ойшыл Ибн Сина да өз шығармаларында айтқан. Ол сондай-ақ спортты мағынасына қарай жеңіл, ауыр, ұзын, қысқа сияқты бірнеше түрге бөлген. Денсаулық пен өмірді дамыту үшін кем дегенде спорттың 33 түрінен жаттығу жасау керектігін айтқан.

Ойын дегеніміз – ұшқын, құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады. Ойын баланың күш-қуатын молайтып, оны шапшаңдыққа, дәлдікке ғана тәрбиелеп қоймай, оның ақыл-ойының толысуына, есейіп өсуіне де пайдасын тигізеді.

Ең басты мақсатымыз – денсаулығы мықты бала тәрбиелеу, әрі оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Сәби шымыр болсын десек – дене шынықтыру сабағында спорттық ойындарды кеңінен қолданып, белсенді жаттығулар жасау қажет.

Балалардың бұлшық еттері жыл сайын бір қалыпты және тұрақты түрде өсіп отырды. Алайда, әртүрлі бұлшық ет топтары күшінің жыл сайынғы өсуі бір қалыпты болмайды. Тоғыз жастан бастап денені тік ұстайтын бұлшық еттердің күші елеулі түрде артады да, саусак бұлшық еттерінің күші біршама тежеледі. Бұлшық еттер күшінің үдемелі түрде өсуі қыз балаларда 11–12 жаста, ал ер балаларда біршама кейінірек 12–14 жас аралығында басталады. Балаларда күш қабілетін жетілдіретін жаттығулар негізінен жүйелі түрде орындалып отыруы қажет [3].

Күш қабілетін жетілдіру кезінде денеге түсетін күш өте көп болмауы қажет. Бұл адамның жалпы өсуін кідіртеді. Күшті арттыратын жаттығулар адамның шапшаңдық, күштілік, төзімділік қабілеттерін дамытудың негізі болғандықтан, мұндай жаттығуларды үздіксіз және жеткілікті мөлшерде орындап отыруы қажет. Өз беттерімен жаттығу кезінде күшті молайтатын жаттығулар икемділік пен жылдамдық қабілеттерін арттыратын жаттығулардан кейін, ал көп жағдайда төзімділікті арттыратын жаттығулардың алдында орындалғаны жөн.

Күш қабілетін жетілдіру үшін жаттығулардың төменгідей түрлерін орындау керек:

а) кермеге тартылу, биікке өрмелеу, аяқты көтеру, еденге немесе гимнастикалық орындыққа екпетімен жатып, қолды бүгіп, жазу жаттығуларын орындау қажет.

ә) басқа ауыр салмақтар көтеру (бірнеше бала болып гимнастикалық орындықты және оны үстінде отырған оқушылармен бірге көтеріп алып жүру) серіппелі спорт құралдарымен, бап (гантель) көтерумен жаттығу.

Күш қабілетін жетілдіретін өзге де жаттығу түрлері бар. Дегенмен, жоғары да аталған жаттығулардың алғашқы тармағы жиі қолданылады. Өйткені ол – мектеп жасындағы балалардың ең қолайлы жаттығуы. 10-13 жастағы оқушыларға белгілі бір деңгейдегі күш, төзімділік қабілеттерін жетілдіретін жаттығулар керек. Себебі 10 жасқа дейінгі балалар жиі алаңдап, белгілі бір деңгейде күш жұмсауға қабілетсіз болса, 10 жастан кейін күш қабілеті едәуір артады.

Төзімділік қабілетін жетілдіру үшін бірінші кезекте күрделілеу жаттығулар пайдаланылады. Бұлар: аласа кермеге тартылу, гимнастикалық қабырғаға және орындыққа қолды тіреп, бірнеше рет бүгіп, жазу, онша ауыр емес заттарды көтеру.

Жылдамдық қабілетін жетілдіру үшін ең бірінші қозғалыс шапшаңдығын арттыруға арналған жаттығулар пайдаланады. Қозғалыс шапшаңдығын дамытуда қайталау тәсілі қолданылады. Әрбір келесі қимыл-әрекет бұрын көрсетілген шапшаңдықты арттыру міндетін алға қоюы керек [4].

Дене шынықтыру және спорт жаттығулары организмді нығайту мақсатында орындалады. Соның нәтижесінде денеде мынандай сапалық өзгерістер іске асады:

1. Сыртқы дене бітімі өзгеріп әдемілене түседі.

2. Қимыл-қозғалыс жасау қабілеті артады, яғни дене икемді, епті бола түседі де, жасалған қимыл – қозғалыстары бір-бірімен өзара үйлесімді, сәнді болып шығады.

3. Дене шынықтыру және спорт жаттығуларының негізгі бұлшық еттердің қимыл-қозғалыс жасауы болып табылады [5].

Спорттық машықтанудың басты әдісі – жаттығу, яғни қимылды немесе қозғалысты қайталап орындау әдістік-тәсілдік, моральдық, ерік және ілімдік секілді дайындықтың құралдары мен түрліше міндеттеріне қатысты одан әрі дами түседі.

Футболшыларды тәрбиелеу. Спорттық машықтану жүйесінде моральдық және ерік дайындығына маңызды мән беріледі. Ол футболшының барлық жолында оның алғашқы қадамдарынан спорттық шеберліктің шынын бағындырғанша іске асырылады.

Спорттық дайындыққа дене және ерік қасиеттерін дамытып, шеберлікті жетілдіру жатады. Спорттық машықтанудың басты құралы есебінде қарастырылатын, дене жаттығуларын тұрақты орындау жүріп жатады. Олар төмендегідей үш негізгі топтарға бөлінеді.

1. Футболшы маманданатын спорт түріндегі жаттығулар.

2. Футболшының жалпы дене дайындығының мақсаттарына қызмет ететін жан-жақты дамытатын жаттығулар.

3. Таңдап алған спорт түрінде қолдануға келетін дене қасиеттерін дамыту үшін, сондай-ақ әдістер мен тәсілді жақсы меңгеру мақсатындағы арнайы жаттығулар.

Спорттық машықтанудың қазіргі жүйесінде арнайы жаттығулар жетекші спортшылардың жаттығу тәжірибесінде кеңірек қолданыла отырып, елеулі орынға ие болуда. Жәрдемші қимыл-қозғалыс-

тардың «байланысуы» арқылы арнайы жаттығуларға жекелеген бөліктері үйретіліп, тұрақталады. Осымен бірге әдістерді қайталау да дене қасиеттерінің дамуына себепші болады. Дене шынықтыру және спорт жаттығуларын орындау адамның жан-жақты өсіп жетілуіне қолайлы жағдай туғызады.

Спорт жаттықтырулары – дене қуаты дайындығы, техникалық, тактикалық, психологиялық және теориялық дайындықтар деген бөлімдерден құралады.

Дене қуаты дайындығы. Спорттық жаттықтырудағы дене қуаты дайындығы футболшының ағзасының мүшелері мен жүйелерін нығайтуға, олардың қызметтік мүмкіншіліктерін жоғарылатуға, дене қуаты қасиеттерін дамытуға бағытталған. Дене қуаты дайындығы жалпы және арнайы деп бөлінеді. Арнайы дене қуаты дайындығы алдыңғы және негізгі арнайы дайындық деген екі бөлімге бөлінеді. Алдыңғы арнайы дайындық бөлімі негізгі бөлімге фундамент ретінде қаланса, негізгі бөлімі спорт түріне бағытталған қимыл дайындығын кең мөлшерде қамтамасыз етуге қолданылады. Жаттықтыру үрдісінің үлкен циклінде алдымен жалпы дене қуаты дайындығы жүргізіледі. Оның үстіне арнайы дайындық фундамент ретінде қаланады да, оның негізінде жоғарғы деңгейдегі қимыл-әрекеті, қасиеті дамытылады. Осы дайындықтар баспалдақ, саты ретінде орындалады. Төменгі саты неғұрлым мықты болса, келесі саты соғұрлым биік болады, келесі қозғалыс қасиеттерін де, сондай-лық биік деңгейде дамытуға қол жеткізуге болады. Осы үш сатылы дайындық үрдісі шаңғышылардың, ескекшілердің, конькимен жүгірушілердің, велосипедшілердің, суда жүзушілердің жаттықтырулар циклдерінде анық көрінеді. Ұзақ мерзімге төзімділікті керек ететін циклдік спорт түрлерінің жылдық жаттықтыруында осындай үш сатылық дайындық міндетті түрде орындалуы қажет. Дене қуаты дайындығы дене қуаты қасиеттерін дамыту арқылы орындалады [6].

Дене тәрбиесі – қоғамдағы жалпы мәдениеттің бөлігі, адамның дене қабілеттерін дамыту мен денсаулығын нығайтуға бағытталған әлеуметтік қызметтің бір саласы. Жастардың жан-жақты дамуын дене тәрбиесіз елестету мүмкін емес. Денесі жақсы дамыған деп күн режиміне спортпен жүйелі айналысуды енгізген, ағзаның шынығуы үшін табиғи факторларды тұрақты пайдаланатын, жұмысты белсенді демалыспен кезектестіріп отыратын жас адамды айтамыз. Бір сөзбен айтқанда, дене тәрбиесі – барлық тәрбие атаулының бір саласы. Оның түп қазығы – қозғалыс, қозғалыссыз тіршілік болмақ емес. Дене тәрбиесі жаттығуларын жүйеге түсіріп белгілі бір мақсатқа бағыттаса, оның берері көп. Атам қазақ бірінші байлық – денсаулық деген, ал сол денсаулықтың кепілі – спорт. Спорт сөзінің мағынасы кең. Дене тәрбиесі соның құрамдас бөлігі, дәлірек айтқанда бастапқы баспалдағы. Онымен тұрақты шұғылданған адамның денсаулығы мықты болмақ. Бұл сөз кезегінде жақсы оқуға жемісті еңбек етуге деген ынта-жігерді арттыруға септігін тигізеді.

1. Сульдин В.И. *Формирование дидактических умений преподавания физической культуры в малокомплектной школе //Человек, здоровье, физическая культура и спорт изменяющемся мире: Тез. докл. 5 научно-практич. конф. – Коломна, 1995.-С. 97-98.*

2. Назарбаев Н.Ә. *Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті*

50 елдің қатарына кіру стратегиясы. // Егемен Қазақстан, 19.01. 2006, №16

3. Горчакова Л.П. *Физическое воспитание в малокомплектной школе. — Москва., Просвещение, 1983.*

4. Ахметжанов Т.А. *Методы воспитания спортивно-силовых качеств волейболистов // Методические рекомендации.-Алматы, МСВСО.1999 –43с.*

5. Адамбеков К.И., Тастанов Ә.Ж., Әбілдәбеков С.Ә. *Таңдамалы спорт түрлерінің теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. –Алматы: «Полиграфия-сервис К⁰», 2011. -205б.*

6. Асарбаев А.Қ. *Волейбол-баршаға. –Алматы, 1992.*

Резюме

«Значение спортивных упражнений в совершенствовании физической подготовки юных футболистов»

Ш.Болатқызы – магистр, ст. преподаватель КазНПУ им. Абая

К.Абдрахман – студент 4-курса по специальности Физическая культура и спорт

КазНПУ им.Абая Алматы, Казахстан

Классифицируя физические упражнения с учетом возрастных особенностей спортсменов, которые способствуют совершенствованию силы, выносливости, скорости авторы отмечают их значение в укреплении организма юных футболистов и в установлении этих качеств.

Вместе с тем, авторы подразделяя упражнения используемые в процессе тренировок юных футболистов смогли определить роль физического воспитания в развитии физических качеств человека.

Ключевые слова: физическая подготовка юных футболистов, гиподинамия, юный футболист, физические качества, сила, скорость, выносливость.

Summary

Sh.Bolatbiz - Master of Art. teacher Kazakh National Pedagogical University named after Abai

K.Abdrakhman - 4-course student majoring Physical Culture and Sport

Kazakh Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan.

«Meaning Exercise to improve the physical training of young football players»

The article discusses the physical training, the factors affecting the physical actions of young football players. The authors discussed in more detail changes occurring in the body with limited movement (physical inactivity). Based on the study and analysis of the literature, the authors concluded that one way to prevent disease is a systematic exercises and sports.

Classifying exercise age-appropriate athletes who contribute to the improvement of strength, endurance, speed, the authors note their importance in strengthening the body of young players and the establishment of these qualities.

However, the authors of subdividing the exercises used in the process of training young football players were able to determine the role of physical education in the development of physical qualities.

Keywords: physical preparation of young football players, lack of exercise, a young football player, physical qualities, strength, speed and endurance.

УДК:796,011,3:736,3

АРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР – АДАМНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ДАМУҒА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ

Т.Т.Ережепов – магистр, ст. преподаватель КазНПУ им. Абая

С.Бірімқұл – Дене мәдениеті және спорт мамандығының 2-курс студенті

Мақалада аралық қатынастар адам психикасының оның дамуы мен саналы және мінез-құлқының қалыптасуында маңызды орынға ие. Қарым-қатынастың жиілігі оның мазмұны, мақсаттары мен құралдары бала дамуын анықтайтын маңызды факторлар бар. Аралық қатынастар арқылы, адамның рухани адамгершілік қасиеттері дамып, білімді, психологиялық түрде өз бетінше әрекет ете алатын тәуелсіз, басқаларға ұқсамайтын тұлғаны қалыптастыруға әсерін тигізеді.

Тірек сөздер: тұлғааралық қатынастар, даму, психология, мектеп, сынып, оқытушы, мінез.

Аралық қатынастар адам психикасының, оның дамуы мен саналы, мәдени мінез-құлқының қалыптасуында маңызды орын алады. Психологиялық түрде дамыған адамдармен, аралық қатынастар арқылы үйренуге үлкен мүмкіндіктердің болуымен, адам өзінің жоғары өндірістік қабілеттері мен қасиеттерін меңгереді. Дамыған тұлғалармен белсенді аралық қатынастар арқылы ол өзі тұлғаға айналады.

Аралық қатынастар адамды тұлға ретінде қалыптастырады, оған нақты мінез – бітістерін, қызығушылықтарын, әдеттерін, бейімділіктерін игеруге, адамгершілік мінез – құлықтың нормалары мен түрлерін меңгеру, өмір мақсаттарын анықтап алып, оларды жүзеге асыру құралдарын таңдауға мүмкіндік береді. Мазмұны, мақсаты, құралдары жағынан әртүрлі тұлғааралық қатынастар өзіне тән ерекше қызмет атқарады. Мысалы, **материалды аралық қатынастар** адамға қалыпты өмірге қажетті материалды және рухани мәдениеттің заттарын алуға мүмкіндік береді, олар жекелік дамудың шарттары ретінде қызмет атқарады.

Танымдық аралық қатынастар интеллектуалды дамудың факторы ретінде қызмет атқарады, өйткені қарым – қатынасқа түскен индивидтер білімдермен алмасады және өзара байыта түседі.

Кондициондық аралық қатынастар үйренуге даярлықты жасайды, қарым – қатынастың басқа түрлерін дамытуға қажетті нұсқауларын қалыптастырады. Сонымен қатар, ол жанама түрде адамның интеллектуалды және тұлғалық дамуына ықпал етеді.

Мотивациялық аралық қатынастар адамның қосымша қуатының көзі ретінде қызмет атқарады. Мұндай қарым-қатынас нәтижесінде іс-әрекеттің жаңа қызығушылықтары, мотивтері мен мақсаттарын меңгере отырып, адам өзін дамытатын психоэкогенетикалық ахуалын арттырады.

Әрекеттік аралық қатынастар, оны әрекеттермен, операциялармен, іскерліктер және дағдылармен тұлғааралық алмасу ретінде анықтайды, индивид үшін тікелей дамытушы нәтиже береді, өйткені ол оның жеке іс -әрекетін жетілдіреді және байытады.

Биологиялық аралық қатынастар ағзаны оның өмірлік қызметтерін қолдау дамыту шарты ретінде өзіндік сақтау қызметін атқарады.

Әлеуметтік аралық қатынастар адамдардың қоғамдық қажеттіліктеріне қызмет атқарады, қоғамдық өмірдің, топтардың, ұжымның формаларының пайда болуына ықпал ететін фактор болып табылады.

Жанама аралық қатынастар адамға тумысынан берілетін қарапайым және тиімді құралдарды және үйрету тәсілдерін тәжірибеде көп қолдануы барысында тәрбиеленуі үшін қажет: шартты – рефлкторлық, викарлық және вербалды.

Тікелей аралық қатынастар қарым-қатынас құралын жетілдіре білуге және адамның осы қабілет негізінде өзіндік дамыту мен өзін-өзі тәрбиелеу шарттарын қалыптастыруға көмектеседі, сонымен қатар тұлға-аралық қатынастың өзін саналы түрде меңгеруді қамтамасыз етеді.

Вербалды емес қарым-қатынас арқылы адам тілді меңгергенге дейін психологиялық даму мүмкіндігіне ие болады (2-3 жас). Сонымен қатар, вербалды емес тұлға-аралық қатынастар адамның коммуникативті мүмкіндіктерін дамытуға және жетілдіруге ықпал етеді, соның нәтижесінде ол тұлғааралық қатынастар неғұрлым бейім болады және даму үшін қажетті неғұрлым кең мүмкіндіктерді ашады.

Ал вербалды қарым-қатынас және оның индивидтің психологиялық дамуындағы роліне келетін болсақ, оны бағалау қиынға соғады. Ол тілді дамытумен байланысты, бұл әрине адамның бүкіл дамуымен байланысты, тұлғалық және интеллектуалды [1].

Баланың мектепке келуінен бастап, қоршаған адамдармен өзара қарым-қатынасындағы өзгерістер де байқалады. Ең алдымен оқуға жұмсалатын уақыт артады. Енді балалар қоршаған адамдармен қарым-қатынаста болады: ата-аналарымен, мұғалімдермен, басқа балалармен. Қарым-қатынас мазмұны өзгереді, оның мазмұнында ойынмен байланысты емес тақырыптар пайда болады, яғни ересектермен ерекше іскерлік тұлға-аралық қатынас ретінде белгіленеді.

Бірінші сыныпта бала құрдастарымен емес, мұғалімдермен жиі қарым-қатынасқа түседі. Бірақ III-IV сыныпқа келгенде мәселе өзгереді. Мұғалім тұлға ретінде қызықты болмай қалады, мәні азаяды және мәртебесі төмендейді, керісінше, оқушының көңілі құрдастарына ауады, өз кезегінде ол орта және жоғары сыныптарға өткенде де арта түседі. Сыртқы өзгерістермен қатар, оның ішкі құрылымы да өзгерістерге ұшырайды. Егер бірінші сыныпта қарым-қатынас серігін таңдау, мұғалімнің бағалауы, оқудағы ерекшеліктерімен байланысты болса, ал III-IV сыныпта басқаша таңдау мотивациясы пайда болады, ол қарым-қатынастағы серіктестің тұлғалық ерекшеліктері мен мінез-құлық үлгілеріне байланысты болады. Мектеп өмірінің басында балалардың өзіндік санасының жаңа деңгейі «ішкі бағыт» пайда болады. Бұл бағыт баланың өзіне, қоршаған адамдарға, жағдайға және істерге деген саналы қатынасымен сипатталады, бұл қатынасты ол сөзбен және ісімен түсіндіре алады. Ішкі бағыттың дамуы баланың өміріндегі қиылысты береді, оның өз бетінше тұлғалық дамуын анықтайтын мезгіл болып табылады. Мұндай бағыттың пайда болуы, баланың ішкі дүниесінде адамгершілік нормалары жүйесінің анықталуымен байланысты, сол нормаларға бағынуға тырысады [2].

Ж.Пиажениннің жүргізген зерттеулерінің көмегімен балалардың әртүрлі жас кезеңінде қандай адамгершілік – бағалық тұжырымдарға келетінін байқай аламыз. Мысалы, 5 жастан 12 жасқа дейін баланың адамгершілік туралы түсінігі адамгершіліктік реализмге ауысатыны анықталды.

Адамгершіліктік реализм, Пиажениннің түсіндіруі бойынша, бұл мейірімділік пен қастықты бірыңғай түрде қатаң түсінуді береді, яғни барлық нәрсені жақсы мен жаманға бөліп қарау деген мағынада.

Адамгершіліктік релятивизм, балаларда 11 жастан пайда болады, оның мәні бойынша әр адам өзіне әділ әрі сыйлы қатынасқа ие бола алады және де әр әрекетінен адамгершіліктік мақұлдай мен қолдау сипатын анықтауға болады. Реалист адам бедел деңгейінен ойлайды және адамгершілік заңдары билікпен қалыптасады, оларды өзгертуге болмайды деп түсінеді.

Ал адамгершіл реалист бала адамгершілік қасиеттерін ересектерге мүлтіксіз бағыну мен тыңдауға теңейді. Жасы ересек релятивист балалар түсінігі бойынша ересектердің пікіріне қарсы келуге болады және адамгершілік нормаларының басқа түрлеріне сәйкес әрекет етуге болады. Кішкене балалар мүлдем өтірік айтуға болмайды деп ойлайды, ал үлкенірек балалар кейде өтірік айтуға да болады деп түсінеді.

Адамгершілік реализм кезеңіндегі балалар ойнай отырып, ойынның бір-ақ ережесі бар деп қабылдайды. Ал адамгершілік релятивизмдегі балалар ойынның ережесін өзгертуге болады деп түсінеді де, оны өзгертуге тырысады. Бастауыш мектеп оқушыларының ырықты мінез-құлқы айқын көрініп тұрады. Ал III-IV сынып оқушыларында эмоцияларын ұстана білуге, импульстар мен қалауларын ұстана білуге бейімділігі байқалады. Сонымен қатар, III сынып оқушыларында ерікті мінез бітісі ретінде тұрақтылықтың көрінуі байқалады. Аралық қатынастардың дамуына төмендегідей факторлар

ықпал етеді: қарым-қатынастағы мейірімділік, оқушылардың мұғалімге жағымды қатынасы, мұғалімнің талаптарын орындау және оқушылардың тәртіптілігі, өзара түсінушілік, балалардың шынайылығы мен мейірімділігі, мектепке жағымды қатынас [3].

Аталған шарттар балалардың өз бетінше іс-әрекетінің тиімділігін анықтайды. Осылайша балалар өз бетінше әрекет етуге үйренеді. Бірақ балаларда бәрі бірден бола бермейді, олар көмекті қажет етеді, жиі қақтығысқа келеді, олардың ұжымдық жұмысын ретке келтіруге көмек көрсету, қақтығысты шешуде көмек көрсету қажет. Тәжірибелік өмірде әртүрлі іс-әрекетте балалар өз жолдастарының әртүрлі істерімен, мінез-құлықтарымен танысады. Осы мінез-құлықтарда балалардың жақсы және жаман қасиеттері көрінеді.

Мысалға, қазіргі таңда да кейбір балалардың ұжымдағы жолдастарынан биік тұруына байланысты ұжым мүшелерінен адамгершілікке қарсы қысым көрінуі де тура келетінін де білеміз. Үлгерімі жоғары үздік оқушылар да кейде өз сыныптастарының шеттеуіне де келіп тіреледі. Мұндай балаларға Көбіне жалқау және тәртіпті бұзушылар енеді. Педагогикалық әдебиеттерден кездесетін шынайы ұжым әрдайым өз анықтамаларына сәйкес келе бермейді.

Мұнда А.С. Макаренко және замандас жақтаушылары қарсы шығар еді: олар ұжымдық тәрбие туралы сөз қозғаған кезде жоғары дамыған балалар және педагогикалық ұжым туралы айтқан болатын. Бұл әрине дұрыс. Бірақ қазіргі таңда мұндай ұжымдар бар ма екен? Көптеген балалар тобы не орташа дамыған, не болмаса әлсіз дамыған элеуметтік қоғамдастыққа жатады және де бұрынға айтылған анықтамаларға сәйкес келмейді. Осындай жағдайда теорияның мазмұнында мұндай ұжымдардың тұлғаның қалыптасуына оңды ықпал етіп, онсыз баланы тәрбиелеу мүмкін емес деп айта аламыз ба? Психологиялық жағынан әлсіз және орташа дамыған ұжымдар тұлғаның психологиялық және мінез – құлықтық дамуына оңды және кері әсер ете алады. Демек, жоғары дамыған ұжымның тұлғаға оңды әсері туралы тұжырым қазіргі орташа және әлсіз дамыған ұжымдарға сәйкес келмейді [4].

Адамдар арасындағы қатынас мәселесі бойынша психологиялық зерттеулерді талдау мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты олардың өзара әрекеттесуінің тұлғалық негізі ретінде қарастыруға және олардың қарым-қатынасының ішкі және сыртқы жақтарын анықтап алуға мүмкіндік береді. Өзара әрекеттесудің ішкі тұлғалық негізінде көріне отырып, өзара қатынас іс-әрекет барысында әрі қалыптасады, әрі өзінің бар мазмұнын табады: қызметтесуден бастап, өзара көмек көрсетуге дейінгі барлық бірлескен әрекет түрлері енеді. Соның барысында өзара қатынастың ішкі көріністері өзара әрекет барысында маңызды орын алады, сонымен қатар оның негізінде пайда болады және байи түседі (А.А.Бодалев, А.Н.Леонтьев т.б.). Өзара қатынас ықпалымен өзара әрекет тек жетіле түсе бермейді, бұзылуы да мүмкін, екі жағдайда да оқу-тәрбие үрдісіне нақты ықпал жасалады [4].

Индивид психологиясына топ оның қатынас ерекшеліктеріне қарай ықпал етеді, әсіресе – осы индивидтің басқа топ мүшелеріне қатынасы арқылы жүзеге асады. Анықтағанымыздай, әртүрлі қатынаста индивидтер өздерін әртүрлі ұстанады және әртүрлі әсер қалдырады. Тек топ ішінде ғана адам тілді меңгере алады. Бала тілге тек өз отбасында ана тілінде сөйлегендіктен меңгереді. Тек сөйлеп қана қоймай, баланың кішкене кезінен осы тілде қарым-қатынас жасап, кері жауапты күтеді және оны мадақтайды. Жеке психологиялық дамудың маңызды факторы ретінде оның өзі жайлы білімі болып табылады. Әйтпесе, жанама қарым-қатынас арқылы басқа адамдардан бұл білімді ала алмайды. Топ және оны құрайтын адамдар индивид үшін өзгеше айна болып табылады, онда өзгеше «Мен» бейнеленеді.

Мектеп кезінде баланың достар шеңбері жылдам өсе бастайды, ал жеке жақындықтар тұрақты болып қалады. Тұлға-аралық қатынастар сапасы жағынан жоғары деңгейге өсе бастайды, өйткені олар құрдастарының мінез-құлқының мотивтерін түсіне бастайды, бұл олармен жақсы қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік берді. Мектепте оқытудың алғашқы кезеңдерінде, 6-8 жасқа дейінгі кезеңде, балалардың формальді емес топтары құрылады. Бірақ бұл топтар көп өмір сүрмейді және құрамы жағынан тұрақты болмайды.

Бастауыш сынып оқушылары бұрынғыдай әртүрлі ойындарға көп уақыт жібереді, бірақ олардың серіктестері ретінде ересектер емес, құрдастары орын алады. Балалар тобында ойын кезінде тұлға-аралық қалаулардың мотивтерімен бейнеленген арнайы өзара қатынастар қалыптасады.

Ұжымның қалыптасуының алғашқы кезеңдерінде-ақ оның тіршілік әрекетке икемділігін жасай білу маңызды орын алады. Бақылаулар мен арнайы зерттеулердің көрсетуінше оқушы өте жақын және іскерлік қатынастарда бола алмайды. Алғашқы ұжымның негізгі көлемі ортақ қызықтыратын іске қатысты бес не жеті сыныптастың бірігуінен көрінеді. Дәл осындай ұжымда балалар арасында

жеке қатынас орнатып, ортақ ұжымдық істі ұйымдастыру, достық байланысты жақсарту оңайға түседі. Тұлға-аралық қатынастарды бақылау, оларға ұйымдасқан түрде ықпал ету әрдайым жүргізіліп жатады. Мұғалім сыныпта неғұрлым танымал оқушылар мен тұлға-аралық қатынас жүйесінде шетте қалған балалар туралы білуі қажет [5].

Тұлғаның топта бейнеленуінің нақтылығы мен тереңдігі осы тұлғаның басқа топ мүшелерімен қарым-қатынасының айқындылығымен, қарқындылығымен және жан-жақтылығымен байланысты болады. Индивидтің тұлға ретінде дамуында топ қайталанбас нәрсе екені анықталады. Жеке адамның өмірі мен іс-әрекетінде ол жағымды, таптырмас мәнге ие. Бірақ өзінің жағымды рөлін идеологиялық бұзылыс көрінбеген жағдайда іске асырады.

Демек, аралық қатынастар адам психикасының оның дамуы мен саналы және мінез-құлқының қалыптасуында маңызды орынға ие. Қарым-қатынастың жиілігі оның мазмұны, мақсаттары мен құралдары бала дамуын анықтайтын маңызды факторлар бар. Аралық қатынастар арқылы, адамның рухани адамгершілік қасиеттері дамып, білімді, психологиялық түрде өз бетінше әрекет ете алатын тәуелсіз, басқаларға ұқсамайтын тұлғаны қалыптастыруға әсерін тигізеді.

1. Макаренко А.С. *Лекции о воспитании детей.* – Пед. соч.Т. 4. – М.: Изд – во Акад. Пед. наук,

2. Асеев В.Г. *Мотивация поведения и формирования личности.*

3. Бреслав Г.М. *Эмоциональные особенности формирования личности в детстве: норма и отклонения.* – М., 1990.

4. Леонтьев А.Н. *Проблемы развития психики.*

5. Божович Л.И. *Личность и ее формирование в детском возрасте.*

Резюме

Т.Т.Ережепов – магистр, ст.преподаватель университета КазНПУ имени Абая

С.Биримкул – студент 2-курса по специальности Физическая культура и спорт

КазНПУ им.Абая Алматы, Казахстан

«Роль отношений в развитии межличностных качеств человека»

В данной статье даны материалы межличностных отношений играющую важную роль в отношениях между людьми. Виды межличностных отношений в формировании характера и психологии юношей, а также пишется о ее роли, которое помогает воспитать, развивать, формировать отношения между людьми и рассматриваются их факторы.

Ключевые слова: межличностные отношения, развитие, психология, школа, класс, преподаватель, характер.

Summary

T.T.Erezhepov - Master of Art. teacher Kazakh National Pedagogical University named after Abai

S.Birimkul - 2-course student majoring Physical Culture and Sport Kazakh Pedagogical University named after Abai,

Almaty, Kazakhstan.

«The role of interpersonal relationships in the development of human qualities»

In this article, the materials are interpersonal relations play an important role in relations between people. Types of interpersonal relationships in shaping the character and psychology of young men, and written about her role, which helps to educate, develop, build relationships between people and their factors are considered.

Keywords: interpersonal relations, development, psychology, school, class, teacher, character.

УДК: 796(075.8)

ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ СПОРТ ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

А.А.Абсатова - Абай атындағы ҚазҰПУ, магистр оқытушы

Ж.Айтақынова – Дене мәдениеті және спорт мамандығының 2-курс студенті

Бұл мақалада спорт психологиясының мақсат, міндеттері, объектісі, басқа ғылым салаларымен тығыз байланысы туралы қарастырылған. Спорт психологиясының ең басты зерттейтін объектісі жеке адам және спорт әрекеті. Жеке адамның дене бітімінің үйлесімді дамуына спорттың тигізетін әсері, спортшыдан жарысқа қатысуға, соған дайын болуға, белгілі бағыттағы спорттық сапаларды, білімді, ептілігі және қозғалыс дағдысы туралы айтылады. Сонымен қатар, спорт психологиясының зерттеу әдістері, спортшылардың психикалық жағдайына диагноз қою, жарыстың анализдері және спорттық жаттығудың тиімділігін анықтау үшін психологиялық жағдайларды өңдеу мәселелері талданады.

Тірек сөздер: спорт, спорт психологиясы, спортшы, жаттықтырушы, спорт психологы, жарыс, дене тәрбиесі, зерттеу әдістері.

Психологияның жалпы пәні бізге психикалық құбылыстардың тууын, дамуын, қалыптасу заңдылықтарын зерттеп көрсетсе, ал спорт психологиясы спорт әрекеті кезіндегі психикалық құбылыстардың ерекшеліктерін, олардың жетілуін, өзгеріске ұшырауын және қалыптасуын зерттейтін ғылым. Сонымен қатар, спорт психологиясы жеке адамның психикалық дамуын спорттық ұжымдармен бірлестіре зерттейді, яғни спорт әрекеті кезіндегі ұжымның маңызын, оның спортшыға тигізетін әсерін және спорттық ұжымдағы өзара қарым-қатынас психологиясын зерттейді. Ең басты зерттейтін объектісі – *жеке адам және спорт әрекеті* Спорт әрекеті – спорттық қажеттерді өтуге байланысты бағытталған мақсаты әрі күрделі процесс. Бұның тәсіл формасы жағынан басқа әрекет түрлерінен ерекшелігі бар және басқа әрекет түрлеріне өзіндік әсерін тигізеді. Мысалы:

1. Басқа әрекет үстіндегі адам психикасының қалпына әсерін тигізеді;

2. Әрекет үстіндегі психикалық сипатқа, кейіпке әсері;

3. Жеке адамның дене бітімінің үйлесімді дамуына әсерін тигізеді;

4. Жеке адамның денсаулығының бірқалыпты дамуына әсері;

5. Жеке адамның бос уақытын үнемді өткізуіне және келеңсіз қылықтардан аулақ болуына әсері мол;

6. Жеке адамның шартты рефлекстерінің қалыптасуына әсері т.б.

Спорт әрекеті өте жоғары дәрежедегі қозғалыста өтеді, ол жеке адамнан да соны талап етеді. Осы кезде психикалық құбылыстардың өте шапшаң қозғалыста болып, әртүрлі мөлшердегі көрсеткіштерін көруге болады. Мысалы: адамның ойлау жылдамдығы сапасын біз шахмат т.б. ойындардан көрсек, спорт ойындарынан ой мен әрекеттің бірдей шапшандығын аңғарамыз.

Спорт әрекетінің аймағы спортшыдан жарысқа қатысуға, соған дайын болуға, белгілі бағыттағы спорттық сапаларды, білімді, ептілікті және қозғалыс дағдысын талап етеді.

Сонымен қатар, спорттық командадағы өзара қарым-қатынас, түсінушілік, команданың өзіндік әдеп-ғұрпы, салт-дәстүрінің болуын да жоғары бағалайды. Спорт психологиясы жеке адамның өзіндік зерттеушілерінің нәтижесінде құрылады.

Спорт психологиясының салалары:

- Спорттағы оқыту, тәрбие психологиясы;
- Физикалық дайындық психологиясы;
- Техникалық және тактикалық дайындық психологиясы;
- Спортшы психологиясы;
- Спорттық ұжым психологиясы;
- Спорттық психодиагностика;
- Жекеленген спорт түрлерінің психологиясы;
- Жарыс және жаттығу психологиясы;
- Ерікті-эмоционалдық дайындық психологиясы т.б.

Спорт психологиясы психологияның басқа салаларымен тығыз байланысты. Оның ішінде ең бастылары: *жалпы психология, педагогикалық психология, әлеуметтік психология, медициналық психология* [1].

Әлеуметтік және педагогикалық психология. Спорт әрекетін жедел дамыту мақсатымен басқа да ғылым салаларымен байланысқа түсіп, олардың негізіне сүйенеді.

Педагогикамен, спортшыға тәрбие беру мақсатында. Медицинамен, спорт әрекеті кері әсер етпесі үшін. Адам анатомиясы және физиологиясымен, спорт әрекеті дұрыс әсерін тигізу үшін, адамның жаратылысын танып білу үшін. Спорттық жаттығудың теориясы және әдістемесі, жекеленген спорт түрлерінің теориясы мен әдістемесі, дене тәрбиесі теориясы және әдістемесімен байланысты.

Спорт психологиясының ғылымдағы өзіндік орнына келетін болсақ, бұл екі ғылымның қосындысы болып табылады: психология және спорт ғылымы.

Спорт психологиясы – спорт аймағындағы адам туралы ғылым. Адам тану ғылымындағы спорт психологиясының орнын анықтайтын болсақ, академик Б.М Кедровтың тұжырымының негізі бойынша үшбұрыштың ортасына орналасқан, яғни ғылымның үш тобымен байланысты:

1-ші бұрыш – адам танымы табиғи ғылымы;

2-ші бұрыш – философия;

3-ші бұрыш – әлеуметтік ғылым. Осы аналогияға сүйене отырып психологияның спорт ғылымындағы орнына келетін болсақ:

I. Спорттық философияның негізі спорт психологиясына жалпы теория үшін және спорт әрекетінің субъектісін зерттей келе философиялық ой тұжырымдарын құруға әсерін тигізеді.

II. Спорттың әлеуметтік негізі спорт психологиясына әлеуметтік қоғамдық бағыт береді. Себебі: спорт қоғаммен тығыз байланысты, одан бөлінбейді. Сондықтан әлеуметтік мәселелерді шешуде психологиялық зерттеушілердің қорытындысына сүйенеді.

III. Адам жаратылысының табиғи ғылымы спорт сферасында адамды материалдық субъект ретінде анықтайды. Себебі, адам спорт әрекетінің субъектісі және объектісі болып табылады. Сондықтан спорт психологиясы адам жаратылыс құрылымының негізі арқылы ғана адамның сырттағы орнын анықтай алады және материалының негізін де осы ғылымдардан алады [2].

Спортты жақсы, түпкілікті білмей, спорт психологиясын білу мүмкін емес, бұның басқа психология салаларынан ерекшелігі осы. Спорт психологиясының теориялық негізін психология және спорт ғылымдарын құрайды. Екі ғылым бір-бірінен ажырамай, өзіндік зерттеулеріне сүйене отырып, даму жолына түседі, дамиды, яғни жеке адамды осы екі сферадан дамытады.

Спорт психологиясы ғылыми білімдердің ең жас саласы, өзінің өткен тарихи жолы бар. Осы ғасырдың басында орыс оқымыстысы П.Ф. Лесгафт: «Дене тәрбиесінде белгілі жетістікке жету үшін анатомия мен физиологияны ғана білу жеткіліксіз, сонымен қатар адам психологиясын да білу қажет», - деген болатын.

Спорт сферасындағы ізденістер, зерттеулер біздің елімізде Кеңес өкіметі құрылғанға дейін басталған. Спорттың жедел дами түсуі осы саладағы психологияны да қажетсіне бастады, спорт пен психология ұштаса түседі.

II Дүниежүзілік соғыстан кейін спорт психологиясы жедел дами түсті. Бұған себеп, елімізде жоғарғы масштабтағы спорт жарыстарының өтуі болды. Мысалы: жекеленген спорт түрлерінің біріншіліктері, бүкіл дүниежүзілік және олимпиада ойындарының өтуі, аймақтық жарыстардың өтуі спорттың дамуына өз әсерін тигізді.

Бірінші рет спорт психологиясының конгресі 1865 жылы Рим қаласында Италиядағы спорт медицинасы федерациясының ұйымдастыруымен өтті. Осы конгресте спорт психологиясының халықаралық қоғамы бекітіледі, қоғам президенті сайланды.

Бұдан кейін: 1968 жылы Вашингтонда, 1973 жылы Мадридте, ал 1977 жылы Прага қаласында өткен болатын. 1970 жылдан бастап осы қоғамнан «Спорт психологиясының халықаралық журналы» шыға бастады. 1967 жылы Солтүстік Америкада спорт психологиясының қоғамы құрылды. 1969 жылы спорт психологиясының Еуропалық құрама одағы құрылды. Осыдан кейін барып спорт психологиясының ұлттық қоғамдары Канадада, Жапонияда, Англия, Германия, Франция, Бразилияда, Австралияда және т.б. елдерде құрыла бастады. Спорт пен психологияның қажетті мәселелері талқыланып, баяндамалар жасалынды. 1974 жылы Мәскеу қаласында «Спорт қазіргі заман қоғамында» деген атпен бүкіл дүниежүзілік конгресс болды. Спорт психологиясының дамуын 2 кезеңге бөлеміз [3]:

1. Пайда болу кезеңі, яғни алғашқы даму сатысы. Бұл кезеңде спорт психологиясы жан-жақты зерттеуді қажет етті, әліде болса «толық танылмаған пән ретінде» қарастырылды. Алғашқы кезде дене тәрбиесі жаттығуларының адам психикалық процесінің дамуына әсері, әсіресе, интеллектуалды, ерік процестеріне әсері болады. Одан әрі зерттеле келе, спорт әрекеті толық зерттеле бастады. Осы мақсатпен: спорт әрекетіндегі сана сезімнің маңызына мән беріп, спорттың қозғалыс дағдысын

карастырды; таным, эмоция, ерік процестерінің ерекшеліктерін, олардың спорт әрекетіндегі рөлін зерттеуін қарастырды; сөре кезінде психикалық көңіл-күй өзгешеліктерін, жарыстар жауапкершіліктерін т.б. зерттеді. Сонымен қатар спорт әрекетінің әр түрінің ерекшеліктеріне психологиялық зерттеулер жүргізіле бастады.

2. Спорт психологиясының қалыптасу кезеңі: Бұл кезеңде спорт психологиясы кәсіптік бағытты ала бастады. Көптеген жағдайда спорттың теориясы мен әдістемесіне үлкен мән беріп, педагогикалық және психологиялық негізгі мәселелерді шешуге кірісті. Зерттелінген мәселелер:

- Алғашқы кезде спортшының еріктік дайындығының мәселелері психологиялық тұрғыдан қарастырылады;

- Спортшының дене тәрбиесі, психикалық және тактикалық дайындықтарының психологиялық ерекшеліктері зерттелінеді;

- Спортшының тәрбие психологиясы мен спорттық ұжымдарды қалыптастыру психологиясы;

- Спорттық жаттығу мен спортшының спорттық қалпы (формасы) психологиясы көрнекті орын алады;

- Жарысқа қатысу, оған дайындық мәселелері;

- Педагогикалық тұрғыдан спорттық қабілет мәселесі, спорттағы психодиагностикалық, психожүйелілік әдістер т.б. қарастырылады.

Қорытындылай келе, бұл кезеңде спорт психологиясы көп жетістіктерге жетіп, көп мөлшерде семинарлар ұйымдастырылып, монография, статья, диссертациялық жұмыстардың жазылуына ие болғандығын байқаймыз. Психологтар арасында конференциялар өткізіліп, ғылыми-әдістемелік материалдар жинақталды, шетел психологтарымен халықаралық байланыстар дами түсті.

Спорт және дене мәдениеті психологиясының міндеттері

Дене мәдениеті – бұл адамдардың жан-жақты дене дамуына, олардың қоғамдағы әлеуметтік міндеттерін орындауға бағытталған педагогикалық процесс.

Дене мәдениетінің міндеттері – нақты концепцияға сәйкес жеке бастың үйлесімді дамуы, жеке бастың психикалық және дене саулығын қамтамасыз етуге бағытталған білім беру, тәрбие және сауықтыру міндеттерінің кешенін жетілдіру, қалыптастыру.

Мұндай мақсаттарға жету төмендегідей міндеттердің шешілуіне әкеледі:

- Адамның дене сапаларының дамуы мәселелерін еске ала отырып, оның денсаулығын сақтай және бекіте отырып, адамды тәрбиелеу процесін алға жылжыту;

- Жеке бас фонына қажетті, жүйелі қалыптасатын қимыл іскерлігі, дағдылар мен білімді қарастыратын білім беру міндеттерін қою.

Спорт психологиясының негізгі мақсаты – бұл жеке спортшының психологиялық заңдылықтарының қалыптасуын зерттеу, жарыстарға қатысу үшін қажетті спорт командасының шеберлігі мен сапаларын зерттеу, жаттықтырудың, жарысқа дайындаудың психологиялық негізделіп өңделген әдістерін өңдеу.

Мұндай мақсатқа жету төмендегідей міндеттердің шешілуінен тұрады:

1. Спортшы психикасына спорт іс-әрекетінің әсерін зерттеу:

- Спортшыға жарыстың әсері сипатын анықтау.

- Жарыстардың спортшы психикасына қоятын талаптарын анықтау.

- Спортшының жарыстарда жетістікке жетуіне қажетті моральдық, еріктік т.б. психологиялық сапалардың жиынтығын анықтау.

- Жаттығу іс-әрекеті және спорт жұмысы жағдайына психологиялық анализ қажетті психологиялық сапаның қалыптасуына әсер ететін ұйымдастыру формаларын іздестіру және оның спортшы психикасына әсері мақсатына зерттеу жүргізу.

2. Спорттық жаттығудың тиімділігін көрсету үшін психологиялық жағдайларды өңдеу:

Спорт психологиясы спорттық шеберліктің ішкі құрылымын, оның барлық компоненттерінің жетілуі мен дамуы механизмімен және заңдылықтарын, арнаулы білім, іскерлік және дағдылардың қалыптасу жолдарын, спортшылардың ұжымдық әрекетін жетістіктен қамтамасыз ету жағдайларын ашады. Бұның барлығы мынаны талап етеді:

- Спорттық жаттығудың психологиялық әдістері мен құралдарын бекіту, жаңаны іздеу.

- Спортшы организмін психикалық функцияларды дамыту жолдарымен мүмкіндігінше пайдалану, сонымен бірге жаттығудың арнаулы әдістерін жасау.

- Спорттың жеке түрлерінің психологиялық суреттеудің әдістерін өңдеу, сонымен бірге спорттық қабілеттіліктер, әлеуметтік құрылым және команданың психологиялық ахуалының психодиагностикасын өңдеу.

- Жаттығу жағдайындағы жарыс моделі әдістерін ғылыми негіздеп дайындау, жаттығу жағдайы мен жарыс жағдайын жақындастыру, психологиялық факторларын анықтау.

- Жарыстық компоненттерінің жетілуі мен дамуы механизмдері мен заңдылықтарын, арналуы білім, іскерлік және дағдылардың қалыптасу жолдарын, спортшылардың ұжымдық әрекетін жетістікпен қамтамасыз ету жағдайларын ашады.

3. Спортшының жарысқа дайындығының психологиялық негізін өңдеу.

Жарыста жетістікке жету үшін жоғары деңгейдегі дене, техникалық және тактикалық дайындық жеткіліксіз. Қазіргі спорт дамуы кезеңінде үлкен маңызды психологиялық дайындық алады. Жарыс алдындағы дайындықта маңызды рөлді психикалық процестер мен күй алады, психологиялық факторлардың маңызы ұлғаяды. Жарыс алдындағы спортшылар дайындығы спорт психологиясының өзекті функцияларының бірі. Оны тарату, бұл:

- Жарыс жағдайындағы психика қызметінің заңдылықтарын зерттеу және жарыс іс-әрекетінің сенімділігі мен тұрақтылығын көтеру үшін өңдеу.

- Жарыс алды және жарыс жағдайындағы дамушы психикалық күйді зерттеу.

- Психопрофилактиканы дамыту, психожарақат әсеріне тұрақтылықты көтеру үшін спортшының психологиялық дайындылығының жолдары мен әдістері, тәсілдерін қалыптастыру [4].

Дене мәдениеті және спорт психологиясының зерттеу әдістері

Дене тәрбиесі мен спорт психологиясында психологияның барлық түрлерінде қолданылатын әдістер пайдаланылады.

Б.Г. Ананьевтің классификациясын пайдалана отырып, психологиялық зерттеу әдістерін төрт топқа бөлуге болады: ұйымдастырушы, эмпирикалық, сандық-сапалық талдау, интерпретациялық. Ұйымдастырушы әдістерге салыстырмалы, лонгитюд және кешенді әдістер жатады. Салыстырмалы әдіс спортшылардың жасы, жынысына қарай психикалық процестердегі психологиялық өзгешеліктерді, жеке бас ерекшеліктерін зерттеу үшін пайдаланылады. Лонгитюд әдісі көп жылдар бойы бақылау мақсатында қолданылды. Бұндай жолмен мәселен, кіші мектеп жасындағылардың қимыл сапалары мен психикалық процестерінің дамуына дене тәрбиесі сабақтарының әсерін білуге болады. Кешенді әдіс бір объектіні жан-жақты зерттеуде көптеген әдістердің көмегімен зерттеу болып табылады. Аталмыш әдіс психологиямен қатар пәнаралық зерттеулерде де қолданылады. Эмпирикалық әдістер алуан түрлі. Оларға бақылау, өзін-өзі бақылау, эксперимент және психодиагностика әдістері жатады. Байқау әдісі – спортшының қабілетін, оның спортқа бейімділігін, ықыласын және команда мүшелерімен қарым-қатынасын білу үшін жүргізілетін жоспарлы, әрі мақсатты әдістің түрі.

Эксперимент – табиғи және лабораториялық болып бөлінеді. Бұл әдіс бойынша зерттеуге керекті психикалық құбылыстарды лабораториядағы қажетті аспаптарды қолдану арқылы жүзеге асырады.

Бұл әдістің кемшіліктері:

- Лабораториялық кабинетте болғандықтан зерттелуші өзін-өзі табиғи жағдайда ұстай алмауы мүмкін;

- Адамның жеке психикалық функциялары зерттеледі, толық психикалық әрекет зерттелмейді.

Осы кемшіліктерді жою мақсатымен Ресей психологы А.Ф. Лазурский оған қосымшалар енгізіп, оны табиғи эксперимент әдісі деген.

Сандық-сапалық талдау әдісі. Бұл әдістер зерттеудің фактілі материалдарын өңдеу үшін қолданылады. Сандық әдістер - бұл математикалық - статистикалық әдістер. Мысалы, коррекциялық, факторлық, дискриминантты және т.б. талдау түрі. Сандық талдау зерттелетін психикалық құбылыстардың мәні бойынша зерттеу материалдарын таңдаудан тұрады. Мысалы, оқу және жарыс мотивациясының жүйке-жүйесі күшті және әлсіз оқушылардың қозғалмалы әрекеттерді меңгеруіне әсерін зерттеу кезіндегі материал келесі дифференциалдылықты талап етеді:

- біріншіден, оқушыларды күш белгілері бойынша топтарға бөлу;

- екіншіден, жоғарыда көрсетілгендерге тәуелді әрекеттерді, жемісті меңгеру нұсқаларын әрбір топқа бөлу.

Сапалық талдаудың басты элементі – әр түрлі типке, топқа, нұсқаға жататынын, зерттеліп отырған құбылыстардың пайда болуының нақты мысалдарының сипаттамасы. Бұл сипаттамалармен зерттеліп отырған психикалық құбылыстың толық көрсетілген жағдайы бейнеленеді. Интерпретациялық әдіс. Бұл әдістерге теориялық талдаудың түрлі нұсқалары жатады.

Спорт пен дене мәдениетінің әрекеттің басқа түрлерінен ерекшелендіретін жағдайлар объективті түрде кездеседі. Басқа әрекеттер сияқты дене тәрбиесі мен спорттың заты бар. Дене мәдениеті мен спортпен айналысатын адамның өзі зат болып табылады. Ол саналы түрде өз денесінің қимылдарын

меңгереді. Бұл үшін ол қажетті физикалық сапаларды дамытады. Басқа адамдармен қарым-қатынас жасауды, сондай-ақ біріккен және қарама-қарсы әрекеттерде өзін-өзі басқара білуді үйренеді. Бұның бәрінде ол өзін рухани, дене дамуы жағынан тануға тырысады. Осы жағдайларды ескере отырып, спорт әрекетінің спецификалық жағдайларын белгілеуге болады:

Дене мәдениеті мен спорт әрекетінің бірінші спецификалық жағдайы. Дене тәрбиесі мен спортпен айналысушы адам әрекеттің және басқа адамдардың (дене тәрбиесі пәнінің оқытушыларының, жаттықтырушылардың, спорт қарсыластарының т.б) жұмысының пәні болып табылады. Олардың барлығы оны дене және спорт жаттығуларының техникасына, спорт тактикасына үйретеді. Екінші спецификалық жағдай тек спортқа қатысты. Спорттың болмысы жарыс болып табылады. Жарыссыз спорт та жоқ. Философиялық терминді пайдалана отырып, былай деуге болады, жарыс – атрибут, яғни спорттың басты белгісі. Ол психологиялық жағынан спорттық жоғары дәрежеге жетуге талпынумен сипатталады. Үшінші спецификалық жағдай – дене мәдениеті әрекетінде жоғарғы санатты спортшыларды дайындау.

Дене мәдениеті мен спорт әрекетіндегі төртінші спецификалық жағдай – нәтиже болып табылады. Спортта әрекеттің жемісі болып, спорттық дәреже саналады. Олар кейде рекордтық болады, яғни жай жарыстардан бастап әлемдік, олимпиядалық рекордтармен аяқталады.

1. Гогонов Е.Н. *Психология физического воспитания и спорта.*-М.: ACADEMIA.2004
2. Кретти Дж.Б. *Психология в со временном спорте.*- М.: ФиС,1988.
3. Ким А.М., Қасымжанов А.А., Садықов А.Т., Жаркешев Қ.И. *Спорт психологиясы.* Алматы, 2014.
4. Интернет көздері

Резюме

А.А.Абсатова - магистр, преподаватель КазНПУ им. Абая

Ж.Айтақынова – студент 2-курса по специальности Физическая культура и спорт КазНПУ им.Абая
«Проблемы психологии физической культуры и спорта»

В настоящей статье рассмотрены цели, задачи, объекты спортивной психологии, тесная взаимосвязь с другими отраслями науки. Основными объектами исследования спортивной психологии являются личность и спортивная деятельность. Описывается воздействие спорта на гармоничное физическое развитие личности, участие спортсмена в соревнованиях, готовность к ним, спортивные качества определенной направленности, образованность, ловкость и двигательные навыки. Также рассматриваются вопросы методов исследования спортивной психологии, диагностики психического состояния спортсменов, анализа соревнований и обработки психологических состояний для определения эффективности спортивных тренировок.

Ключевые слова: спорт, спортивная психология, спортсмен, тренер, спортивный психолог, соревнования, физвоспитание, методы исследования.

Summary

A.A.Absatova - master, teacher

Zh.Aitakynova - 2-course student majoring Physical Culture and Sport
Kazakh Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan.
«Problems of Psychology of Physical Culture and Sports»

This article describes the goals, objectives, objects of sport psychology, a close relationship with other branches of science. The main objects of study sports psychology vlyayutsya personality and sports activities. It describes the impact of sport on the harmonious physical development of the individual participation of a competitor in the competition, preparedness, sporting qualities certain direction, education, agility and motor skills. Also considering methods of sport psychology research, diagnosis, mental status of athletes, competition analysis and treatment of psychological conditions to determine the effectiveness of sports training.

Keywords: sports, sports psychology, athlete, coach, sports psychologist, competition, physical education, methods of research.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАҒЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҰЛТТЫҚ ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС ОЙЫНДАРЫ

С.Х.Ерназаров - Абай атындағы ҚазҰПУ оқытушы

Ш.Райымбергенов - Дене мәдениеті және спорт мамандығының 1-курс студенті,
Абай ат.ҚазҰПУ

Бұл ғылыми мақалада, балалардың жас ерекшеліктеріне ыңғайластырып ұлттық ойындарды дене тәрбиесінде ұйымдастырылды. Ұлттық ойындарының бойында тұтас педагогикалық үдерістің негіздері бар. Тұтас педагогикалық үдерістің құрамына оқу, оқыту, білім беру, тәрбие, даму үдерістің табиғи бірлігі жатады.

Тірек сөздер: ұлттық ойындар, жарыс додасы, педагогикалық үдеріс, патриоттық тәрбие, күш қабілеті, этнопедогогика мен этнопсихология ғылымдары.

Ұлттық ойындары балалардың жас ерекшеліктеріне орайластырып жасалғандай. Баланың сәби жағынан бастап ер жетіп, азамат санатына қосылғанға дейінгі өмірін қамтып қана қоймайды. Адамның бүкіл саналы ғұмырының жан азығына айналады. Атап айтқанда, дүниеге жаңа келген нәрестеден бастап, ер жетіп, етек-жеңін жинағанға дейін ойын арқылы тәрбие алады. Бала өскен соң жігіт кезінде ұлт ойындарына қатынасып, жарыс додасына шығады. Одан кейінгі жігіт ағасы жасында, ойынды ұйымдастырушы болады.

Ұлт ойындарының бойында тұтас педагогикалық үдерістің негіздері бар. Тұтас педагогикалық үдерістің құрамына оқу, оқыту, білім беру, тәрбие, даму үдерістің табиғи бірлігі жатады. Ал ұлт ойындарының бойына – ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық, еңбек, дене тәрбиесінің негіздері сіңіскен [1].

Оқушылардың бұлшық еттері жыл сайын бір қалыпты және тұрақты түрде өсіп отырады. Бірақ әр түрлі бұлшық ет топтары күшінің жыл сайынғы өсуі бірқалыпты болмайды. Спорттық жаттығулар әсерімен жеті жастан бастап денені тік ұстайтын бұлшық еттерінің күші біршама тежеледі. Бұлшық еттер күшінің үдемелі түрде өсуі қыз балаларда 11-12 жаста, ал ер балаларда біршама кейінірек 12-14 жас аралығында басталады [2]. Балаларда күш қабілетін жетілдіретін спорттық жаттығулар негізінен жүйелі түрде орындалып отыруы қажет. Күш қабілетін жетілдіру кезінде денеге түсетін күш өте көп болмауы керек. Бұл оқушының жалпы өсуін кідіртеді. Күшті арттыратын спорттық жаттығулар оқушының шапшаңдық, күштілік, төзімділік қасиет-қабілеттерін дамытудың негізі болғандықтан, мұндай спорттық жаттығуларды үздіксіз және жеткілікті мөлшерде орындап отыру қажет.

Қазақтың ұлттық спорт өнерінің негізінде жасөспірімдерге патриоттық тәрбие беру қоғамның экономикалық мәдени, саяси және басқа да сұраныстарына жауап ретінде көрінеді, сондықтан да патриоттық тәрбие әлеуметтік организмге тән барлық толып жатқан компоненттер базасында патриоттық тәрбие қалыптасады [3].

Ал, қандай да болмасын жеке адам белгілі бір ұлт өкілі болғандықтан, оның генетикалық, әлеуметтік негіздерін этнопедогогика мен этнопсихология ғылымдары қарастырады. Жеке тұлғаның екі жоспарда талдану қажет, іс-әрекет жоспарында және оның дамуын көрсететін, тұлға сапасы мен қасиеттерінің өзгеру жоспарында. Тұлғаны әр түрлі іс-әрекет түрлеріне дайындау мақсатында оны жан-жақты дамытумен және оны қалыптастыру мәселесімен айналысатын болғандықтан, этнопедогогика үшін бұл бағыттың маңызы өте зор.

Бұл процесте тұлғаның, жасөспірімдердің ой-санасын тың мәліметтермен кемелдене түседі, сезімі ұшталып, бойында рухани қажеттенулер пайда болып, белгілі бір іс әрекетке итермелейді. Сондықтан жасөспірімдерді патриоттыққа тәрбиелеу барысында алдымен патриоттық білім беріп, патриоттық сана қалыптастыру, патриоттық сезімін оятып, патриоттық іс-әрекетке бейімдеу қажет [4].

Мұнда патриоттық сананы тұлғаның ішкі жан жүніесінің қозғалыстары деп қарастыратын болсақ, ол сезімнен және іс-әрекеттен көрініс береді. Педогогика, психология, фллософия, әлеуметтану т.б. ғылыми әдебиеттердегі патриотизмге қатысты ой-пікірлермен бірге, мерзімді басылымдардығы жеке-леген ғылымдардың мақалаларын зерделеу барысында біз жасөспірімдерді патриотизмге тәрбиелеудің бағыттарын нақтылау қажет екендігіне көз жеткіздік.

Психология ғылымы мен педогогика ғылымының өзара байланысында өмірдің тәрбиелік сұранысынан туындаған ауқымды бөлімі ол – педогогикалық, психологиялық ерекшелік. Патриоттық тәрбие проблемасын қарастыруда, педогогикалық, психологиялық ерекшеліктерді пайдалану жас-

өспірімдердің әлеуметтік мінез-құлықтарын жобалауға және патриоттық тәрбие беруді жетілдіруге бағытталып отыр [5].

Төлеубековтың пікірінше психологиялық, педогогикалық ерекшеліктер арқылы, жасөспірімдерді патриоттық сезімге тәрбиелеуде әрбір жас өреннің өзіне тән дербестік, психологиялық ерекшеліктерінің мәнін айқындау және қазіргі кездегі жағдайына баға беру, алдағы уақытта даму мүмкіншіліктерін жобалау, нақтылы ұсыныстар жасау болып табылады.

Патриоттық тәрбиенің танымдық, адамгершілік өлшемдері, оның бірлігі, жасөспірімдердің алған білімдеріне терең, жан-жақты қорытынды жасай білулеріне дағдыланып, өмірдің күрделі жағдайларына байланысты өзіндік өмірлік бағыттарын өздерінің таңдауына әсер етеді.

Талдау жұмыстарымызға қарағанда ұлттық спорт негіздерінде жасөспірімдерге патриоттық тәрбие беруге себепші болатын этнопедогогикалық білімдері мен ерекшеліктерін айқындағанымен оны қалыптастырудың бүгінгі уақыт талаптарына сай айқындау қажеттілік болып саналады.

Сонымен біз жоғарыдағы ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, жасөспірімдері патриотизмге тәрбиелеудің бір бағыты өзін-өзі Отанының патриоты болуға бейімдеу деп ұйғардық.

Осы орайда ұлттық өнерімізді жасөспірімдер арасында дамытып халқының спорттық күресін мадақтау, насихаттау, жетілдіру мақсатында жасөспірімдер арасында «Қазақ күрестен» көптеген жарыстар өткізілді. Бұл дегеніміз қазақтың ұлттық күресін жасөспірімдердің жалпы қазақстандықтардың ұлттық мақтанышына айналдыру.

Бабаларымыздан мирас етіп қалдырған ұлттық күрес өнерін жоғалтпай шымыр, батыр ұрпақ тәрбиелеу. Осы айтылғандардың барлығы жасөспірімдерді тәрбиелеуде ұлттық спорт өнерінде көп жылдар жиналған мұра ретінде пайдалану арқылы даярлықты қалыптастыру үшін өте маңызды деп есептейміз. Біз халқымыздың ұлттық спорт мұрасын пайдалану үлгісінде қазақ халқының дене шынықтыру мәдениетін әлеуметтік, тарихи шаруашылық өмір аясында қарауға талпыныс жасадық.

Сондықтан да дене шынықтырудың маңызы еңбек етудің мән мағынасымен өзара байланысты қазіргі таңда қарастырылды. Қазақ халқының дене шынықтыру дәстүрін жүйелеу жұмысы, оның әлеуметтік –мәдениеттанушылық және педогогикалық мән-мағыналарына жасалған талдау көрсетіп бергендей, олардың жасөспірімдерді дене шынықтыру саласында тәрбиелеудің қажеттілігіне жауап береді [6].

1. Вайцеховский С.М. Книга тренера. – М.: ФиС., 1971, - 312б

2. Байдосов Қ.Р., Қазақтың ұлттық күресі, // Алматы, 1987 32-58 ББ

3. Ахметова Ш. Қазақ халқының бала тәрбиелеудегі дәстүрі. -Алматы: Мектеп, 1966,-25 б.

4. Ашмарин Б.А. Теория и методика физического воспитания.-М.: ИП, 1990.-287с.

5. Бозжанова К.Б. Бала туралы сөз етсек.-Алматы: Мектеп,-1971,-71б.

6. Богданов О.С. Методика воспитательной работы в начальных классах. –М.: Просвещение, 1984.-207с.

Резюме

С.Х.Ерназаров – преподаватель кафедры ТиМППФКС КазНПУ им.Абая

Ш.Райымбергенов – студент 1-курса по специальности Физическая культура и спорт КазНПУ им.Абая

«Национальные подвижные игры используемые начальных классов»

В данной научной статье, дети оптимизированные с возрастом, был организован на физическом воспитании национальные игры. Основы национальной игры для всего образовательного процесса имеется педагогические навыки. Часть всего образовательного процесса входит воспитание, образование, единство природного процесса развития.

Ключевые слова: национальные игры, турнир конкуренции, патриотическое воспитание, педагогический процесс обучения, способность силы, наука этнопедагогике и этнопсихологии.

Summary

S.H.Ernazarov - Lecturer training teachers of physical culture and sports

Sh.Rayymbergenov - 1 student-course on Physical Culture and Sport Kazakh Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan.

«National mobile games used primary classes»

In this scientific article, children are optimized with age, it was organized by the physical education of the national game. Based on national games for the whole educational process has pedagogical skills. Part of the whole educational process includes training, education, unity of the natural process of development.

Key words: national sports, tournament competition, patriotic education, teaching learning process, the ability to force science etnopedagoiki and ethnic psychology.

ЕРІК-ЖІГЕР КҮШІ ЖӘНЕ ОНЫҢ СПОРТТАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

А.А.Абсатова – Абай атындағы ҚазҰПУ, магистр оқытушы

Қ.Б.Еген – Дене мәдениеті және спорт мамандығының 3-курс студенті

Мақалада спортшының жарыстағы жеңіске жетуіне әсер ететін ерік-жігер күші, оның түрлері, ұнамды және ұнамсыз еріктік қасиеттері келтіріліп, оны жетілдірудің жолдары анықталды. Сонымен қатар, психологиялық дайындық пен жаттықтыру жұмыстарында психологиялық ерекшеліктерді ескеру қажеттілігі мен ерік-жігер күші мен жүйке-бұлшықет қысымының деңгейі арасында тікелей байланыс айқындалды. Спортшының ерік-жігерін дамытуға көмектесетін спорт жаттығуларының күрделі тәсілін меңгеру, ерік күшін тудыру, шаршаумен ауруды бағындыру, өзін-өзі басқаруды сақтау, көңіл-күй жағдайын реттеу, қоршаған ортаның қолайсыз жағдайдағы жұмыс қабілетін сақтау және орнатылған күн тәртібін сақтау қажеттігі туралы баяндалады.

Тірек сөздер: спорт, спорт психологиясы, спортшы, жаттықтырушы, ерік-жігер.

Спорт әлемі ұлы және жан-жақты, бірақ барлық жағынан қарастыратын болсақ психологиялық ықпал үлкен себін тигізетініне көз жеткізе аламыз. Психологиялық білім жаттығу және жарыс үрдістерінің нәтижелелілігін арттыруға, спортқа өзін толық арнаған адамның өмірін – спорттық мансап жолындағы бірінші жетістіктен бастап осы саладағы соңғы жетістігіне дейін, содан кейін де жетілдіруге ықпал жасайды.

Спортшының жарыстағы жеңіске жетуіне *ерік-жігер* күшінің спорттық әрекетке қатысты күш-қуат ықпалы ретінде анықталады. Жарыстардың қиын жағдайларында спортшының тұрақтылығы оның ерік-жігер қасиеттерінің даму деңгейіне тәуелді екені анық.

Сондықтан да, спортшының іс-әрекетіндегі ерік-жігер күшін зерттеу, оны жетілдірудің жолдарын анықтау спорт психологиясындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Спорт – белгілі ережелер немесе дәстүрлерге сай көбінесе жарыс күйінде өтетін әрекет. Спорт жалпы алғанда физикалық өте маңызды болатын (жеңіске немесе жеңіліске әкелетін) әрекетті сипаттағанымен, ақыл-ой немесе құрал-жабдық сапасы да маңызды рөл атқаратын ерік-жігер күші спорт психологиясына қатысты айтылады. Адам баласы спорт арқылы денсаулығын жақсарту, моральді және затты қанағаттану, өзін-өзі дамыту үшін шұғылданады.


Кез-келген қолданбалы психологиялық пән сияқты спорт психологиясы да жалпы психологиядан бөлініп шыққан. Сонымен қатар оның дамуына спорт теориясы мен әдістемесі саласындағы зерттеушілер де үлесін қосқан. Бастапқыда спорт психологиясы сипаттаушы сала ретінде қалыптасқан.

Психологиялық дайындық пен жаттықтыру жұмыстарында психологиялық ерекшеліктерді ескеру қажеттілігі бастапқыдан айқындалған болатын, бірақ бұл алғашқы жекеленген зерттеулер нәтижесі еді. Зерттеу объектісі бір қырлы ғана болды. Яғни тек қана спортшы тұлғасы қарастырылатын. Спорт әрекетінің психологиялық ерекшеліктерінің теориялық талдануы және осы саладағы әдістемелік құралдардың қажеттілігі қомақты, тәжірибелік жетістіктерге қол жеткізілумен анықталып шартталды.

Еріктік әрекеттер табиғатын түсіну үшін бұл жөніндегі ғылыми көзқарастар өрісіне зер салған жөн. Ерік ұғым ретінде де, нақты болмыстық құбылыс ретінде де тарихи сипатқа ие. Ежелгі және орта ғасырлық дүние ерік құбылысын бүгінгі біздің түсінігіміздей танып білмеген. Мысалы, ежелгі қоғамда адам еркі жөнінде тіпті сөз болмаған, оның орнына «даналық мұраты» ұғымын қолданған. Адамның қылық әрекеттері табиғат пен өмірдің ақыл бастауларына және логика қағидаларына бағынады деп түсінген. Осыдан Аристотельдің пайымдауынша, әрқандай әрекет логикалық қортындылардан туындайды. Ал өзінің «Никомахов этикасы» еңбегінде «дәмдінің бәрін жеу керек» және «бұл алма дәмді» деген пікірлер санада «бұл алманы жеу керек» деген қорытынды ой пайда етпейді, адамды бірден сол алманы жеп қою әрекетіне келтіреді деп жазған. Ерік табиғатына болған мұндай көзқарас қазіргі күнде де жоқ емес.

Спорт психологиясының пәні бүгінгі таңда едәуір кең анықталады. Оған спорттық, сонымен қатар бапкерлердің жұмысының психологиялық ерекшеліктері және спортқа қатысты барлық мамандардың іс-әрекеті мен тұлғасы енеді. Қазіргі заманда спорт саласы жеке спортшыларды ғана емес сонымен қатар командаларды спорттық ұжымдарды, тіпті жанкүйерлерді де зерттейді. Спорт кәсіби іс-әрекет ретінде ерік-жігер күші және оның спорттағы маңыздылығын айта кетер болсақ, адам спорттық іс-әрекеттің субъектісі ретінде 4 категория ретінде сипатталады [1]:

1. ерік-жігер;
2. ойлау;
3. аффект (аффект түсінігі жүйелік амалды «эмоция» және «сезімдер» түсініктеріне қатысты тектік түсінік);
4. сезім.




Спорт іс-әректің субъектісін осындай қызметтік тұрғыдан сипаттаған орынды, өйткені іс-әрекетте спортшы өзін саналы әрекет етуші, мақсаттарға жетуге бағытталған субъект ретінде көрсетеді.

«Адам» жүйесінде субъектіге күш-қуат категориясы сәйкес келеді. «Іс-әрекет субъектісі» деген түсінікке кіші жүйедегі «ерік» түсінігі сәйкес келеді. Ерік, ерік-жігер – адамның өз мінез-құлқын саналы түрде меңгере алу қабілеті. Сонымен, ерік-жігер спорттық әрекетке қатысты күш-қуат ықпалы ретінде анықталады. Жарыстардың қиын жағдайларында спортшының тұрақтылығы оның ерік-жігер қасиеттерінің даму деңгейіне тәуелді.

Ерік-жігер күші мен жүйке-бұлшықет қысымының деңгейі арасында тікелей байланыс бар. Қимыл әрекетіне туындайтын күш, шапшаңдық, төзімділік, және басқа сапалардың көрінуі жоғары болған сайын ерік қысымы да соған лайық болуы тиіс. Сонымен дене шынықтыру мен спорт сабақтарының мінез-құлықтың ерік-күшін тудыру қажеттілігімен байланысынан құралады. Ерік-күш бұлшықет тәрізді қимыл барысы мен нәтижесінде, нысанды және субъективті қиындықтарды бағындыруда дамиды.

Мінездің ерік-жігерін дамытуға көмектесетін спорттағы қиындықтар спорт жаттығуларының күрделі тәсілін меңгеру, ерік күшін тудыру шаршаумен ауруды бағындыру, өзін-өзі басқаруды сақтау, көңіл-күй жағдайын реттеу, қоршаған ортаның қолайсыз жағдайдағы жұмыс қабілетін сақтау және орнатылған күн тәртібін сақтау қажеттігіне құрылған. Көп жағдайда бұл қиындықтардың барлығы спорт жарыстарында байқалады. Олар спортшының ерік сапасын негізгі дамыту құралдарының бірі болып табылады.



Ерік-жігер әрекеттерінің құрылымы күрделі. Ерік-жігер әрекеті еріктік әрекетке ұмтылыстан басталады, өзін қанағаттандыруды талап ететін қажеттілікті саналы түрде түсінуде және сондай қанағаттандыруда пайда болатын кедергілерді саналы түрде түсіну маңызды. Мұндай түсіну осы қажеттілікке сәйкес келетін эмоционалды күймен қатар жүреді [2].

Ерік сапалары мен қасиеттері адамның іс-әрекетінде қалыптастады. Әрбір адамның өзіне тән ерік сапалары бар: ұнамды және ұнамсыз.

Ерік-жігердің ұнамды қасиеттері:

- Ерлік – алға қойған мақсатына шексіз сенген, сол жолда ақтық демі біткенше бел байлаған, моральдық рухы жоғары адамның ғана қолынан келетін қасиет;

- Дербестік дегеніміз – адамның алға қойған мақсатын орындау жолында ешкімнің жетегінде кетпей, өз ойымен, сенім-қабілетімен әрекет етуі;
- Батылдық – өз шешімін ашық білдіруден байқалады;
- Табандылық – қабылдаған шешімді жүзеге асыру үшін ұзақ уақыт бойы шаршамай, қажымай, талмай әрекет етуден көрінетін қасиет;
- Ұстамдылық – адамның оқыс қимыл-қозғалыстан, орынсыз сөйлеуден, босқа күйіп-пісуден бойын тежей алу қабілеті [3].

Ерік-жігер күшінің қарама-қарсы ұнамсыз түрі – өзгенің сөзіне еріп, иланғыштығы.

Одан әрі әрекет мақсатын елестету маңызды болады. Мақсат жоқ болса, әрекет өзінің ырықтылығын жоғалтады, мақсатқа бағытталмаған болады. Содан кейін анықталған мақсатқа жетудің тәсілдері туралы түсінік болу қажет. Тәсілдер туралы анық көзқарас болмаса, еріктік әрекет жүзеге аспайды. Осы негізде бұл әрекетті жүзеге асыруға ниет пайда болады. Ол жоқ болса, әрекет, мақсат пен тәсілдері анық болғанына қарамастан, орындалмай қалады. Еріктік әрекеттерге саналы түрде шешім қабылдау тән.

Одан кейін еріктік күш салу керек, ол екіжақты көрінеді: жатқан әрекетке толық зейін аудару және өзін әрекетке жұмылдыру немесе кедергілер пайда болатын болса әрекеттен бас тарту. Кедергілерді жеңіп шығуға бағытталған еріктік күш салу үшін өмірлік сенімдер мен адамгершілік мінез-құлық ережелері маңызды.

Сонымен, ерік-жігердің күш-қуатының негізінде құндылықтар жатыр. Парыз сезімі, жауапкершілік, жағымсыз эмоцияларды бәсеңдете білу қабілеті, қорқыныш сезімін басу, бастаған ісін аяғына дейін жеткізу әдеті және басқа еріктің көріністері тәрбиелеу барысында қарастырылады.

Еріктік әрекет қабылдаған шешімді орындаумен аяқталады. Ю.А.Горбунов төрт түрлі спортшылардың еріктік белсенділігін зерттеген: боксшылар, акробаттар, коньки тебушілер, жеңіл атлетшілер. Зерттеушілер 18-25 жас аралығында 1 разряд спортшылары, спорт шеберлері болды, барлығы 114 адам. Спорт түріне тәуелсіз түрлі стильдегі дәл осы спорттық белсенділік адамның әр деңгейдегі сипаттамаларын біртұтас құрылымға келтіретіні анықталды [4].

Оқу-жаттықтыру сабақтары кезінде мінездің ерік сипатын қалыптастырудың басты құралы жүктеме болып табылады. Жаттығуды аталған спорт түрінен тәсіл мен тактиканы жетілдіруге бағытталған әдіс ретінде қарамай дене дайындығын қамтамасыз ететін және ерікті дамытатын әдіс ретінде қарау керек.

Ерікті басқару спорт сабақтарында дамыған, ол өмірдің басқа да жағдайларында еңбекте, оқуда т.б. көрінуден тұрады.

Дене шынықтыру мен спорт сабақтарында басқа да өмірдегі жағдайлардағыдай ерік сапалары өзара қарама-қарсы оң және теріс құбылыстар түрінде бейнеленеді батылдық пен қорқақтық, еріктің табандылығы мен әлсіздігі сенім мен күдік, шешімталдық пен шешімге келе алмау, ұстамдық пен асығыстық, т.б. шұғылданушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, мінездің күшті жақтарын туындатып бекітеді. Олай болмаған жағдайда дене шынықтыру мен спорт еріктің әлсіз жақтарын анықтап, бекіту құралы болады, сол арқылы мінез-құлықтың ерік сипатын қалыптастыруға кері әсер ететін ықпал болуы мүмкін.

«Еріктің шарты – өзіне сенгендік» деген мақал жолымен сөзімізді аяқтағымыз келеді.

Сонымен қорытындылай келетін болсақ спортта «Сезімдер мен ақыл-ойына қажымас ерікпен кісен салған ғана жоғары шыңдарға ғана жетеді» – осы сөз дәлел болмақ. Себебі, ерік-жігер күші спорттағы жоғары нәтиже көрсетуге жетелейді. Сонымен ерік-жігердің күш-қуатының негізінде құндылықтар: парыз сезімі, жауапкершілік, жағымсыз эмоцияларды бәсеңдете білу қабілеті, қорқыныш сезімін басу, бастаған істі аяғына дейін жеткізу әдеті және басқа еріктің көріністері әр спортшы бойында табылуы керек.

1. А.М.Ким, А.А.Қасымжанов, А.Т.Садықов, Қ.И.Жаркешев. *Спорт психологиясы. Алматы 2014ж.*

2. Жарықбаев Қ. *Психология. А., 1993.*

3. Жарықбаев Қ.Б. *Жан тану негіздері. Алматы, 2002*

4. *Интернет көздері*

Резюме

А.А.Абсатова - магистр, преподаватель КазНПУ им. Абая
К.Б.Еген – студент 3-курса по специальности Физическая культура и спорт
КазНПУ им.Абая Алматы, Казахстан
«Сила воли и его значение в спорте»

В статье рассмотрено качества спортсмена, которое влияет на достижение победы в соревнованиях, как сила воли, ее виды, положительные и отрицательные волевые качества, определены пути ее совершенствования. Также определена необходимость учета в подготовительной и тренировочной деятельности психологических особенностей и непосредственной связи между мышечной силой и уровнем нервно-мышечного давления. Указывается необходимость овладения сложными приемами спортивных тренировок, воспитания силы воли, преодоление усталости и боли, сохранения самоконтроля, регуляции самочувствия, поддержания работоспособности при неблагоприятных условиях окружающей среды и соблюдения установленного распорядка дня, помогающими развитию силы воли спортсмена.

Ключевые слова: спорт, спортивная психология, спортсмен, тренер, сила воли.

Summary

A.A.Absatova - master, teacher
K.B.Egen - 3-course student majoring Physical Culture and Sport
Kazakh Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan
«Willpower and its importance in the sport»

The article deals with the quality of an athlete, which affects the achievement of victory in the competition, as the will power, its kinds, positive and negative volitional qualities, identify ways to improve it. To determine the necessary account in the preparation and training activities, and psychological characteristics of a direct relationship between muscle strength and the level of the neuromuscular pressure. Indicates the need for mastering the advanced techniques of sports training, education willpower, overcoming fatigue and pain, self-preservation, regulation of health, maintenance of working capacity under adverse environmental conditions and compliance with the established daily routine, helps to develop willpower athlete.

Keywords: sport, sports psychology, athlete, coach, strength of will.

УДК: 37.01:055.25

ҚЫЗДАРДЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ГЕНДЕРЛІК ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

И.М.Құрманәлі – магистр оқытушы Абай атындағы ҚазҰПУ
А.Қ.Ахметжанова – магистрант ҚазМемҚызПУ

Мақалада қазіргі жаһандану үрдісіндегі ерлер мен әйелдердің қарым-қатынасындағы ерекшеліктерімен қатар олардың дүниені қабылдаудағы мәдени тәжірибелерінің өзгешеліктерін зерттеуді қажет етеді. Гендерлік қатынастардың жаңа парадигмасының пайда болуы, ерлер мен әйелдердің тең мүмкіншіліктерін туғызу, осыған орай гендерлік сана мен гендерлік қатынастардың жаңа үлгісін жасау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Осы ретте елімізде гендерлік индикаторлар әлеуметтік бағдаламаларға енгізіліп, гендерлік саясат мемлекеттік саясаттың негізгі бір бөліміне айналып отыр.

Тірек сөздер: адамгершілік, тәрбие, әлеуеттендіру, гендер, гендерлік саясат.

Қазіргі таңда жаһандану үрдісі ерлер мен әйелдердің қарым-қатынасындағы ерекшеліктерімен қатар олардың дүниені қабылдаудағы мәдени тәжірибелерінің өзгешеліктерін зерттеуді қажет етеді. Гендерлік қатынастардың жаңа парадигмасының пайда болуы, ерлер мен әйелдердің тең мүмкіншіліктерін туғызу – жаңа демократиялық Қазақстанның қалыптасуының жарқын көрінісі. Осыған орай гендерлік сана мен гендерлік қатынастардың жаңа үлгісін жасау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Осы ретте елімізде гендерлік индикаторлар әлеуметтік бағдаламаларға енгізіліп, гендерлік саясат мемлекеттік саясаттың негізгі бір бөліміне айналып отыр.

Жалпы халықаралық гендерлік тәжірибе мен стратегияларды зерттеу негізінде гендер ұғымы жеке даралықтан әлеуметтік-мәдени жеке саяси категорияға айналады. Қазақстанның халықаралық тәжірибеге қосқан үлесі, гендерлік саясат тұжырымдамасы мен гендерлік теңдікті дамыту стратегиясы негізінде гендерлік саясаттың ұлттық үлгісі жасалды [1].

«Гендер» термині (әлеуметтік жыныс, жыныс мәдениеттің өнімі ретінде) 1975 жылы ғана ғылымға жаңадан енгізіле бастады, ал «Гендер» түсінігі отандық ғылыми әдебиеттерде алғашқы рет 1992 жылы «Женщины и социальная политика» атты мақалалар жинағында кездесті. Ол жерде ерлер мен әйелдер өмірінің әлеуметтік – мәдени ерекшеліктерін және әлеуметтік қатынастар анализінің жаңа ғылыми парадигмасын құруын; әлеуметтік трансформациялық шартта әлеуметтік жыныстық қатынастардың өзгерісін қоса; қоғамдық өмірдегі гендерлік ассиметрияны шығаруға бағытталған ғылыми зерттеулерді жүргізуге стимулдау жағынан көрініс алды.

Ағылшын тілінен аударғанда "Gender" - «тек, жыныс (еркек, әйел)» деген мағынаны білдіреді. Ген - тұқым, генетика – тұқымның өнуімен ағзаның өзгерісін зерттейтін ғылым болып табылады. Ерлер мен әйелдердің мінез-құлқын, сондай-ақ, олардың арасындағы әлеуметтік өзара қарым-қатынасты айқындайтын, олардың әлеуметтік және мәдени нормалары мен рөлдерінің жиынтығы. Жыныс ерлер мен әйелдер арасындағы биологиялық сипаттағы айырмашылықты білдірсе, гендер олардың арасындағы әлеуметтік ерекшеліктерді қарастырады.

Гендер - бұл практикада көрінетін ерлер мен әйелдердің өзара әрекетінің күнделікті әлемі, сонымен қатар одан бас тартуға мүмкін емес әлеуметтік тәртіптің жүйелік мінездемесі, ол бірыңғай әрекет құрылымда қайта жаңғырып отырады. Егер гендердің әлеуметтік өндірісі зерттеудің пәні болса, әдетте гендер әлеуметтену институты арқылы еңбекті бөлу, мәдениет арқылы гендерлік стратификация және теңсіздік арқылы құрылып қарастырылады. Яғни, гендер тап ішіндегі бір нысанға не индивидке сол тап ішіндегі ұстанымды, сондай-ақ қалыптасқан таптардың басқаларға қатысты ұстанымын белгілейді және бекітеді. Егер кең мағынада гендер туралы айтар болсақ, бұл терминге күрделі жүйе енеді, бұл мағынада аталған термин әйелдер мен ерлер мінез-құлқының әр түрлі сипаттамасының, өмір сүру стилі мен ойлауын, нормалары мен өмірлік мақсаттарын және т.б. бейнесінің тұтас жүйесін ашып көрсететін жыныстың әлеуметтік мәдени құрылымын білдіреді. Соған сәйкес, гендер әлеуметтендіру өнімі, сонымен бірге биологиялық жыныс дегеніміз – даму нәтижесі. Жыныстың әлеуметтік мәдени құрылымы ретінде бұл термин әйелдер зерттеулерінде қолданыла бастады. Дегенмен, біздің халқымыз ер-азаматты шаңырақ иесі десе, әйел-ананы отбасының алтын қазығы деп бағалаған. Ерлі-зайыпты адамдарға арнап айтылған осы бір тамаша теңеу өмірдің бай тәжірибесінен шыққан.

Әлеуметтену дегеніміз бұл – тәрбие және өзін-өзі тәрбиелеу, оқу, білімді меңгеру, түрлі дағдыларды, біліктілікті игеру, рухани баю, даму және өсу. Әлеуметтенуден өтпеген адам, жабайы адамға, жануарға айналады. Кез-келген адам оны ата-анасы қалай тәрбиелесе, сондай болып өсетіні даусыз, сондықтан бала тәрбиесіне ата-ана жауапты [2].

Қазақ халқының мақал-мәтелдері халқымыздың тыныс-тіршілігінің барлық жақтарын қамти отырып, адамгершілік, имандылық, ақыл-ой, еңбек, дене, эстетикалық тәрбиелердің мазмұнын, тәрбие мақсатын, әдіс-тәсілдерін, амал-жолдарын ашып көрсететін сөз мәйегі. Мәселен, қыз балаға қатысты:

«Қыз өссе елдің көркі,

Гүл өссе жердің көркі», -

деп, қыз баланың әдемі гүлдей жайнап өскенін қаласа, «Қыздың жинаған жүгіндей»-деп, қыз баланы ұқыптылыққа тәрбиелеген. «Қызға қырық үйден тыю» дейді, бұл жерде қыз балаға сыншы көп екенін, қыз бала өз орнын біліп сыпайы, тәрбиелі болып өсуін меңзейді. «Анаға қарап қыз өсер, әкеге қарап ұл өсер» немесе «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деп бала тәрбиесінің отбасынан басталатынын анық көрсетеді. Сонымен қатар, «Біреуге ор қазба, өзің түсесін» деп басқаға жамандық жасаудан сақтандырады [3].

Адамның адамгершілік дамуында ұрпақтан ұрпаққа көшкен, дамыған, толықтырылған, адамдардың бірлесіп өмір сүру үдерісінде жасалған адамгершілік нормаларын игерудің елеулі маңызы бар. Адамгершілік баланың жеке тұлға болып қалыптасуының рухани арқауы, қасиеттердің ішіндегі құндылықтардың бірі болып саналатын ізеттілік оның басты белгілері кішіпейілділік, қайырымдылық адамжандылық бала мектепке дейінгі кезеңнен-ақ не жаман, не жақсы деген ұғымдарды салыстыра отырып, адамгершілік туралы түсініктерін кеңейтеді.

Қазақ халқының мақал-мәтелдерінде, аңыз-әңгімелерінде балалар түсінігіне сай қайырымдылық, кішіпейілділік, адамжандылық, ізгілік мазмұнда берілген бай мұра сақталған.

«Адамның ұяты бетінде, адамгершілігі ниетінде».

«Жасанды кішіпейілділік- жақсы қасиет емес» (Абай Құнанбаев).

«Ата-ана қадірін білмеген, халықтың қадірін біле алмас. Халықтың қадірін білмеген ата-ана қадірін біле алмас», - деген Ғ.Мұстафин.

Міне, осындай халық дәстүріндегі жинақталған тәрбиелік үлгі-өнеге, салт-дәстүр, бүгінгі күнде адамгершілік, имандылық табиғи талаптармен сабақтасып жүргізілуі тиіс.

Бүгінгі күні әйелдер қоғамымыздың барлық салаларында да, белсенділік танытуда. Олар қандай қызмет атқарса да, аналық құқығын гүлдендіре отырып, үлкен жауапкершілік пен сенімділіктің, жоғарғы кәсібиліктің үлгісін көрсетіп, уақыт көшінен қалмай, болашаққа деген сенімнің зор ұйытқысы болуда [4].

Қыз баланы тәрбиелей отырып, «Бір ананы тәрбиелеу – бір ұлтты тәрбиелеумен бірдей» дегендей бүкіл халықты тәрбиелейтініміз анық.

1. Беркімбаева Ш.К., Қожахметова К.Ж., Гендерлік білім: теориясы мен тәжірибесі. Алматы, 2010.
2. «Гендер туралы түсінік». Ж.Н. Сәрсенова. – Алматы, 2010ж.
3. Үдербаева Б. Әдеп-ғұрып сабағы. Қазақстан мектебі. 2010. 9,10.51-52 бет.
4. Тайжанов А. Халық педагогикамен ұлттық тәрбие. А., Ақиқат. 2011ж. №8.

Резюме

И.М.Курманали - магистр, преподаватель КазНПУ им. Абая

А.К.Ахметжанова – магистрант КазГосЖенПУ Алматы, Казахстан

«Педагогические условия нравственного воспитания девочек на основе гендерной социализации»

В данной статье рассматриваются особенности отношений между мужчинами и женщинами в процессе глобализации и уникальности их восприятия мира и культурных практик.

Ключевые слова: нравственность, воспитания, социализация, гендер, гендерная политика.

Summary

I.M.Kurmanali - master, teacher Kazakh Pedagogical University named after Abai

A.K.Akhmetzhanova - Kazakh state women's teacher training university, master student, Almaty, Kazakhstan.

«Pedagogical conditions of moral education of the girls on the basis of gender socialization»

This article discusses the features of the relationship between men and women in the globalization process and their unique perception of the world and cultural practices.

Keywords: morality, education, socialization, gender, gender policy.